

Руслан Қамбар

ҮЙЛЕНБЕЙ ТҰРЫП ҮЙРЕН

Алматы, 2021

ӘОЖ 159.9

КБЖ 88.3

Қ 31

***ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі
Дін істері комитетінің дінтану сараптамасының оң
Қорытындысы берілген
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының дінтану
сараптамасының оң Қорытындысы берілген***

Руслан Қамбар

Қ 31 Үйленбей тұрып үйрен – Алматы: «Самға» баспасы, 2021. – 192
бет.

ISBN 978-601-7629-60-1

Кітапта ерлі-зайыптылар қарым-қатынасына байланысты ислам дерекөздерімен қатар отбасылық кеңесші мамандар тәжірибесі қамтылған. 30-ға жуық отбасылық мәселелер мен шешімдері жинақталған. Кітап көпшілік оқырманға арналады.

ӘОЖ 159.9

КБЖ 88.3

ISBN 978-601-7629-60-1

© Руслан Қамбар, 2021

© «Самға» баспасы, 2021

АЛҒЫ СӨЗ

Жастар отбасылық өмірін мешітте неке қидырып, бата алудан бастайды. Әдетте құда түсу, сырға салу және үйлену тойы дастарқан басындағы ойын-сауық түрінде өтеді. Қыз ұзатып келін түсіріп құда боп ізгі тілектерін жаудырып жатады. Жас жұбайларға асыл дініміз бен салт-дәстүріміздегі отбасы құндылықтары айтылуы қажет-ақ. Неке қию барысында бақыттан басы айналған жастар да, құдаларын күтіп Әуре-сарсаңға түскен ата-ана да кеңеске құлақ түруге мұршасы бола бермейді. Асығыс келіп, асығыс кетеді. Мұндайда жастарға ақыл-кеңес айту да мүмкін емес. Оның үстіне мешітке неке қидыруға келген жастардың асыл дініміз бекіткен қарапайым отбасылық міндеттерді білмейтінін де көп байқаймыз. Осы мәселені шешу мақсатында некенің мән-мағынасы, жар таңдау, ерлі-зайыптылар құқығы мен міндеті, шымылдық әдебі және отбасылық өмірге қатысты хадистер сияқты қысқаша тақырыптарды қамтыған «Неке кітапшасын» әзірлеп шығардық. Бұл да жеткіліксіз көрінді. Отбасын құруға ниетті жастарды неке қиюдан бір жұма алдын арнайы мешітке шақырып, семинар форматында кездесулер де өткізе бастадық. Алайда бұл семинарларға неке қиюға ниетті жастардың барлығы келе бермейтіні тағы бар.

Үйлену оңай, үй болу қиын дегендей мешітке отбасылық мәселемен кеңес сұрап келетін ерлі-зайыптылар да көп. Қала берді, әдетте, барлығы ушыққан кезде келеді. Бір кездесуде жұбайлардың проблемасын шешу мүмкін емес. Мұндай күрделі мәселе кем дегенде екі жұма уақытты қажет етеді. Шаңырағы шайқалған әр жұп имамдардан кеңес алмайтыны тағы бар. Өкініштісі, жастар отбасылық өмірге дайындық жасамайды. Үйлену тойы барысының әр минутын пысықтап талқылайтын болашақ ерлі-зайыптылар өз жоспарына жақсы күйеу (әйел) болуды үйрену дегенді енгізбейді. Отбасылық кикілжіңнің көпшілігі осы дайындықсыз үйленуден болып жатады.

Осы жайттарды назарға ала отырып, Қолыңыздағы кітапты ұсынуды жөн көрдік. Бұл кітапты жазу барысында бірқатар дін ғалымдары мен отбасы қарым-қатынасы бойынша кеңесші мамандардың еңбектерін қарастырып шықтық. Сонымен қатар, он бес жыл имамдық қызметте жинақтаған тәжірибемізді негізге алдық. Мамандардың отбасы мәселелерінде қатысты құнды кеңестерін ұсынғымыз келді. Жас отбасы және шаңырақ көтеремін деген жастарға бұл кеңестер пайдасын тигізеді деген сенімдеміз.

Руслан ҚАМБАР

I. БӨЛІМ

ДАЙЫН БОЛМАСАҢ ҮЙЛЕНБЕ!

Хадисте: *«Пенде үйленсе, дінінің тең жартысы кемелдене түседі. Қалған жартысына сақ болсын»*, – делінген. Бұл риуаят Байһақи еңбегінде сахаба Әнас бин Маликтен жеткен. Хадисте шаңырақ көтерумен адам дінінің елу пайызы толыға түсетіні айтылуда. Ал енді екінші жартысы – тақуалық. Үйлену – діннің жартысы екен. Парыздардың тізімін жасап көріңіз. Исламдағы құлшылықтарға зер салайық. Намаз, ораза, қажылық, зекет, ата-анаға жақсылық жасау тағысын тағы. Демек, үйлену осы құлшылықтардың тең жартысына пара-пар. Бұл құлшылықтардың физиологиялық ауырлығы мен психологиялық жауапкершілігін бағамдайық. Ендеше, үйлену оңай, үй болу қиын деген осы. Екі жарты бір бүтін болып өмір сүруге дайындық осылай жүзеге асады. Отбасылық өмір ерлікке пара-пар. Еркекке салса, ораза тұтып, намаз оқу әйелінің мінезіне төзуден әлдеқайда жеңіл. Алайда нағыз ер азамат әйелді мейірімділікпен жеңу тәсілін қолдануы қажет.

Жар таңдауда жастарға ортақ жалғыз проблема бар. Ол – кітаптағы мінезі жібектей мінсіз ару туралы қиялмен өмір сүру. Осындай қиялмен қарапайым қызға үйленген жан әйелінің «еркелігін» кешірілмес қателікке балайды. Соның салдырынан ара-кідік ажырасам деген ой мазалайды. Адамзаттың асыл тәжі Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шаңырағында да жұбайлары мінез көрсеткен. Тікенсіз гүл бола ма? Қала берсе, тікені жоқ гүл ұсқынсыз көрінеді емес пе?

Отбасылық өмір театр қойылымы емес. Жоспарланған жүйе бойынша жүрмейтінін түсіну керек. Әрі бұған дайын болған жөн. Сонда ғана өмірлік жолдасының әдеттеріне қателік деп қараудан арылады. Қателесу әр адамға тән құбылыс. Бұл заңдылық. Бақытты

отбасының құпиясы да осында жатыр. Жұбайлар мұны неғұрлым ерте түсінсе, шаңырақтарына тыныштық пен берекет соғұрлым ертерек ұялайды. Демек, үйлену діннің тең жартысы деп айтылуының сыры осы.

Жұбайлық Өмір жайлы Құранда

Қасиетті Құранда:

وَمِنْ آيَاتِهِ أَنْ خَلَقَ لَكُمْ مِنْ أَنْفُسِكُمْ أَزْوَاجًا لِتَسْكُنُوا إِلَيْهَا
وَجَعَلَ بَيْنَكُمْ مَوَدَّةً وَرَحْمَةً إِنَّ فِي ذَلِكَ لَآيَاتٍ لِقَوْمٍ يَعْلَمُونَ

«Әрі сендердің тыныштық тауып орнығуларың үшін Өздеріңнен жұбайлар жаратуы және араларыңда махаббат пен мейірім пайда етуі де – Оның белгілерінен. Ақиқатында мұнда ойланып, ақылға салатын адамдар үшін ғибраттар бар¹», – дейді. Екі қасиет – махаббат пен мейірімділік. Жұбайлар арасын мықтап ұстайтын дәнекер. Ғалымдар: Жұбайлар қарым-қатынасына жастық шақта – махаббат, ал қартайған кезде – мейірімділік қуат береді, – дейді. Әйел күйеуінен, ер азамат жұбайынан тыныштық табады. Міне, осы орталарындағы берік байланысты Құран:

¹ «Рум» сүресі, 21-аят

هُنَّ لِبَاسٌ لَكُمْ وَأَنْتُمْ لِبَاسٌ لَهُنَّ

«...Олар – сендер үшін киім, сендер де – олар үшін киімсіңдер...²», – деп меңзеуде. Әйел күйеуінің жан рақаты үшін жаратылған. Әрине, әйел де үй шаруасына жалданған тазалықшы немесе аспаз емес. Табиғатынан әлсіз де нәзік жан еркектің қамалдай қорғанына мұқтаж. Еркек болса күйбең тіршіліктен шаршап шаңырағының босағасын аттаған сәттен тыныштық сезінуі үшін әйел керек. Демек, бір-біріне деген тылсым тартылыс күш жаратылысында бар болмысы. Қасиетті Құранда:

² «Бақара» сүресі, 187-аят

نَسَاؤُكُمْ حَرْثٌ لَكُمْ فَأْتُوا حَرْثَكُمْ أَنْ يَشِئْتُمْ وَقَدِّمُوا
لِأَنْفُسِكُمْ وَاتَّقُوا اللَّهَ وَاعْلَمُوا أَنَّكُمْ مُلَاقُوهُ وَبَشِّرِ الْمُؤْمِنِينَ

«Әйелдерің – сендер үшін егіндіктерің. Егіндіктеріңе өздерің қалаған түрде келіңдер. Өздерің үшін әзірлеңдер және тақуалық

етіңдер Әрі Оған кездесетіңдеріңді біліңдер. Имандыларды сүйіншіле³», – делінген.

³ «Бақара» сүресі, 223-аят

Шейх Шафрауи аяттағы **«Өздерің үшін әзірлеңдер»** деген сөзді: өзіңе тыныштық пен рақат беретін дүниені ұсын. Жұбайыңмен оңаша қалғанда әзіреті Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үйреткен «Аллаһумма жаннибни шайтана уа жаннибиш шайтан ма разақтана» дұғасын ұмытпа. Жұбайың құрсақ көтерсе, нәрестеге шайтан жуымайды. Себебі дән еккен кезде Жаратушыңды ұмытпағандықтан өніп шығатын өсімдікті мәңгі қорған аясына еккен болып табылады. Жұбайлар оңашада зікір етпесе, дүниеге келетін перзент шайтанның оңай олжасына айналады. **«Өздерің үшін әзірлеңдер»** дегені өмірлеріңе жететіндей, бұл жалғандағы амалдарың қаншаға дейін созылса сол шамада әзірлеңдер дегені. Міне, сонда Алланы тілмен зікір етіп, туған перзентің ертең есейгенде саған дұға етеді. Сонымен бірге, перзентің өз баласына саған, яғни ата-бабасына дұға етуді үйретеді. Осылайша ұрпақ сабақтастығы қияметке дейін үзілмей жалғасын таппақ⁴, – дейді. Қасиетті Құранда:

⁴ Тафсир Шафрауи

وَكَيْفَ تَأْخُذُونَهُ وَقَدْ أَفْضَىٰ بَعْضُكُم مِّنْ كُفْرٍ إِلَىٰ بَعْضٍ وَأَخَذَنَّ مِنْكُمْ
مِيثَاقًا غَلِيظًا

«Оны қалай аласыңдар? Ақиқатында, сендер бір-біріңе қосылып Әрі олар сендерден қатаң серт алған еді⁵», – делінген. Бұл аятта «Қосылу» етістігі белгілі бір мағынамен шектеліп тұрған жоқ. Етістік кең мағынада қолданылады. Бұл тек тәннің ауқымында ғана емес. Барлық сезім мен түйсікті қамтиды. Әрбір сезім сәті – қосылу, жанарларының тоғысуы – қосылу, саусақтарының ұшы тисе де – қосылу. Тіпті қиыншылықты бірге еңсеру, үміті мен армандарының бір болуы да – қосылу.

⁵ «Ниса» сүресі, 21-аят

Құран Қағидасы

Құран Кәрімде: «...Әрі құпталған олардың (Әйелдердің) міндеттері секілді, тиісті құқықтары да бар...⁶» – делінген. Әйелге күйеуінің алдындағы міндеттеріне аса маңыздылықпен қарауы қажет. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Мен адам баласының біреуге сәжде етуін әмір етпеймін. Бұйырар болсам, әйелдің күйеуіне сәжде етуін бұйырған болар едім⁷»,* – деген. Күйеуінің көңілін тауып, разы ету әйелдің қолынан келетін іс. Әрине, әйелдің мұндай әрекеттері тектен-тек зая кетпейді. Күйеуінің разылығын табуды ниет еткен әйел жайлы: *«Әйел бес уақыт намазын оқыса, рамазан оразасын тұтса, ар-намысын сақтаса және күйеуіне бойұсынса оған: Жәннатқа қалаған қақпасынан кір, – деп жар салынады⁸»,* – дейді. Тағы бір хадисте: *«Жәннат әйелдері жайлы айтайын ба, ол күйеуін жақсы көретін, көп бала табатын және кешірімді. Күйеуінен бір жәбір көрсе: қолыңның үстіне қолым, сен разы болмайынша көз ілмеймін, – дейді⁹»,* – деген.

⁶ «Бақара» сүресі, 228-аят

⁷ Ибн Мажа, 3490

⁸ Сахих Жамиғ, 660

⁹ Сахих Жамиғ, 2604

Пайғамбарымыздың
(оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын)
шаңырағындағы махаббат

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шаңырағындағы өмірін жұбайларының естелігінен оқып білеміз. Айша (Алла оған разы болсын) анамыз ардақты жолдасы жайлы сыр шертіп: «Етеккір кезім. Су ішіп, кесені ол кісіге ұзататынмын. Ол да менің ернім тиген жерден су ішетін. Сүйекті мүжіп ұсынатынмын. Ол кісі менің тісім тиген жерінен жейтін¹⁰», – дейді. Міне, мұны көңіл дейді. Бұл ешбір жауһарға сатып алынбайтын жұбайлар арасындағы жылулық. Жолдасының жылы сөзі мен қамқорлығы әйел үшін әлемнің қазынасынан да артық. Шаңыраққа береке табыспен емес, жұбайлардың өзара бір-біріне деген мейірімі һәм жылуымен кіреді. Хадиске қайта оралсақ, етеккір күндері басқаша айтқанда күйеуіне аса ұнамайтын уақытта жұбайына ерекше жұмсақ болуы сіз бен бізге үлгі. Бір кісі: «Мен ол күндері өз бөлмемде, әйелім өз төсегінде жатады, – депті. Басқа сөзбен айтқанда керек кезде бірге жатам. Етеккір күндері әйеліме көңіл бөлуге уақыт жоқ дегені ғой.

¹⁰ Муслим

Енді мына бір хадиске қараңыз. Айша (Алла оған разы болсын) анамыз әңгімелейді: «Менің етеккір күндерімде Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) басын тіземе қойып, Құран оқып жататын¹¹». Тағы бір риуаятта: «Мен етеккір болып, Алла Елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шашын тарайтынмын¹²», – дейді. Бұл бір жағынан таза емес күндері әйелінің жанында Құран не намаз оқуға ешнәрсе кедергі еместігін көрсетеді. Екінші жағынан жұбайлық өмірдегі бір-біріне деген ыстық пейілді білдірсе керек. Ардақты Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әйелдеріне ерекше ілтипатты еді. Әзіреті Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз қолымен ас беріп, мүбәрак қолымен сусын ұсынатын. Алайда, бұл жұбайына бірауыз жылы сөзін қимайтын еркек санасына сыймайтын дүние. Десе де,

таңғалатын жайт емес. Өйткені Қадірлі Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Сағд бин Әбу Уаққасқа (Алла оған разы болсын): *«Сен әрбір жұмсаған нәпақаң үшін сауап иеленесің. Тіпті әйеліңнің аузына салған бір түйір ас үшін де»*, – деген. Әрине, бұл бір түйір ас жұбайлық сезіммен дәмді болса керек.

¹¹ Ибн Мажә 523

¹² Бұхари

Пайғамбарымыз
(оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын)
отбасында Қандай еді?

Бөрі азығы мен ер азығы жолда демекші, еркек көп уақытын түзде өткізеді. Есіл-дерті бала-шағаның қарнын тоқ, көйлегін көк ету. Өйткені, отбасын асырау ер азаматтың иығындағы міндет. Десе де, отбасына көңіл бөлу – негізгі міндеттерінің бірі екенін ұмытпауы қажет. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамзатқа асыл дін тәлімдерін үйретуге жіберілген. Күн-түн демей иләһи қызметін жүргізді. Мұндайда шаршап-шалдығуы заңдылық. Темір де тозады. Десе де, мұнан оның (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үй-іші отағасының жылуы мен мейірімінен мақұрым қалған жоқ. Керісінше, пайғамбарлықтың ауыр жүгіне қарамай отбасына тиісті уақыт бөлетін. Айша (Алла оған разы болсын) анамыз: «Үйде Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) немен айналысушы еді?» – деген сұраққа: «Отбасына жәрдемдесетін. Намаз уақыты кірсе, мешітке кететін¹³», – деген екен. Тағы бір деректе: «Киімін жамап, кебісін тігуші еді», – делінген.

¹³ Бұхари

Еркек түздің, әйел үйдің адамы. Бұл жазылмаған табиғат заңы. Десе де, үй шаруасына қарайласу еркектің ар-намысына дақ емес. Жалған намыспен ата-бабамыз олай етпеген деп үркіміз. Нағыз ердің ері Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) болатын. «Мықтымын» дегеннің барлығы одан өнеге алады. Күнделікті көмектесу міндет емес. Қала берсе, әйел де күйеуінен мұны талап етпейді. Ең бастысы, екі жарты бір бүтін болып бір-біріне демеу болу. Әйелдің үй шаруасы басынан асып жатқанда күйеуі жәрдем берсе, ешнәрсе жоғалтпайды. Керісінше, орталарындағы сезімнің нығаяуына, бір-біріне деген құрметі арта түсуіне септігі тиеді. Әрине, шаршап-шалдықса да «Әйелдің қырық жаны бар» деп көз жұмып жатамыз. Біз сонда кімді үлгі етіп айтудамыз? Әлде

Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үлгі алуға намыстанамыз ба?

Әбу Бәкір (Алла оған разы болсын) Мина күндері Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шаңырағына кіріп келеді. Айшаның (Алла оған разы болсын) жанында екі қыз дабыл саз аспапты ұрып, ойын-сауық құрып жатады. Ал Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) киіміне қымтанып отырған болатын. Әбу Бәкір (Алла оған разы болсын) екі қызды тыймақ болып еді, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Әй, Әбу Бәкір! Бұл мереке күндері ғой», – деп араға түсті. Күнделікті тіршілік һәм отбасын бағудан бөлек жеке өмір де назардан тыс қалмауы қажет. Табиғат аясына немесе саябаққа серуенге шығу сияқты бала-шағамен бірге уақыт өткізу аса маңызды.

Айша (Алла оған разы болсын) анамыз естелігінен. Хадиша (Алла оған разы болсын) анамыздың сіңлісі Халә есік қағып рұқсат сұрады. Хадишаның (Алла оған разы болсын) даусын естігендей болып, қуанып: «*Уа, Алла! Хуайлидқызы Халә ғой*», – деп Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ішке кіргізді. Мен қызғанып қалдым. Құрайыштың осы бір қаусаған әйелі, дүние салғаны қай заман. Алла одан жақсысын берген жоқ па! – дедім ішімнен. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) марқұм жұбайының құрметіне сіңлісіне ерекше қонақжайлық көрсететін.

Айша (Алла оған разы болсын) анамыз: «*Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қой сойса, «Хадишаның құрбыларына да апарып беріңдер*», – дейтін. Бір күні ашуландым да: «*Хадиша?!*» – дедім. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Мен оның махаббатын көрдім¹⁴*» – деді», – деген екен.

¹⁴ Муслим

Бір күні Айша (Алла оған разы болсын) анамыздың үйіне келгенде: «*Айиш! Рұқсат бер, мен бүгін құлшылық жасағым келіп тұр*», – деп түнді ғибадатпен өткізуді қалайтынын білдірді. Айша (Алла оған разы болсын) анамыз: «Сізге жақын болуды, сізді риза етуді

Қалаймын», – деп үнемі Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қалауын орындауды құп көретінін білдіретін. Мұнан соң, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) орнынан тұрып, дәретін алып құлшылыққа кіріскен екен¹⁵.

¹⁵ Сахих Тарғиб 1468

Еркек – шаңырақтың қожайыны. Жақсы қожайын ретінде жұбайының да, бала-шағасының да жан дүниесінде не болып жатқанын біліп жүруі ләзім. Өйтпейінше, аяқ асты орын алған кикілжіңнің төркінін түсінбей дал болады. Әдетте, себепсіз жанжалдың артында көптен жиналған жан айқайы жатады. Еркек мұны кенеттен әрі жөнсіз жанжал деп қабылдауы әбден мүмкін. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жұбайына: *«Сенің риза болып тұрғаныңды да, ашуланғаныңды да біліп қоямын»*, – дейді. Оны қалай білесіз? – дегенде Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Риза боп тұрсаң, «Мұхаммедтің Раббысымен ант етемін», – дейсің. Ашуланып тұрсаң: «Ибраһимнің Раббысымен ант етемін», – дейсің»*, – деп жауап береді. Бұған Айша (Алла оған разы болсын) анамыз: *«Рас айтасыз, мен сізден тек есіміңізді айтпай алшақтаймын¹⁶»*, – деген екен. Ия, Айша (Алла оған разы болсын) анамыз ренжісе де Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жанынан бір елі ажырамайтын. Көңілдегі назын есімін айтпаумен ғана білдіретін. Екі дүние сұлтанын идеал деп білген еркек жұбайымен ренжіскенде есікті сыртынан тарс жауып, бір-екі жұмаға қаңғырып кетпеуі қажет.

¹⁶ Бұхари

Мұсылмандар анасы Сафия (Алла оған разы болсын) жайлы естелік. Сафия хақында Хафса (Алла оған разы болсын) анамыз: *«Ол – яһуди»*, – дейді. Мұны естіген Сафия (Алла оған разы болсын) жылап қалады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) босағадан кіргенде Сафия (Алла оған разы болсын) анамыз осы күйде еді. *«Неге жылап отырсың?»* деп хал-жағдайын сұрағанда: *«Хафса мені «яһуди әйел», – деп бөтенсітіп жатыр»*, – деп

назын айтады. Сонда, Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Сен пайғамбардың қызысың, немере ағаң да пайғамбар және пайғамбардың жұбайысың. Олар сенен несімен артықпыз деп мақтанады?»* – деп жұбатады. Сосын: – *Ей, Хафса, Алладан қорық!* – деп, бұдан былай ондай сөзге жол бермеуін ескерткен екен.

Айша (Алла оған разы болсын) анамыздың әңгімесінен: Менің жас кезім. Пайғамбармен бірге сапарда болдық. Ол кезде денем (салмағым) жеңіл болатын. Расул Алла жолдастарына: *«Ілгерілеп жүре беріңдер»*, – деді. Олар алға түсіп кетіп қалды. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) маған: *«Кел, жүгіріп жарысайық»*, – деді. Біз жарысып, мен озып кеттім. Арада біраз жыл өткен. Мен салмақ қосқан кезім. Жолаушылап, сапарда келе жатқанбыз. Сахабаларға: сендер алға түсіп, жүре беріңдер, – деді. Олар ілгерілеп кетіп қалды. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) маған: *«Кел, жарысайық»*, – деді. Мен әуелгі жарысты ұмытып кеткен болатынмын. Уа, Расулалла! Мына түріммен қалай жарысамын, – дедім. Пайғамбар: *«Жарысасың»*, – деді де, жарыса кеттік. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) озып шықты да: *«Міне, бұл ана жолғы жарыстың есесі»*, – деп күлді.

Сахабалардың жарлары

Әбу Бәкір (Алла оған разы болсын) төсек тартып жатып қалған. Соңғы күндері жақындарымен қош айтысып, өзін жұбайы Ғұмайсқызы Асмә жуындыруын өсиет етті. Кісілердің бірі: «Неге, біз жусақ қайтеді?» – дегендей сұрап еді: «Ол менің жүрегіме жақын», – деді. Соңғы күндері Әбу Бәкір (Алла оған разы болсын) төсекте, ал жұбайы аузы берік ораза. Жұбайына жаны ашып, жаназа шаруасымен жүргенде әлсіреп қалады деп уайымдады. Бұл Әбу Бәкірдің (Алла оған разы болсын) әйеліне деген мейірімі. Сыддық (Алла оған разы болсын) бақилық болғанда жұбайы оразасын ашқан екен. Ал, бұл әйелінің оған бойұсынуының ғажап бір үлгісі еді. Жолдасы дүниеден озғаннан кейін де оның көңіліне ұнайтын амал жасауда. Кешегі әжелеріміз осы жолды ұстанды. Бүгінгі келіншектер де сол сара жолдың ізін жалғаса екен деген игі тілек.

Әли (Алла оған разы болсын) үйіне кіріп келсе, жұбайы Фатима (Алла оған разы болсын) оның мисуагімен тісін тазалап тұрған екен. Сонда шайқастың да, шешендіктің де батыры Әли (Алла оған разы болсын):

– Ей, арак мисуагы оның тісіне тию саған нәсіп болыпты,

Сені мен көріп қояды деп қорықпадың ба?!

Жауынгер болсаң сенімен шайқасар ем,

Сенен басқа оны ешкім менен тартып ала алмайды, – деген мағынада екі жол өлеңді шумақтата жөнелген екен.

Әли (Алла оған разы болсын) Фатимаға (Алла оған разы болсын) деген ыстық сезімін:

– Мұхаммедтің қызы – менің жан рақатым, жұпар,

Оның етінде менің қаным және етім бар.

Қос немересі Ахмедтің – менің балаларым болар,

Қайсыбіріңнің қанжығаңда менікіндей олжа бар, – деген екен.

Некедегі ниетіңіз Қандай?

Ниет – әрбір істің мәйегі. Ізгі ниет қарапайым істі құлшылыққа айналдыратын күшке ие. Арам ниет те бір құмалақ сияқты, тұтастай жақсы істі еш етеді. Сауап ниетке сай еселенеді. Ендеше, үйленуде де ниет үлкен маңызға ие. Мұны ұмытпағайсыз. Жігіт пен қыз шаңырақ көтерген кезде ниеті ортақ, негізгі мақсаты мынадай болса игі:

Бірінші: Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетін жандандыру. Хадисте: «Жастар қауымы! Үйленуге мұршаларың келсе, үйленіңдер. Өйткені бұл көзді сақтап, ар-намысты қорғайды. Ал кімнің шамасы келмесе ораза тұтсын...», – делінген.

Екінші: ар-намыс тазалығын сақтау. Мұндай ниет Алла Тағала тарапынан көмек пен қолдауға берілуіне септігі тиеді. Хадисте: «Үш адамға Алла жәрдем етеді... ар-намыс пәктігін сақтауға ниет еткен үйленушіге¹⁷», – делінген.

¹⁷ Насаи

Үшінші: Құран жолымен жүретін мұсылман отбасын құру.

Төртінші: Ізгі ұрпақ тәрбиелеу.

Бесінші: Отбасын асырау үшін еңбек етуді – құлшылық деп білу. Хадисте: «Ер кісі отбасына қаражат жұмсап, одан сауап үміт етсе, бұл оның берген садақасы¹⁸», – делінген.

¹⁸ Бұхари

Алтыншы: Құлшылықта бір-біріне жәрдемші болу. Хадисте:

رَحِمَ اللَّهُ رَجُلًا قَامَ مِنَ اللَّيْلِ فَصَلَّى، وَأَيَّقُظَ امْرَأَتُهُ، فَإِنْ أَبَتْ، تَضَخَّ فِي وَجْهِهَا الْمَاءَ. رَحِمَ اللَّهُ امْرَأَةً قَامَتْ مِنَ اللَّيْلِ فَصَلَّتْ، وَأَيَّقُظَتْ زَوْجَهَا، فَإِنْ أَبَى، تَضَخَّتْ فِي وَجْهِهِ الْمَاءَ

«Түнде намазға тұрып, жұбайын құлшылыққа оятқан, тұрмаса бет-жүзіне су бүркіген кісіні Алла мейіріміне алсын. Сондай-ақ, түнде намазға тұрып, күйеуін құлшылыққа оятқан, тұрмағанда жүзіне су бүркіген әйелді Алла мейіріміне алсын¹⁹», – делінген.

Әр жұпқа керек зат

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Мұсылмандардың иманы ең кемелі – мінез-құлығы ең көркемі. Ал сендердің жақсыларың – отбасына жақсы болғандарың», – деген. Теңін тауып үйленген жігітке батасын берген әкесі оңаша шығарып: – Ақ қағаз, қалам және өшіргіш алып кел дейді. Әке оны не істейсіз? – дегенде: – Айтқанымды істе. Одан кейінгісін сұрама, – дейді. Қалам мен қағаз табады. Бірақ өшіргіш жоқ екен. – Онда, барып сатып алып кел, – деді. Өшіргішті алып келіп, әкесінің жанына отыра кетті. Әкесі: – Ал енді, жаз, – деді. Жігіт бір сөйлем жазды. Енді не істейін дегендей әкесіне қарады. – Жазғаныңды өшір, – деді. Жігіт өшірген соң, қайта жазуды талап етті. Жігіт: – Әке, не қалап отырғаныңызды айтыңызшы, – деді. Әкесі: – Жаз! – деді. Жігіт қайта жазды. – Жазбаны өшір, – деді әкесі тағы. Сосын қайта жаздырды. Жігіт әкесінің бұйрығын бұлжытпай орындауға көшті. Біршама уақыттан соң, барлығына көнген баласына қарап: – Балам! Отбасылық өмірде өшіргіш ауадай қажет, – деді. – Жұбайыңның саған жақпаған сөзі мен әрекетінің ізін жоқ ететін өшіргіштің болмаса қиын. Әйеліңе де керек. Сенің бойыңнан көрген ұнамсыз жайттарды өшіретін құралы болуы керек. Әйтпесе, көп өтпей-ақ отбасылық қағаздарың шимайланып толып қалады. Бір-біріңнің кемшілігіңді тізбектеп термеңдер. Бір-біріңді аңдып мін іздемеңдер. Кешірімді де кең болу екеуіңнің өмірлік салтың болсын, – деген екен. Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ. Ең бастысы, кешіре білу. Қажет орында байқамағандай кейіп танытып, келеңсіздіктің алдын алу. Хадис ғалымы Осман бин Зайда: Мен Ахмед бин Ханбалға «Амандық он бөліктен тұрса, оның тоғызы байқамағансу», – дедім. Сонда ол кісі: «Амандық он бөлік. Оның баршасы да байқамағансу», – деген еді.

Қосылмаған Қос Ғашық

Бұрынғы ғашықтар саябақта кездейсоқ кездесіп қалды. Кезінде сөз байласып, үйленбекші де болған. Ол кезде қыз өте ажарлы еді. Бота көз, оймақ ауыз, қыпша бел, қос бұрымды. Дастандағы айдай сұлу арудың өзі. Жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болатын. Қысқасы, жарасымды жұп еді. Хас сұлу мен сымбатты жігіт. Салт-дәстүр жолымен құда түспек болғанда қыз кенеттен райынан қайтты. Әрине, қыздың шешімі жігітке оңай тимеді. Қимасы қиғанмен уақыт шіркін жүрек жарасын емдеп жазды. Екі жылдан кейін жігіт басқа қызға үйленді. Жұбайы ажарлы, көркем мінезді келіншек болды. Тату-тәтті өмір сүріп жатты. Одан бері арада зымырап он жыл өте шықты.

Бүгін екеуі де отбасылы. Аман-саулық сұрасып жатты. Кәрі қыз болып отырып қалған екен. Соңында әйелі қайтыс болған кісіге тұрмысқа шыққан көрінеді. Жігіт: «Маған тимей, таңдағаның сол ма?» – деп табалағандай сұрады. Қыз бірер сәт кідіріп қалды. – Ия, сенің сөзің рас. Неліктен бас тартқанымды айтып түсіндіре алмаймын... Мына саябақтағы гүлзарды қарашы. Ішінен ең әдемісін таңдау қолыңнан келе ме? – Ия – деді жігіт. – Бірақ адымдап өтіп кеткен гүліңе қайта оралма, тек алдыңда тұрған гүлдер ішінен таңда. Артыңа бұрылып қарама, – деп шарт қояды. Гүл таңдаудан оңай шаруа жоқ, – деп жігіт іске кірісіп кетті. Ең әдемісін іздеп бір гүлдің түсіне, бірінің түріне, ал үшіншісінің иісіне қызығып гүлзардың етегіне қалай барып қалғанын байқамай қалады. Етек жақта тікен арасындағы нашар гүлдер ғана қалған екен. Соңында, қолына ілінген гүлді алып келеді. Бұйырғаны осы болды дегендей қызға ұсынды. Сонда қыз: «Мен де осылай таңдап жүріп тазға жолықтым» – деген екен.

Өмірлік жар таңдау – ең маңызды шешім. Бұған жылдар кетуі мүмкін. Бойдақтар бұл мәселеде бірқатар адамдардың кеңесін таразылайды. «Әке-шешем айтқандай болады» дегенімен, көбіне іштей замандастарының пікіріне тоқтам жасайтын сияқты. Осыған

орай, шариғи кеңеске де құлақ түрсе артық етпейді. Өйткені мұсылманның бұл пәниде иманнан кейінгі ең қымбат олжасы салихалы жар. Хадисте:

إِنَّ الدُّنْيَا كُلَّهَا مَتَاعٌ وَخَيْرُ مَتَاعِ الدُّنْيَا الْمَرْأَةُ الصَّالِحَةُ.

«Мына жалған бүтіндей өткінші дүниеден құралған. Бұл жалғанның ең қайырлы олжасы – ізгі әйел²⁰», – делінген екен. Әйел ер азаматтың үй бикесі. Өмірлік жолдасы және перзенттерінің анасы. Сонымен қатар мұсылманның ар-намысы. Мал-мүлкін сақтаушы да сол әйелі. Егер ер жігіттің таңдаған қосағы ізгі болса дүниеде берілген жақсылықтардың бірі осы болмақ. Және де Алланың берген нығметтерінің ішіндегі ең үлкені де осы – иманды әйел. Расында, ізгі әйел шаңырақтың берекесі ғана емес, сонымен бірге ер азаматтың иманына да үлкен үлес қосатындығы жайлы хадисте:

²⁰ Насаи, Муслим

مَنْ رَزَقَهُ اللَّهُ امْرَأَةً صَالِحَةً فَقَدْ أَعَانَهُ عَلَى شَطْرِ فَلْيَتَّقِ اللَّهَ فِي الشَّطْرِ الْبَاقِي

«Алла кімге ізгі әйел нәсіп етсе, (дінінің) жартысына жәрдем еткені. Қалған жартысына сақ болып, Аллаға тақуалық етсін²¹», – делінген.

²¹ Табарани, Хаким

Бас екеу болмай, мал екеу болмайды. Отау тігіп, шаңырақ көтеру ризық-несібенің молаюына себеп. Жақсылық есіктерінің ашылуына бірден-бір жол. Бұл жөнінде хазіреті Әбу Бакір (Алла оған разы болсын): «Алланың сендерге неке жайлы айтқан өміріне бойсұныңдар. Сонда Алла сендерге уәде еткен кеңшілігін (молшылығын) береді», – деп: «Егер олар кедей болса, Алла өз кеңшілігімен оларды байытады. Алла – кеңшілік Иесі, толық Білуші²²» деген аятты оқиды²³. Сонымен бірге, ардақты Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

²² «Нұр» сүресі, 32-аят

²³ Ибн Әбу Хатим

ثلاثة حق على الله عونهم: المجاهد في سبيل الله، والمكاتب الذي يريد الأداء،
والناكح الذي يريد العفاف

«Үш түрлі адамға Алла міндетті түрде жәрдем етеді: Алла жолында күресіп (яғни қызмет етіп) жүрген жанға. Қожайынынан бас бостандығын сатып алушы құлға. Және пәктікті қалап үйленбек болған адамға²⁴», – деген екен. Мунауи (Алла оған разы болсын): «Бұл үшеуінің ең ауыры пәктікті сақтау. Себебі пәктік тұла бойдағы құмарлықты тізгіндеу», – деген. Ал, Табари (Алла оған разы болсын): «Неке кедейлікті жоятынын біл», – деген екен. Ибн Аббас (Алла оған разы болсын): «Алла Тағала үйленуге әмір етуде. Әрі пенделерін некеге үндеуде. Үйленіңдер деп азат және құл пенделеріне бұйыруда. Оларға некеде молшылық бар деп уәде етуде», – дейді. Ибн Масғұд (Алла оған разы болсын): «Байлықты некеден іздеңдер. Алла Тағала:

²⁴ Тирмизи

إِنْ يَكُونُوا فُقَرَاءَ يُعْزِمُ اللَّهُ مِنْ فَضْلِهِ

«Егер олар кедей болса, Алла өз кеңшілігімен оларды байытады²⁵», – деп бұйырады» – деген ²⁶.

²⁵ «Нұр» сүресі, 32-аят

²⁶ Тафсир Табари, 19/166

Ибн Мажа сүнәнінде:

ما استفاد المؤمن بعد تقوى الله عزّ وجلّ خيراً من زوجة صالحة إن أمرها أطاعته، وإن نظرإليها سرّته، وإن أقسم عليها أبرّته، وإن غاب عنها نصحتّه في نفسه و ماله.

«Аллаға деген тақуалығынан кейін мұмин үшін ізгі әйелден артық қазына жоқ. Ізгі әйел күйеуінің тілін алады. Күйеуі мұндай жарының жүзіне қараса, жаны жадырайды. Күйеуі айтқан шаруаны орындап, істеме дегенге жоламайды. Сондай-ақ, күйеуінің сырын, ар-намысы мен абыройын сақтайды. Күйеуі жоқ кезде қиянат етпейді», – деген хадис бар.

Шынында, Әйел заты Өзі таңдап, етегінен Ұстаған азаматтың көңілінен шыға білмесе отбасылық өмірдің мәні құрып, шырқы бұзылары анық. Шаңырақтың шайқалмауына екеуінің шынайы сезімінен бөлек имани қарым-қатынастың қосар үлесі мол.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жар іздеген жігіттердің әйелдің бойындағы сиқырлаушы сұлулығына, мол дүниесіне және танымалы тегіне қатты қызығатынын көрген. Әйелдің діндарлығы мен имандылығына аса мән бермейтіндігін байқаған. Алайда жақсылықтың барлығы иманда. Имансыз әйелдің сұлулығы, тегі, тіпті дүниесі де ешбір пайда бермейді. Иманның өлшемі – мінез. Жар таңдап жүрген жігітке: «Әйелге тек сұлулығы үшін ғана үйленбе. Сұлулығы оны тәкаппар етуі мүмкін. Әйелге дүниесіне қызығып үйленбе. Мал-дүние оны шектен шығаруы мүмкін. Расында қара өңді, иманы бар әйел дәулетті және көрікті, бірақ дінсіз әйелден артық²⁷», – деген риуаят бар.

²⁷ Ибн Мажә

Мұндай жігіттер маңдай терін төкпей қыз төркіні есебінен тұрмысын түзеуді көксейді. Бай болам деп жүріп бейшара кейіпке енеді. Қазақта «Кедейлік ұят емес, байлық мұрат емес» деген аталы сөз бар. Әрбір ер азамат ризық-несібесін еңбегімен тапқанға не жетсін?! Ал, жар таңдауда болашақты ойлау қажет. Таңдап тұрған қыздың ертеңгі күні әке-шешеге ибалы келін. Перзенттерге перизат ана. Ал өзіне адал жар болуын ойлағаны жөн. Ең дұрыс таңдау да осы. Абай Хакімнің:

Жасаулы деп, малды деп байдан алма.

Кедей қызы арзан деп құмарланба.

Ары бар, ақылы бар, ұяты бар

Ата-ананың қызынан ғапыл қалма, – деген сөзі де осы хадистің түсіндірмесі іспетті. Ал, бойдақтар! Таяу уақытта шаңырақ көтеріп, әке-шешені қуантыңдар. Халқымыздың да саны көбеюіне үлес қосыңдар.

Жалғыз сүйіспеншілік жеткіліксіз

Қырық жылдан аса қоғамдағы түрлі мәдениеттер мен салт-дәстүрлерді зерттеген америкалық маман: Тәжірибеме сүйеніп айтар көзім жеткен ақиқат: Ер азамат пен әйелдің отбасылық одағы салауатты қоғамның басты іргетасы. Статистика бойынша, Құрама штаттарда жылына екі миллионға жуық жұп шаңырақ көтереді. Бұл дегеніңіз төрт миллион адам отбасын құрады. «Тұрмысқа шығуға разысың ба?» «некелі жар етіп қабыл алдың ба?» деген сұрақтарға, олар «иә» деп жауап береді. Әрине, олардың барлығы өмірінің соңына дейін жұбы жазылмай, бақытты ғұмыр кешуді арман етеді. Әрі солай боларына кәміл сенеді. Десе де, алғашқы жеті жыл ішінде осы жұптардың елу пайызы ажырасып кетеді. Бұл жұптардың жоспарында талақ деген сөз атымен жоқ. Алайда ортақ отбасылық өмірге нақты бағыт-бағдар болмағандықтан күтпеген жерден араларына талақ кіреді. Орталарына жанамалап сына болып қағылады. Сонымен бірге, бір-бірін түсінудегі сәтсіз қадамдар да өз септігін тигізеді. Бұған жұптардың қарым-қатынасты қалпына келтіруге шеберлігінің жетіспеушілігін қосыңыз. Мұның барлығы отбасы өміріне жіті дайындық қажет екенін көрсетеді. Әрқайсымыз мамандық меңгеру мақсатында ұзақ жылдар өзімізді білімге арнаймыз. Сондықтан, әдетте, отбасылық өмірден қарағанда мамандығымыз бойынша айтарлықтай жетістікке қол жеткіземіз.

Үйленем деген шешім – өмірдегі ең маңызды шешім. Соған қарамай бұл шешімді қажетті дайындықсыз қабылдайды. Шындығында, жастардың тойға дайындығы үйленіп үй болу жоспарынан әлдеқайда жоғары. Тойдың әрбір ұсақ-түйегін ойластырады. Ал үйлесімді отбасы болып кету жоспарына мұншалықты көңіл бөлмейді. Бірнеше сағатқа созылатын тойға жоспары бар. Бірақ отбасылық өмірге жоспардың жоқтың қасы.

Дәріс отбасылық өмірге қалай жоспар құру жөнінде емес. Мақсатымыз, қайтсе үйлесімді жұп болады деген мәселені талқылау. Отыз бес жылдан бері бақытты отбасын армандайтын жұптарға кеңес

берумен айналысамын. Олардың арманын үй шаруасы, белшеден батқан қарыз, жұмысбастылық сияқты мәселелер сейілткен. Тіпті балалар да себеп болуы мүмкін. Мұндай жұптармен бірнеше ай табанды жұмыс және кеңес жүргіземін. Нәтижесінде жұбайларға бақытты отбасы өмірін қайтаруға мүмкіндік туады. Сол үшін де Құдайға шүкір етемін.

Отбасылық өмірге жіті дайындық жасау мұндай талас-тартыстың алдын алуға көмектеседі деп толық сеніммен айтқым келеді. Сіз олардың қатесінен сабақ алыңыз. Мұндай тәжірибе жеке қатеңізден сабақ алудан қарағанда әлдеқайда жеңіл тиеді. Өмірлік серігіңізді табумен бақытқа жете қоймайсыз. Бұл сіз ойлағандай оңай шаруа емес. Отбасылық өмірде сіз басымдылық беретін маңызды мәселелерді айқындау қажет. Соған қол жеткізу жолында уақыт пен күш-қайрат сарп етесіз. Ал енді, сөз байласып жүрген жұптарға бақытты отбасын құруға қажетті негіздерді танып, қажетті қабілеттерін ашуға көмегі тиер деп ойлаймын.

Отыз бес жылдық тәжірибесі бар отбасы кеңесшісінің естелігінен: Өзім үйленгенге дейін отбасылық өмір туралы кітап оқымаппын. Қала берсе, бұл мәселеде оң мен солды ажырататындай менде ешбір мағлұмат жоқ еді. Ол кезде болашақ жұбайымды қатты сүйдім. Оны көрген сайын аспанда қалықтағандай сезімде болатынмын. Қалыңдығымның әрбір қимыл-әрекеті маған ұнайтын. Тұла бойы. Сөйлеу мәнері. Жүрісі. Зәйтүндей қоңыр көздері мені жаулап алған еді. Бұл бойжеткенді жақсы көретінмін. Осындай қызды туған анасына да құрметім ерекше еді. Олардың шарбағын сырлайтынмын. Сезімімді білдіруге септігі тиетін әрнәрсені істеуде аянып қалмадым. Мен үшін қалыңдығымнан асқан сұлу жоқ. Оның да мен жайлы ойы осындай болса керек.

Ғажайып сезім құшағында уақыт өтіп жатты. Некеден кейін бізді бақытты өмір күтіп тұр деген бек сенімде едік. Неке қиылды. Ерлі-зайыпты болдық. Сезім күші алты айға әрең жетті де сөнді. Екеуіміз үмітсіздік күйге түстік. Күндердің күні мұндай жағдайға тап боламыз деп үш ұйықтасақ түсімізге кірмес еді. Кешегі бақытты

күндер қол бұлап бізден алыстап кете барды. Махаббат сезімінің орнын үмітсіздік, ашыну, еңсе түсу, тіпті ашу мен ыза басты. Бізді қосқан махаббат бір өмірге серік болады деп сенген болатынбыз. Ғашықтық – тәтті түсіміз екен. Ал өңімізде – келіспеушілік, ашу-ыза күтіп тұрған еді. Отбасылық өмірімнің бұл кезеңінде махаббат не екенін мен білемін деп ойлаймын. Кеңес алуға келген тәтті қиял құшағындағы жұптардан жас кезімдегі өзімді көремін. Албырттықпен жасаған менің қателіктерімді жастар жасамаса екен деп тілеймін. Өмірлік тәжірибемнен ғашық болу үйлесімді отбасы болуға жеткілікті емес екеніне көзім жетті.

Отыз жылдық тәжірибе. Осы жылдар ішінде жүздеген сөз байласқан жұптарға «Үйленгенге дейінгі кеңестер» жүргіздім. Олардың басым көпшілігінде махаббат жайлы түсінік таяз, кейбіреуінде бұлыңғыр екенін байқадым. Кеңестің бастапқы кездесуінде жұптарға «Неліктен үйленгілерің келеді?» деген сұрақ қоюды әдетке айналдырдым. Сондағы жауап: «Себебі біз бір-бірімізді жақсы көреміз». Мұнан кейінгі заңды сұрақ: «Мұнымен сіздер нені меңзеп тұрсыздар?» Әдетте, бұл сұрақ жастарды тығырыққа тірейтін. Сұрақ оларға ерсі көрінетін. Бір-бірімізге деген терең сезім деп түсіндірмек болатын. Бұл белгілі бір уақыт жалғасатын сезім. Осы сұрақты қойғанымда көпшілік жастар не дерін білмей тосылып қалады. Нақты айтары болмай артынан бір-біріне, сосын бөлменің төбесіне қарайтын. Себебі жауап жоқ. Кейбірі қолайсыздық күйге түсіп, шарасыздықтан күледі. Артынан: «Иә... Мм... Сіз білесіз бе?!» деп жауап құрастыруға әрекет етеді

Бірер күн алдын бір жігіт некесін қиып беруді өтінді. Беташар қашан болады деп сұрадым. Осы апта ішінде екен. Үйленетін жастарға жеті-сегіз кездесу барысында отбасылық өмірге қатысты кеңестер жүргізетіндігімді айттым. Оның жауабы әдеттегі жастардың айтатынындай: Уайымдамаңыз! Бізге мұндай кеңестердің ешбір қажеті жоқ. Біз бір-бірімізді шынайы жақсы көреміз. Біздің арамызда шешілмеген мәселе жоқ», – деді. Мен күлімсіредім. Бірақ жүрегім

«Ғашық болу» тұзағының кезекті құрбандары болмаса екен деген алаңдаушылық тұрды.

«Ғашық болу» осы сөзді естігенімде көз алдыма ормандағы аңдарға құрылған тұзақ елестейді. Жануар жолына аңшылар тереңдеу етіп ор қазады. Ордың бетін ағаштың бұтақ-жапырақтарымен жауып тастайды. Азығын іздеп жорытып келе жатқан бейшара хайуан тұзаққа қалай түскенін байқамай да қалады. Міне, мен айтып отырған «Ғашық болу» деген тұзақ осы. Күнделікті күйбең тіршілікпен ары-бері сабырылысып жүресің. Кенет дәлізде немесе көшеде бір бойжеткенді көзің шалып, «Ғашық болу» тұзағына түсесің. Сезімге қарсыласуға дәрменің жоқ. Бұл сенің шамаңнан тыс, еркіңе бағынбайтын күй. Осы қызға үйленемін деп пайымдайсың. Әрі қаншалықты тез жүзеге асса, соншалықты жақсы болады дейсің. Әрине, осы жоспарыңды әуелі достарыңмен бөлісесің. Олар да ғашықтық принципімен өмір сүргендіктен: Бір-біріңді жақсы көрсеңдер үйленіңдер, деп ақылын айтады. Шындық пен қиял шатасып кеткен. Өлеңдегі ғашықтық пен өмірдегі сезім бір емес. Алайда әзірге оны ғашықтық тұзағындағы жігіт білмейді.

Қыз бен жігіт бір-бірінің рухани құндылығы, әлеуметтік деңгейі, дүние танымына ешбір мән бермейді. Екеуінің құндылықтары мен мақсаттары толығымен теріс болуы ықтимал. Қазақта: «Тең теңімен» деген сөз бар. Шариғатта үйлену мәселесінде «теңдік» талабы жіті қарастырылады. Теңдік – жігіт пен қыздың әлеуметтік, рухани және материалдық теңдігі. Ең үлкен проблема ортақ құндылықтар, мақсаттар және дүниелік көзқарас сияқты маңызды дүниелерді ескермеу. Нәтижеде, жас жұбайлар: «бір-бірімізді жақсы көрмейміз» деп отырады. Ең сорақысы, ақыл-кеңес сұрауға келдік дей тұра, іштей ажырасуға шешім қабылдап қоюы. Сондықтан, олар: «Сезім сөнсе, бірге өмір сүре алмаймыз» деп ақталады.

«Жүрек лүпілін» сезген кезде

«Ғашық болу» дегенді білдіретін тағы бір тіркес бар. Ол жүрек лүпілі немесе жүрек дірілі. Адамның тұла бойын шымырлатып өтетін діріл. Сондай-ақ, бей-жай қарамайтын жанды көргендегі ішкі дүниеміздің күйі. «Жүрек лүпілі» маңызды сезім. Бірақ бұл үйлену үшін негізгі фактор емес. Десе де қажетсіз деген ойды білдірмейді. Бір-бірімен жүздескендегі жүрек лүпілі, бет-жүзі қызыл болып лаулап, тұла бойы шымырлап өтуі сияқты ыстық сезімнің белгілері торт бетіндегі құлпынай немесе шие сияқты. Құлпынай дәмге дәм, сәнге сән қосады. Бірақ торт тек құлпынайдан жасалмайды. Демек, үйленуде жүрек лүпілінен басқа да маңызды факторларды ескеру қажет.

Ғашық болу – ұнату сезімі. Сүйемін деген ой. Кейде бұл ой сананы билеп алады. Алайда аталмыш сезім құбылмалы. Тұла бойды жаулап алған ой, уақыт өте жоғала бастайды. Зерттеулер бұл сезім орташа есеппен екі жыл ғана тұрақтайтынын көрсетті. Біреулерде ұзақтау, ал кейбіреулерде мерзімі қысқа. Артынан алаулаған сезім сөнуге айналады. Мұнан кейін ғашықтық кезеңінде мән бермеген өмірдің маңызды қырлары басталады. Ең ғажабы, хас сұлу һәм мінезі мінсіз деген өмірлік жолдасымызбен келіспеушілік және текетірес кезеңі. Міне, осы кезде біз маңызды жаңалық ашамыз. Ол – ғашықтық отбасы болып кетуге жеткілікті емес деген жаңалық.

Романтикалық Ғашықтықтың екі кезеңі

Психолог кеңесі. Үйленерден алдын маған ешкім Ғашықтықтың екі кезеңі бар деп айтпады. Ғашықтық жүрегімде өмір бақи тұрады деп ойладым. Бұл сезім менің бақытымның қайнар көзі болды. Бар ойым жарымды бақытты ету еді. Десе де, ашуым келгенде нәзік сезім көңілден ғайып болатын. Сол кезде қатты алаңдайтынмын. «Үйленуде жаңылдым» деген жағымсыз ойлар келе бастайтын. Менің ойымша, дұрыс таңдау жасаған болсам, бұл сезім сөнбеуі керек сияқты. Осындай ой қатты мазалай түсті. Әрі санама мықтап орныға бастады. Оның үстіне күн санап арамыздағы келіспеушілік арта түсті. Мен мұны әуелден қалайша байқамадым?! Чикаго әуежайында танысым Джейнмен кездейсоқ кездестім. Жексенбілік демалыста сөз байласып жүрген жігітінің ата-анасымен таныспақ екен. Сәлем-саулықтан кейін: – Қайда жол тарттың? – деп сұрады. – Висконсин штатындағы Милуоки қаласына. Ертең кезекті «Үйлену, отбасы болу» лекциям басталады, – дедім. – Мұндай кездесулерде не жайлы айтасың? – деді. – Қатысушыларға бақытты отбасы туралы дәріс оқимын. Бірқатар практикалық ұсыныстар беруге тырысамын, – деп жауап бердім. Маған таңырқап: – Неге өзіңді осыншама қинайсың? Ерлі-зайыптылар бірін-бірі жақсы көрсе?! Ең маңыздысы да осы емес пе? – деді. Оның сөзінде ешбір зіл жоқ еді. Ниеті кіршіксіз екеніне де сенімдімін. Өйткені мен де үйленбес бұрын дәл осылай ойлайтынмын.

Ұшуға дейін жеткілікті уақытымыз бар еді. Мен оған романтикалық Ғашықтықтың екі кезеңі бар екенін түсіндіруге кірістім. Бірінші кезеңі ғажайып түс сияқты. Екі жастан аз ғана Қажыр-Қайрат Қажет етіледі. Бұл шақта біз сезім жетегінде жүреміз. Әдетте бұл кезеңді «Ғашық болу» деп атайды. Ғашығымыз үшін ешбір ойланбай, қала берді қиынсынбай құрбандыққа бара аламыз. Мәселен, кездесу үшін көлікпен бес жүз шақырым жолды кесіп өтуге даярмыз. Немесе демалыс күнін бірге өткізбек болып ұшаққа отырып, ұзақ жолға аттанамыз. Джейн сөзімді мақұлдап, басын изеп отыр. Сүйгенімізді

кемшілігі жоқ, мінсіз деп білеміз. Жоқ дегенде біздің көзімізде сүттен ақ, судан таза. Бірақ ата-анаңның ойы басқаша болуы мүмкін. Анаң: «Айналайын, менің ойымша...» деп райыңнан қайтармақ болады. Джейн күлімсіреп, «иә мұндай менің басымнан өтті», – деді. Міне, осы кезеңде екі жас ортақ тіл табуда ешқандай кедергіге ұшырамайды. Бір-бірі үшін үлкен құрбандыққа әзір. Бұл құрбандықты қиындық деп есептемейді. Керісінше, құрбандықты қуаныш пен рақат сезімнің қайнар көзі деп санайды. Негізгі, ғашығының тілегін орындау адамға бақыт сыйлайтын мүмкіндік. Жастар бір-бірін бақытты етуге әрқашан дайын. Әрі олардың бұл әрекеті әдетте сәтті жүзеге асады.

Алайда романтикалық «ғашық болу» сезімінің орташа өмірі некеден кейінгі алты ай. Демек, біздің бұл көңіл-күйіміз өмір бойына жалғаса бермейді. Солай болғаны да дұрыс. Өйткені сезім құшағындағы адам ақыл-ойын жоғалтады. Екі қолы байланып жұмысқа мойын бұруға мұршасы келмейді. Университет қабырғасында ғашық болу оқуға теріс әсер етеді. Үлгерімі төмендей бастайды. Лекция жайына қалады. Ертеңгі маңызды емтиханға дайындалудың орнына, сүйіктісімен серуендеуді қалап тұрады. Отбасын құрамын деп оқуын тастап кеткен жора-жолдастарымыз бар. Олар үшін оқу екінші кезектегі шаруа. Мәселен, шаттық сезім жиырма жылға дейін созылды делік. Онда оқуын тәмамдаған немесе кәсібі бойынша жетістікке жеткен адам некен-саяқ көрер едік. Сондай-ақ, қоғамдық және қайырымдылық өмірде белсенді адамдар тым аз болар еді. Өйткені ғашықтық мас етуші күй. Мұндай мастық тұтас әлемді ұмыттырады. Оның бар ойы ғашығымен бірге болу, сүйіктісін бақытты ету болмақ.

Психолог әңгімесін жалғастыруда: Шіркін, сол кездегі сезімім һәм ойым қалыпты жағдай екенін біреу айтып түсіндірсе. Ғашықтық сезім екі сатыдан тұрады. Келесі кезеңіне өту табиғи құбылыс деп айтса ғой. Алайда ақыл айтып, жөн сілтейтін жан болмады. Осының барлығын оқып білуге мүмкіндік болғанда, жұбайыммен осыншама жылдар ұрыспас едім. Көзім жеткені, ғашықтықтың екінші кезеңі

біріншісінен әлдеқайда қисынды. Отбасылық кеңесші маман ретінде бір жайтты айтайын. Жолдасыңды әу баста ғашық ету аса қиын шаруа емес. Бұл қалыпты құбылыс. Жас жұбайлар түсінбеушілігі сезімнің екінші сатысына өткенде байқалады. Мысал айтып көрейін. Әйел: – Ол мені жақсы көрмейтінін сезіп жүрмін, – дейді. Күйеуі болса: – Ешнәрсе түсіне алар емеспін. Бар күш-қайратымды жұмсаудамын. Таңның атысымен табыс табуға аттанамын. Үй шаруасына да жәрдемдесемін. Мұнан басқа менен не қалайтынын білмеймін, – дейді. Әйелі: – Иә, ол осының барлығын істейді. Өте пысық, еңбекқор, – дейді. Артынан екі көзін көл етіп: – Бірақ адам сияқты ұрыспай сөйлесуден қалдық, – дейді.

Әр күні кеңес сұрап келген жұбайлар басынан осы сарындағы отбасылық драма өтуде. Мұның жауабын іздей бастадым. Кеңес беру үшін жазып жүрген күнделігіме сараптама жасап, талдауға тұра келді. Жұбайлар қарым-қатынасында не жетіспей тұр? Олар нені қалайды? Шағымдарының астарында не жатыр? деген сұрақтарды басшылыққа алып ерлі-зайыптылардың арыз-шағымын талдадым. Нәтижеде бес басты мәселе анықталды. Мұны «сезімнің бес тілі» деп атадым. Сезім тілі біз сөйлейтін тілге өте ұқсас. Әрқайсымыз мына әлемді ана тілімізбен таныдық. Тілдің әр өңірге тән диалектісі бар. Міне, сезім тілі де толықтай осы жүйемен жұмыс істейді. Сүйіспеншілігін білдіретін әр адамның өзіндік тілі бар. Біз сол бес сезім тілінің ішінде біреуін төртеуінен қарағанда тереңірек қолданамыз. Тағы байқағаным, жас жұбайлардың осы тұрғыда ортақ сезім тілі болуы өте сирек. Жаратылысқа сай іштегі ой тілдің ұшында тұрады. Бар сезімді осы тілмен жеткіземіз. Алайда пайдаланатын тілдің әйелінің (күйеуінің) тілімен бір болмаса, сені түсінуі қиынға соғады. Жоғарыдағы мысалды талдап көрейік. Күйеуі сезімін табыс табу, үй шаруасына көмектесу арқылы яғни қызмет көрсету (жұмыс істеу) арқылы білдіруде. Демек, оның сезім тілі – еңбек. Ал келіншегінің тілі «бірге уақыт өткізу». Мұны «Біз ешқашан әңгімелеспейміз» деуінен байқауға болады. Демек, сүйіспеншілін сезіну үшін күйеуі көңіл бөліп әңгімелесуіне,

сөздерін мұқият тыңдауына мұқтаж. Әйтпесе, күйеуі сезімін шынайы түрде өзіндік тілінде жеткізуде. Алайда ол тілді әйелі түсіне алмауда.

II. БӨЛІМ

ЕРКЕК ӘЙЕЛ СИЯҚТЫ ЕМЕС

Еркек пен әйелдің тілі бөлек. Бұл сөзі ортақ, бірақ мағынасы бір-біріне мүлде ұқсамайтын ерекше тіл. Мәселен, әйел: «біз ешқашан саябаққа шықпаймыз!» десе, айтпағы: «Сенімен бірге серуендесем деп едім. Сенімен уақыт өтсізсем өзімді бақытты сезінемін», – деген мағынаны білдіреді. Алайда әйелдің бұл сөзін еркектің миы: «Отағасы ретінде міндетіңді дұрыс атқарып жүрген жоқсың», «ылғи да осылай» тіпті «саған тұрмысқа шығып жаңылған екенмін» деген сияқты нұсқалармен тәржімалайды. Ерлі-зайыптылардың арасындағы түсініспеушілік те қарапайым сөзден басталады. Ендеше, әйеліңіздің «шағымын» наразылық деп қабылдамаңыз. Еркелік немесе наздану деп білген дұрысырақ. Сол себепті, уақытынан бұрын дабыл қағудың қажеті жоқ. Бірақ немқұрайлық та танытпаңыз.

Еркек осындай жағдайда қалай әрекет етеді. Зер салып көрейік. Жұмыста проблема, қарыздар және басқа да уайым көбейіп кеткен. Мұндайда еркек үнсіздікке көшеді. Бұрынғыдай көсіліп сөйлеуді доғарады. Бейне бір үңгіріне кіріп алған арыстан сияқты. Мазаласаң, ақырады. Әйел жағдайды одан сайын ушықтырып: – Мені көзіне де ілмейтін болды. Бір пәлені шығарайын деп жүр. Маған немқұрайлы қарайтын болды, – деп топшылайды. Бұл жағдай – еркектің мәселені шешу үшін басын қатырып жүрген күйі. Сол себепті, айналасында не болып жатқанын құлағы естімейді, көзі көрмейді. Ол өз үңгірінде. Еркек ақыл-кеңесті бір тоқтамға келген соң ғана тыңдайды. Ой үстінде жүргенде, уақытынан бұрын кеңес беруді доғармасаңыз еркек өзіне деген сенімін жоғалтады. Нәтижеде, мұнан кейін не жалқау болып мәселе шешуді қояды. Не болмаса дәрменсіз күйге түседі. Сондықтан, мұндайда біраз күтіңіз. Көп кешікпей ойын саралап, ақыры ақылдасып шешім қабылдау үшін еркек үңгірінен шығады.

Еркек пен Әйел – екі жарты, бір бүтін. Құдайдың Құдіреті, екеуі бір мәселеге екі түрлі көзқараста болады. Еркек үнсіз ойласа, Әйел сөйлеп жүріп ойланады. Ер кісі біреудің өзіне жанашырлықпен қарағанын жеккөреді. Алайда Әйел жанашырлықты өзіне деген қамқорлық пен көңіл бөлу деп қабылдайды. Еркек мен тәуелсізбін деп кеудесін қағады. Әйел болса жанашырлық сезінбей жаным қысылып жатыр дейді. Еркек маған емін-еркін жүретін кеңістік керек десе, Әйел сөйлесіп түсініскім келеді дейді.

Еркек пен Әйел ерлі-зайыптылық қарым-қатынастағы қателікті бір-бірінен іздейді. Себебі әрқайсысы тек өзінің дүниетанымын ғана мойындайды. Жұбының ой-пікірін жоққа шығарады. Екеуі бір-бірінің сыртқы жаратылысы бөлек болғаны сияқты, дүниетанымында да белгілі деңгейде өзгешелік барын түсінсе, ара-қатынастары мейлінше жақсартып, ортақ сезімнің өсіп гүлденуіне мүмкіндік жаратар еді. Қарап тұрсаңыз, екеуі де болған жағдайды шамадан тыс асыра сілтеп жібереді. Еркектер ақыл жағынан тым ушықтыра түседі. Әйелдер сезімдеріне ерік беріп ұлғайтып жібереді.

Ғашықтың тілі – тілсіз тіл

Хәкім Абай:

Ғашықтың тілі – тілсіз тіл,

Көзбен көр де ішпен біл.

Сүйісер жастар қате етпес,

Мейлің илан, мейлің күл, – дейді. Адамның бес сезімі бар. Соның бірін басқаларынан қарағанда көбірек пайдаланады. Сол сезімі арқылы адамдармен қатынасқа түседі. Ендеше, «сезімнің бес тілін» қысқаша түсіндіріп берейін:

1. Бағалау тілі. Тілдің бұл түрінде адам жұбын бағалайтын сөздер қолданады. Күнделікті қарапайым іс-әрекеттерінен бастап, үлкен мақсаттарына жетудегі жетістіктерінің ешбірін елеусіз қалдырмау. Бастысы, шынайы бағасын беру. Мәселен, сенің көңілді жүргенің маған ұнайды. Жұрт алдында керемет сөйлейсің. Маған қамқор болғаның жаныма жағады. Асың әдеттегідей өте дәмді. Менің ең жақсы көйлегімді үтіктеп қойыпсың. Мына орамал саған жарасып тұр деген сияқты. Осылайша, жұбыңыздың бойындағы қасиетін тілге тиек етесіз. Бұған қоса, іс-әрекетіндегі ұнаған жайттарды айту. Бұл жай мақтау емес. Оның ынта-ықыласына берілген баға. Еңбегін елеусіз қалдырмау. Егер әйеліңіздің (күйеуіңіздің) сезім тілі – бағалау болса, онда мақтауыңыз жұбайыңызға қабарып кеткен жерге жауған жаңбырдай жан бітіреді. Демек, мақтаумен, яғни бағалау арқылы жұбыңызға оны қаншалықты жақсы көретіндігіңізді жеткізе аласыз.

2. Көмектесу тілі. Сезім тілі – көмектесу болғандар үшін жолдасына сезімін жеткізуде іс-әрекет сөзден әлдеқайда әсерлі. Көмектесу тілімен сөйлейтін адам «сені жақсы көремін», «сен маған қымбатсың» деген сияқты сөздерді естігенде ішінен: «шынымен-ақ жақсы көрсең неге үй шаруасына көмек бермейсің?!» дейді. Сондықтан, көмектесу тілінде түсінісетін болса үй шаруасына көмек беру, қоқысты шығару, дүкенге барып келу, баланың жөргегін ауыстыру, ауланы тазалау сияқты ортақ шаруамен өзара

сүйіспеншіліктерін бөліседі. Мұндай категориядағы жандар жүрегінің кілті олар неге мұқтаж екенін дөп табуда жатыр. Көмектесуге даяр тұру және үнемі жәрдемдесуге ұмтылу.

3. Сыйлық тілі. Иә, сыйлықтар сөйлейді. Сөйлегенде қандай! Сыйлық алумен өзін бақытты сезінетін адамдар бар. Мұндай адам үшін сыйлық серігінің барлық сезімін жеткізуші құрал. «Мен жайлы ойлайды екен». «Маған әкелген затына қарашы» деген сияқты. Әрине, сыйлық қымбат болуы маңызды емес. Ең бастысы, жұбыңыздың көңілінен шығатын бұйым табу. Мәселен, қармақ сіз үшін таптырмас сыйлық. Алайда жұбайыңыз үшін қармақтың ешбір құндылығы жоқ. Демек, жолдасыңыздың талғамы мен әуестігін білу қажет. Неге қызығатынын, нені ұнататынын. Оны дастарқан басындағы әңгімесі, бауырларынан сыйлық алғандағы көңіл-күйі, қарапайым журнал немесе әлеуметтік желі парақшаларынан нені тамашалайтынынан байқайсыз. Міне сонда, сыйлығыңыз мірдің оғындай нысанаға дөп тиеді. Тосын сый етіп ұнамайтын затын алғанша, кейде нені қалайтынын сұрап сыйлық жасаған дұрыс. Сыйлық қымбат болу керек деген ойдан арылыңыз. Ондай оймен жүрсеңіз көп сыйлық бере алмайсыз. Бір тал гүл, шоколад, көйлек, кітап. Ең бастысы жүректен шықсын. Сонда, осы тілде сөйлейтін жан үшін сезіміңізді жеткізген боласыз.

4. Уақыт тілі. Онымен бірге уақыт өткізу. Алайда бұл бір бөлмеде теледидар тамашалау емес. Мұныңыз жұбыңызға емес киноға көңіл бөлу болып кетеді. Уақыт бөлу – бірге әңгімелесу. Бір-бірінің сөзін мұқият тыңдау. Ой бөлісу. Ішіндегі шерін тарқату. Дәмханаға барып тамақтанып, бірақ сөйлеспейтін жұбайлар жетерлік. Тек қарнын тойдырып қайтады. Уақытты бірге өткізу серуендеу. Мәселен, бақшада бірлесіп гүл немесе көкөніс егу. Ең бастысы уақытты бірге өткізу. Кейбір адамдар үшін бұл жүрек түбіндегі сезімді білдірудің ең жақсы жолы.

5. Жанасу тілі. Жанасудың ерекше әсері бар. Зерттеушілердің айтуынша, емізулі балаға сипау, иіскеу және құшақтау арқылы жанасу олардың психологиялық жағдайын жақсартады. Алақан және

Құшақ жылуымен өскен нәресте ұзақ уақыт ана жылуын көрмейтін баладан әлдеқайда көңіл-күйі жақсы болады. Әр елдің салты басқа дегендей бұл орайда Қоғамның салт-дәстүрін ескеру қажет. Кейбір жанасулар Қоғамда жағымды қабылданады. Ал кейбірі жұртқа жақпайды. Міне, жанасу тілінде сөйлейтін адам үшін бұл әрекеттер сезімін көрсетудің ең жақсы тәсілі.

«Сезім тілін» анықтау тәсілі

Өзіңізге тән сезім тілін анықтап көріңіз. Оның үш тәсілі бар. Біріншісі: Жүріс-тұрысыңызға зер салыңыз. Басқаларға деген сүйіспеншілігіңіз бен бағалауыңызды білдіруде нені көп қолданасыз? Егер адамның арқасынан қағып немесе құшақтайтын болсаңыз, сіздің «сезім тіліңіз» – жанасуы болуы мүмкін. Жұртқа жігерлендіру сөздерін көп айтатын болсаңыз, сіздің «сезім тіліңіз» – бағалау, мақтау. Ал егер көбінесе адамдарға сый-сияпат бергенді қалайтын болсаңыз, жұрттан сыйлық алуды құп көретін болуыңыз ықтимал. Ал енді, досыңызбен тамақ ішкенді, серуендегенді ұнатсаңыз. Әрі осылай көп уақыт өткізетін болсаңыз сіздің сезім тіліңіз – уақыт. Жұртқа жәрдемдескенді жақсы көретін болсаңыз, демек өзгелерден де осындай мәміле күтесіз.

Екіншісі: Сізді не көбірек толғандырады? Адами қарым-қатынаста сізге не жетіспейді? Егер жұрт көмектеспейді деп шағымдансаңыз, сіздің сезім тіліңіз – жәрдемдесу болу ықтималдығы басым. Досыңызға «біз бірге уақыт өткізбейтін болдық» десеңіз, сезім тілің уақыт бөлу болғаны. Иссапардан келген досыңызға: Маған не әкелдің? – десеңіз, бұл қарым-қатынаста сыйлық алғанды жақсы көретініңізді білдіреді. Мен дұрыс жұмыс істей алмай жүрген сияқтымын десеңіз, жұрттың әр ісіңізді бағалауды күтетініңізді білдіреді.

Үшінші: Жұрттан нені көбірек күтесіз. Міне, соған назар аударыңыз. Жақындарыңыздан күткен қалауыңыз сіздің сезім тіліңіз. Қорыта айтсам, тілектер тізімін жасап көріңіз. Сонда, сезім тіліңізді айқындалады. Жора-жолдастарыңыздан да жоғарыдағы үш сұраққа жауап беруін сұраңыз. Олардың да жүрек тілін осылай табасыз. Осы арада ескере кететін маңызды жайт бар. Жұбының сезім тілін анықтауы бір бөлек. Сол тілде қатынас жасай білуі бөлек әңгіме. Айтпағым, біреудің сезім тілінде сөйлесу оңай шаруа емес. Бала күнінен мақтау сөз естіп көрмеген адам, біреуді бағалап, алғыс айтуда біршама қиналады. Ал құшақтау немесе бауырға басу жат

отбасыда өскен адам үшін жанасу оңай іс болмайды. Дегенмен, бұл бес тіл алынбайтын асу емес. Үйренуге болады. Күнделікті машықтану нәтижесінде қарым-қатынаста қолдану көзін табуға болады.

Сезім тілі ерлі-зайыптылардың көптеген мәселесін шешеді. Мән-мағынасыз ұрыс-жанжалды біржолата жояды. Шаңырақ шаттығы мен берекесінің кепілі. Әрі сезімін қаз қалпында сақтауға септігі тиеді. Міне, бұл ғашықтықтың бірінші кезеңінен екінші сатысына сәтті өту.

Қыз – анасына, ер жігіт – Әкесіне Ұқсайды

Бұл бос сөз емес. Қазақта: «Анасын көріп қызын ал» деген нақыл бар. Сондай-ақ, «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дейді. Сен үйленетін қыз ертең толықтай анасы сияқты болады деп айтпаймын. Немесе жігіт ертең әкесіне ұқсайтын болады деуден аулақпын. Алайда ата-ананың жүріс-тұрысы ұл мен қыздың түп санасына терең орнығады. Әкесі билеп төстейтін, тілі зәрлі болса, санаулы жыл ішінде күйеуіңізден осы жаман қасиет байқалып жатса таңғалмаңыз. Күйеуінің аузын аштырмайтын әйелдің қызы да анасының бұл мінезін бойға сіңіреді. Бала күнінде жаман мәміле көрген адам көп жағдайда өз перзентіне де сондай қарым-қатынас жасайды. Бұл зерттеулер қорытындысы.

Осы арада, заңды сауал туындайды. Басынан өткен жаман жағдайдан сабақ алып, жүріс-тұрысын өзгерту мүмкін бе? Мұның жауабы: Иә, өзгерте алады. Бұл мәселедегі шешуші сөз «сабақ алу». Әкеден қорлық көрген бала «Әке жолын» қайталамау үшін арнайы қадамдар жасауы тиіс. Неге әкем бұлай жасады? Мұндай мінездің салдары не? Жаман мінезді қалай өзгертем? – деп осы бағытта мінезін түзетуді үйренуі қажет. Әйтпесе, әке ізімен кету ықтималы басым. Маскүнемдікке салынған ананың қызы көп жағдайда сол жолға түседі. Статистика солай дейді. Алайда бұл үзілді-кесілді берілген үкім емес. Маскүнемділік пен ішімдіктің зиянын түсіну үшін дұрыс қадамдар жасаса «Қыз да шешесі сияқты маскүнем болады» деген шынжырды үзіп шығады. Мәселен, ата-ана бойында өмір шырқын бұзатын теріс мінез немесе жүріс-тұрысы бар делік. Мұндайда адам сол мінезді жою немесе жеңу үшін отбасы кеңесшісімен (психолог, имам) ақылдасқаны жөн. Сонымен қатар, қажетті әдебиеттерді оқумен мәселенің шешімін іздейді. Мұнан кейін, үйренген дүниесін талқылап кем-кетігін түгендегені дұрыс. Проблеманы бұркемелеп, жабулы қазанды жабулы күйінше қалдырмаған дұрыс. Мен жігіттерге: Әкеңе қара, ал қыздарға: анаңа қара. Жиырма жылдан кейін сендердің күйлерің осындай болады, –

деймін. Әкесінің төбе шашы түсіп жатса, жиырма жылдан соң баласының да түр-әлпеті осындай болады. Анасы белсенді де ширақ болса, қызы да сондай болмақ. Сынықтан басқаның бәрі жұғады демекші дене-бітімі әке-шешесіне тартатыны сияқты мінез-құлық та осылай «жұғады». Бірақ, бойдағы жат қылық түзетуге, теріс мінез тәрбиелеуге көнеді.

Психологтың әңгімесі. Жаз айында шипажайда демалдық. Күйеу балам, қызым, немерем және әйелім. Таңғы шайдан кейін жағалауға бардық. Күйеу бала үлкен қолшатырды орнатпақ болып құмды қаза бастады. Жанында қызым тұр. Мәз-мейрам. Жағаға ұрған толқын суын екі қолына толтырып, күйеуінің арқасына шашып жатыр. Қызыма: – Сен менің кітабымда «Қыз анасына тартады» деген ойымды есіме түсірдің. Сенің анаң да, дәл осылай істеуші еді, – дедім. Түс мезгілінде күйеу бала жеміс-жидек әкелуге шықты. Қызым бар дауысымен: – Сен ғажайып күйеусің, – деді. Қызыма: – Анаң да маған дәл осылай айтушы еді. Бұл сөздер қаншалықты шындық екенін білмеймін. Алайда анаңның бұл сөздері маған қатты ұнайтын. Меніңше, күйеу балам да осындай сезімде», – деп әңгімесін тәмамдайды.

Бұл мәселеде ата-анамыздың жағымды қасиеттерімен қоса жағымсыз тұстарын да айтамын. Біз ата-анамызға қаншалықты қатты ұқсайтынымызды елестете де алмаймыз. Тағы бір мысал келтірейін. Ерлі-зайыптылардың бір-бірін қажыту. Күйеуінің әңгімесін бөліп, әрбір үтір, нүктесін түзетіп отырса. Мәселен: – Жоқ, бұл сейсенбі емес, сәрсенбіде. Немесе 2006 жылы емес, 2005 жылы еді, деген сияқты. Ертең қызы да сенің сөзіңді бөліп, кескестей береді.

«Келіншегімнің ата-анасымен бірге болғанда қатты қорқамын. Анасы тоқтаусыз сөйлейді. Тіпті сөз арасында тыныс алмайды. Ол әрбір әңгімені бүге-шігесіне дейін айтып береді. Олардың үйінде өзімді тұтқындай сезіндім. Бір сылтау тауып, бөлмеден қашып шыққым келеді. Келіншегім осы жағынан анасына біршама ұқсайтын сияқты. Күндердің күні анасына толықтай ұқсап кетуінен қорқамын.

Егер солай болса, мен бұған төзе алмайтындығыма сенімдімін», – дейді. Бұл қайын жұртына барған жігіттің сөзі. Ол мұндай тығырықтан қалай шығамын деп кеңес сұрады. Ендігі жолы қонаққа барғанда қайын енесінің алғашқы отыз минуттық сөзін таспаға басып алуды тапсырдым. Келесі кездесуде қалыңдыққа жазбаны тыңдаттым. Анасының ешкімге сөз бермей, тоқтаусыз әңгіме айтып жатқанын өз құлағымен естіді. Бұл жұртқа жағымсыз және басқаларға қолайсыздық тудыратынын түсінді. Түйіндей айтқанда, ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі дегендей қарым-қатынаста ата-анамыздан көрген әдісті пайдаланамыз. Дүние есігін ашқаннан бері ата-анамызбен бірге өмір сүреміз. Сондықтан олардың қарым-қатынастағы кейбір қате мәмілелерін байқамаймыз. Қала берсе, бізге бұл қалыпты, үйреншікті жағдай. Мәміледегі қателікті түзетуде кеңесші көмегі қажет.

Тағы бір мысал. Келісе алмау салдарынан анасы сөзін бітірмей тұрып әкесі бөлмеден шығып кетті делік. Сенің күйеуің де осылай етуі ықтимал. Сөздерің жараспай қалған сәтте талқылаудан қашып, бөлмеден шығып кететін болады. Ата-аналарыңның кейбір жағымсыз қылықтары сендердің бойларыңнан табылмас үшін бір-біріңді түзетуде бірлесе әрекет етіңдер. Сонымен қатар, ата-анаң бір-біріне айтатын қошемет сөзі мен алғысына мән бер. Қыздың әкесі анасына көліктің есігін ашады ма? Ашатын болса, келіншегің де сенен соны күтеді. Күйеуіңнің әкесі үйге кіргенде бас киімін орнына іледі ме? Ілмейтін болса, баласы да солай ететінін біл. Анасы әкесінің орнына жауап беруге дайын тұра ма? Олай ететін болса, қызынан да соны күт. Әкесі анасының әңгімесіне құлақ салып тыңдайды ма, әлде көңіл бөлмей теледидар тамашалап отыра береді ме?

Әкесі байсалды да, салмақты ма? Әлде айқайлап өктем сөйлейді ме? Анасы ешкімге дес бермейтін, өз бетінше шешім қабылдайтын жан ба? Анасы тамақ әзірлейді ме? Әкесінің көлігі үнемі таза тұрады ма? Анасы әйелдің өзіне тән міндеті бар дегенді білмейтін адам ба? Әкесі бақшаны өзі күтіп ұстайды ма, әлде адам жалдайды ма? Ата-анасы отбасылық фото сурет сақтайды ма? Міне, осы сынды

сұрақтарға жауап таба алсаңыз, болашақ өмірлік жарыңыз жөнінде қажетінше ақпарат аласыз. Сізге қажетті сұрақтардың бірі мазаңызды алатын болса, екінші жартыңызбен сол мәселені талқылап, ортақ шешімін табыңыз.

Зымырап өтіп жатқан өмірде жастар бір-бірін аз танып шаңырақ көтереді. Болашақ өмірлік серігінің ата-анасымен етене танысу жұбы жайлы көптеген мағлұмат алуға көмектеседі. Әрі жағымсыз тұстарын бірлесе отырып, түзетуге септігі тиеді. Жастардың бірін-бірі мейлінше жақсырақ тануының ең төте жолы – бір-бірінің ата-анасымен танысу. Қазақ салтында мұны қыз айттыру дейді. Мұндай танысу болашақтағы отбасылық келіспеушіліктерді болдырмауға немесе алдын алуға үлкен септігі тиеді.

Келіспеушілікті Ұрыс-жанжалсыз шешу жолы

Қасиетті Құранда:

وَإِنْ خِفْتُمْ شِقَاقَ بَيِّنِهِمْ فَاذْهَبُوا خَوْفًا مِّنْ أُولَئِكَ وَمَا مِّنْ
أُولَئِكَ أَنْ يُرِيدُوا إِصْلَاحًا يُّوَفَّقِ اللَّهُ بَيْنَهُمَا إِنَّ اللَّهَ كَانَ غَلِيمًا
خَبِيرًا

«Ал егер ерлі-зайыптылардың ажырасып кетуінен Қорықсаңдар ер адамның туыстарынан бір Әділ төреші, сондай-ақ Әйелдің жақындарынан да бір Әділ төреші тағайындаңдар. Бұл екеуінің ниеті жарастыру болса, Алла Тағала оларды сөзсіз қайта табыстырады. Шүбәсіз, Алла барлық нәрсені білетін шексіз ілім иесі, барлық нәрседен толық хабардар болушы²⁸», – делінген.

²⁸ «Ниса» сүресі, 35-аят

Қалыңдығыммен барлық мәселеде ойымыз ортақ болатын. Оның әрбір қалауын орындауға дайын тұрдым. Ол да менің ұсыныстарымды үнемі қолдауға әзір еді. Осындай өзара түсіністік оны жар етуіме ықпал еткен жайттардың бірі болатын. Екеуіміз ұрысып, жанжалдасып қаламыз деген ой менде ешуақытта болмады.

Алайда, алғашқы айлардан-ақ бітпейтін жанжалдар басталды. Қалыңдығым осындай қисынсыз әрекеттер жасайды деп ойламаппын. Ол да менің қайтпас қиқарлығыма куә болды. Қайтпас қаталдық көрсету ниетімде жоқ. Алайда менің ойым ең дұрыс шешім екенін түсіндіргім келді. Бар болғаны осы. Әрине, ол да өзінің пікірін жалғыз дұрыс шешім деп ойлады. Өкінішке орай, ерлі-зайыптық өмірде келіспеушілік деген қарапайым құбылыс екенін ешкім ескерткен жоқ. Келіспеушілікпен бетпе-бет келмейтін жұбайлар жоқ десе де болады. Оның себебі екі қосу екі тең төрт деген сияқты қарапайым. Өйткені сіз бен біз әрқайсымыз жеке дара адамбыз. Әркімнің өзіндік қалауы бар. Бір нәрсені жақсы көрсек, басқасын жақтырмаймыз. Ал бірін көңіліміз қаламайды.

Әйелім теледидар тамашалауды жақсы көретінін кейін білдім. Мен мұны уақытты босқа өткізу деп есептеймін. Неге осы уақытты кітап

оқып, жаңа дүниелерді үйренуге жұмсамаймыз деуші едім. Әйелім теледидар тамашалау демалудың бір әдісі деген пікірде. Әрі теледидардан көптеген тың мағлұматтар біліп тануға болады дейтін. Бұл арамыздағы ең нәзік әрі осал тұсымызға айналды. Оқтын-оқтын осыған байланысты келіспеушілік үлкен дауға айналып отыратын. Уақыт өте бұдан да басқа келіспеушілік тудыратын жайттар пайда бола бастады. Осылайша, біздің отбасымыз телехикаяға айналды.

Бір-бірімізді түсіне алмайтын шақта «Әйел таңдауда қатты жаңылдым. Оңбай қателестім. Егер дұрыс таңдау жасағанымда мұндайға тап болмас едім» деген ой мазалай бастады. Қазір ойлап отырсам, сол кезде әйелімнің де пікірі сондай болған. Ол да өз таңдауын үлкен қателік деп түйген. Аға-жеңгелерімізбен әңгімелесе келе, келіспеушілік болмайтын жұптар жоқ екеніне көзіміз жетті. Ең тату-тәтті деген жұптардың да өзара келіспейтін тұстары болады. Кейбір ерлі-зайыптылар келіспеушілікті сүйспеншілік арқылы шешеді. Ал кейбірі ұрыс-жанжалмен ара-қатынасын реттемек болады. Өкінішке орай, біз екінші топтағы жұптар қатарынан болдық.

Маманның сөзі: Ширек ғасырдан астам отбасылық мәселелер бойынша кеңес берумен айналысам. Кабинетімде отырып көптеген хикаяларды естідім. Жанжалдасу өмірінің ажырамас бөлігіне айналған жұптар бар. Көпшілігіне менің көмегім тиді. Соған қатты қуанамын. Кеңесім арқылы олар араларындағы келіспеушілікті дұрыс жолмен шешуді үйренді. Ендеше, сол ұсыныстардың кейбірін талдап көрейік:

Бірінші: Әуелі, болған жағдайды қабылдауды үйренейік. Айтпағым, келіспеушілік болуы қалыпты жайт. Келіспеушілік немесе талас-тартыс жар таңдаудағы қателік салдары деген ойдан арылыңыз. Келіспеушіліктің болуы пенде екеніміздің бір белгісі. Әр адам менің пікірім ең дұрыс шешім деген бек сенімде. Біздің қателесетін тұсымыз, өмірлік жолдасымыздың да дәл біз сияқты өзіндік ойы бар екенін есепке алмауымыз. Ол да өз пікірін мінсіз әрі ең дұрысы деп біледі. Бөтен адамның ойы сенікімен сәйкес келе бермейді. Сенің ойың және пікіріңді, ұстанған бағытыңды өткен шағың,

Құндылықтарың һәм тұлғалық болмысың қалыптастырады. Міне, осы факторлар сыңарыңда бүтіндей өзгеше боп келеді.

Арадағы келіспеушіліктің бірі үлкен, екіншісі ұсақ-түйек болуы мүмкін. «Бөлмедегі диванды терезе түбіне қоямыз ба, әлде қабырға жақта тұрғаны дұрыс па?» деп тартысу қарапайым келіспеушілік. Ал үлкен шаңырақта қалу немесе еншіні алып бөлек шығу деген сияқты келіспеушілік біршама күрделі болып табылады. Бір күн ұрыс болған үйден қырық күндік ырыс кетеді. Келіспеушілік үлкен-кішілігіне қарамай өміріміздің құтын қашырады. Алайда келіспеушіліктің берер өзіндік күш-қуаты бар. Сол күш арқылы бір-бірімізге қаншалықты қымбат екенімізді танып біле аламыз. Демек, келіспеушілікті өз пайдамызға қолдануға болады.

Келіспеушілік заңды құбылыс екенін білдік. Ендеше, оны игерудің де жолы бар. Жолын тапсақ тиімді пайдалана бастаймыз. Ол үшін бір-бірімізге құлақ салуды үйренген жөн. Көпшілік адам келіспеушілік туындаған кезде, ішіндегі барын айтып салуды ойлайды. Күйеуін (әйелін) тыңдамайды. Бір жақтама сөйлеуден тұратын мұндай әңгіме түбі жанжалға алып барады. Қабылдауымда болған бір әйелдің сөзі есіме түсіп отыр: «Алғашқы кеңестен түйгенім жолдасыма «тыңдау уақытын» берудің маңыздылығы. Бұдан алдын күйеуіме үнемі «біз сөйлесуіміз керек» деп айта беруші едім. Менің бұл сөздерім күйеуімнің жанын сығатын. Енді, күйеуіме: «Саған ыңғайлы уақытта сені тыңдағым келеді» дейтін болдым. Ішіндегісін айтуға дайын болғанда: –Ойымды тыңдағың келе ме? – деп бір уақыт белгілеп сөйлесетін болдық. Мұндай әңгімелесу өзіндік оңды пайдасын біре бастады», – деді.

– Тыңдау уақыты? – деп сұрадым. Күйеуім: – Демек, менің ойымды тыңдағың келе ме? Қай тақырыпта? – деді. – Жазғы демалысты қайда өткіземіз немесе басқа да келісе алмай жатқан мәселе жайында, – деймін. Бір отырғанда бір ғана тақырыпты талқылайық деп келісіп алдық. Осылайша жазғы демалысты қалай өткізгісі келгені жөнінде менімен пікір бөліседі. Өз кезегінде мен оның ұсыныстарының себебін түсінуге тырысамын. Әрі оған бұл

Қаншалықты маңызды екенін Қабылдауға Әрекет етемін. Мәселен, жан-жақты сұрақтарымды Қойған соң жазғы демалысты ата-анаңмен өткізгің келеді. Өйткені әкең ауру. Келесі жылы қайта көру мүмкіндігі болмауы ықтимал. Ойың дұрыс, – деймін. Сосын күйеуім менің ойымды сұрайды. Айтқан сөздерімді күйеуім қорыта келе: – Шетелде тұратын әпкең жылына бір рет қана келеді. Сондықтан, санаулы күндерде онымен кездесіп қалуды қалайсың? Жарайды, – деп менің не айтпақ болғанымды түсінуге тырысады. Біз сөйлесе отырып, осы нүктеге келдік. Арамыздағы мәселені шеше алмадық. Алайда ешбір ұрыс-жанжалсыз бір-біріміздің ойымызды тыңдауды үйрене бастадық. Пікірімізді құрметтейтін болдық. Бір-бірімізге дұшпандық көзқарастан арылдық. Ұрыспаймыз деп келістік. Арамыздағы мәселеде ортақ шешім табуға Әрекет етеміз», – деді.

Міне, бұл жылдар бойы кабинетімде жас жұбайларға берген кеңесімнің мақсаты. Жұбына шынайы құрмет көрсетуді үйрету. Ой-пікірін жеткізуде толықтай еркіндік беру. Осындай қорытындыға алып келген оның ойлау қабілетіне сыйластық таныту. Мұндай Қарым-Қатынас екеуінің арасында «бәсекелестік» атаулыдан толықтай арылған достық атмосфераны жаратады.

Хасан Басриден (Алла оған разы болсын) бір кісі: «Менің қызым бар. Кімге тұрмысқа бергенім жөн?» – деп ақыл сұрайды. Ғұлама: «Алладан қорқатын жігітке тұрмысқа бер. Ондай жігіт қызыңды жақсы көрсе қадірлеп, сыйлайды. Ал ашуланса қызыңды ренжітпейді», – деп кеңес берген екен. Отбасылық өмірде «менің шешімім» деген сөз ешқашан жақсылыққа апармайды. Үнемі «біздің шешімді» табу қажет. Оның бір ғана шарасы бар. Бір-бірінің сөзін тыңдау, жұбының ой-пікірін құрметтеу. Мұндай мәміле келіспеушілікті шешуге мүмкіндік тудырады. Мәселені шешудегі басты принцип – ымыра. Бұл дегеніңіз – келісу, райласу. Ырыма жағымсыз сөз деп ойлаймыз. Ерлі-зайыптылар арасындағы ымыраны жағымды сөз деп айту жеткіліксіз. Ымыраны қажеттілік деп білу керек. Ымыра ортақ түйісетін нүктені таба білу демек. Белгілі бір мәселеде бір-біріне жол беруге, шегінуге немесе көнуге дайын тұруы.

Мұндай тәсіл жұбайлық өмірдің шырқы бұзылмауы үшін ауадай қажет. Әрқайсысы өз дегенінен қайтпай ерегісуден түк шықпайды. Ортақ шешім табылмағандықтан айналып бастапқы нүктеге қайта оралады.

Ортақ түйісетін нүкте

Ымыра – келіспеушілікті шешуде бір-біріне қарай қадам жасай білу. Жоғарыдағы ерлі-зайыптылар әңгімесін жалғастырайын. Олар өзарасындағы мәселенің шешімін тапты. Жазғы бір апталық демалысты ата-аналарына көлікпен емес ұшақпен баруды ұйғарады. Осылайша, олар екі жақтың да ата-ана, бауырларымен үш күндей бірге болуға мүмкіндік тапты. Ұшақ билетіне көбірек қаражат кететіні мәлім. Сондықтан, жазғы демалыс жоспарын біршама өзгертеді. Жоспарлаған демалысты арзандау шипажайда өткіземіз деп келісті. Әрине шипажай демалысын келесі жылға қалдырса да болар еді. Ең маңыздысы ортақ шешім таба білді. Демек, бұл жұп жазғы демалысты екеуінің де қалауындағыдай өткізудің жолын тапты. Демалыстың да, көңіл-күйдің де құтын қашырмады. Ымыраға келді. Айтпағым, кез келген мәселені шешуге болады. Бір-бірін құрметтеп, сыйлай білсе болғаны. Кез келген талас-тартысты шешудің үш жолы бар. Біріншісі, жоғарыда айтқанымдай, ортақ түйісетін нүктені таба білу. Мұнда әрқайсысы жұбының айтқанының кейбір тұсын қабылдап келісуі қажет. Бұл әдіске «екі нүктенің ортасын табу» деп ат қойдым. Бұл бір-біріне қадам жасаған жұбайлар орта тұста кездескенін білдіреді.

Екінші әдіс. Жұбының ойын қабылдау. Өзара әңгімелесіп, талқылау нәтижесінде ерлі-зайыптылардың бірі жолдасының ойы жөн және дұрыс деген шешімге келуі. Мұнан кейін толықтай жұбының ойын қабылдауы. Сіздің көзқарасыңызда бұл толықтай өзін құрбан ету шығар. Алайда бұл жолдасына деген құрмет. Оған деген сүйіспеншіліктің белгісі. Кейде екінші тараптың пікірін қабылдау үлкен құрбандық болып келеді. Алайда сүйіспеншілік әрқашан бір-бірі үшін «құрбандықты» қажет етеді.

Үшінші әдіс – шешімді келесі жолға шегеру. Бұл әдіс: «Қазір сенің көзқарасыңмен келісе алмаймын. Тіпті ортақ түйісетін нүктені де көріп тұрғаным жоқ. Бұл мәселеге, шамамен бір айдан кейін қайта оралайық», – деп айту. Әрине, осы аралықта жұбайлардың бір-біріне

деген сезіміне сызат түспеуі керек. Басқаша айтқанда, мәселе жұбайлардың Қарым-Қатынасын бұзбауы тиіс. Туындаған мәселенің нақты шешімі табылмаса кейінге қалдыру қисынды қадам. Бір ай ішінде жағдай түрліше өзгеруі мүмкін. Тіпті ортақ шешімге алып келетін бұрын соңды болмаған ситуациялар қалыптасуы мүмкін. Өмірде «шешімді шегеру» үнемі қолданатын әдіс болуы мүмкін. Әсіресе, мәселенің бір жағы «дұрыс» екіншісі «қате» болған жағдайларда. Әдетте күнделікті үй ішіндегі жайттарға қатысты болуы да ықтимал. Мәселен, тіс пастасын қолдану, ыдыс аяқты жуу, киімдерді орнына қою және т.б. мұндайда ұсақ-түйекте ортақ келісім әркім өз білгенімен әрекет етуі. Мәселен, ыдыс жууда әрқайсысы өз әдісімен жуу. Кешкі теледидар тамашалауда ұнайтын бағдарламаларды кезекпен тамашалау. Бүгін футбол, ертең телехикая тамашалау сияқты.

Қорыта келе, арадағы кез келген мәселені аталмыш үш әдістің бірімен шешу әбден мүмкін екенін айтқым келеді. Ең бастысы, достық атмосфераны жоғалтпау. Жұбайлардың бір-бірінің ойын қисынсыз айыптамау. Пікіріне құлақ түруі және құрмет көрсетуі арқылы жүзеге асады. Бір-бірімізді құрметтеуді үйренсек, мәселені шешудің жолы табылады. Отбасылық өмірде кездесетін табиғи талас-тартыстарда қалай мәміле жасау керектігін үйрене бастаймыз. Басқаша сөзбен айтқанда екі жарты, бір бүтін боп ерлі-зайыпты ретінде әрекет етуді үйренеміз.

Кешірім сұрау – күштіліктің белгісі

Отбасылық кеңесші әңгімесі. Әкем вестерн актеры Джон Уэйнді ерекше жақсы көретін. Оның барлық фильмдерін сүйіп тамашалайтын. Әсіресе, «Нағыз ержүректілік» фильмін. Сонда Джонның: «Нағыз еркек ешқашан кешірім сұрамайды» деген сөзі бар. Осы сөз әкемнің ұраны әрі ұстанымы еді. Әкем керемет адам болды. Қаталдық оған жат мінез еді. Ашулану дегенді білмейтін. Ара-кідік жүйкесі сыр беріп, анама кейде маған қатты сөйлейтін. Әкемнің өмірде бір рет те кешірім сұрағанын естімеппін. Сол мінезін мен үлгі ретінде көретінмін. Бұл Джон Уэйннің ықпалы деп білемін.

Кешірім сұрау деген ойдан аулақ едім. Іс жүзінде кешірім сұрау оңай емес. Жазатайым ісім немесе көңілге тиген сөзім себепті әйелімнен кешірім сұрауыма тура келуі мүмкін деген ой басыма кіріп-шықпаған. Жұбайымды жақсы көремін. Ниетім оны шын бақытты ету. Әйелім де мен үшін барлығын істейтіндігіне бек сенімде едім. Барлығы үйленген соң басталды. Бұрын мән бермеген бойымдағы бір жайтты байқадым. Кешегі мен жақсы көрген қыз, бүгінгі әйелімнің кейбір пікірлері ақымақтық сияқты еді. Онысын ашық бетіне айттым. – Дұрыстап ойлан, мынауың ақылға сыймайды! – дедім. Бұл сөздер арамызға от түсірді. Үйдегі атмосфера ушығып жатты десем әсірелегенім емес.

Әр текетірестен кейін екеуіміз үнсіз қалатынбыз. Бірнеше сағатқа дейін сөйлеспейтінбіз. Кейде үнсіздік бірнеше күнге дейін созылатын. Соңыра, түк болмағандай қайта әңгімелесіп кететінбіз. Осылайша бірнеше күн немесе ай тыныштық жалғасып жатады. Ауыр немесе дөрекі сөз себепті қайта жарылатынбыз. Міне, сонда әкем сияқты шешім қабылдадым. Ешуақытта кешірім сұрамаймын деп шештім. Тіпті іштей жанжалға әйелімді кінәлап, оны жазғыратынмын. Соның салдарынан алғашқы отбасылық өміріміз ойлағандай жақсы болды деп айта алмаймын.

Дінде тәубе, қатесін мойындау жайлы көп айтылады. Қасиетті Құранда:

إِنَّ اللَّهَ يُحِبُّ التَّوَّابِينَ وَيُحِبُّ الْمُتَطَهِّرِينَ

«...Ақиқатында, Алла Тағала тәубе етушілерді және тазаланушыларды жақсы көреді²⁹» десе, ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

²⁹ «Бақара» сүресі, 222-аят

كل بني آدم خطاء, وخير الخطائين التوابون

«Барлық адам баласы қателеседі. Қателесушілердің ең жақсысы тәубе етушілері³⁰», – дейді. Ең жаманы қателікті мойындамау. Бұл біреуді емес өзіңді алдау екен. Қатемді мойындаумен Құдай алдында жаным тыныштала бастады. Маған тылсым бір рақатты сезіндім. Әрине, жұбайымнан кешірім сұраудан гөрі Жаратқан Құзырында кінәмді мойындау әлдеқайда жеңіл еді. Бірнеше айдан кейін әйелімнен де кешірім сұрауды үйрендім. Әйелім ренішін ұмытып, кешіруге дайын екенін түсіндім. Уақыт өте келе әйелім де қателерін мойындап, кешірім сұрайтын болды. Отбасы мәселесі бойынша кеңес беру тәжірибемде қателеспейтін және кешірмейтін отбасы дұрыс өмір сүре алмайтындығын түсіндім. Өз тәжірибемнен айтарым: Біз пендеміз. Кейде кісі жанын жаралайтын сөз айтып, тіпті әрекет жасауы мүмкін. Мұндай әрекет жұбайлардың арасына салқындық түсіреді. Сезімдеріне бөгет тудырады. Бөгет пен кедергіге уақыт емші емес. Арада уақыт өтумен өз бетінше жоқ боп кетпейді. Бөгетті бұзудың жолы қолмен жасалған қателікті мойынмен көтеру. Кешірім сұрау. Екінші тараптың кешіруі арқылы ғана реніш жойылады.

³⁰ Тирмизи, Ибн Мажа, Табарани

Бірнеше жыл бұрын әріптесіммен кешірім сұрау жайлы әлеуметтік сауалнама жүргізіп көрдік. Сауалнамаға жүз адам қатысты. Респонденттер: Кешірім сұрағанда нақты не айтасың немесе не істейсің? Және сенен қалай кешірім сұрағанын күтесің? – деген екі сұраққа жауап беруі қажет еді. Жинақталған жауаптарды саралай келе бес топқа бөлдік. Мұны кешірім сұраудың бес тілі деп атадық. Нәтижеде, мынадай қорытынды шықты: Біреудің құп көрген

кешірімін екінші біреу кешірім деп мойындамауы мүмкін. Демек, жұбайлардың бірін-бірі кешірмеуінің себебі осы. Мәселе, кешірім сұраудың жолын таба алмауда. Яғни, кешірім жолдасының түсінігіндегі ұғымға сай келмеуі. Басқаша айтқанда, қолында кілт бар. Бірақ ол кілт қарсы алдындағы есікті ашады ма? Міне, бұл басқа мәселе. Мысал айтып көрейін, күйеуі: – Мен істеген ісіме өкініп тұрмын, – дейді. Әйелі болса: – Түсінікті, басқа ешнәрсе айтқың келмей ме? – дейді. Бұл сөзімен әйел әлі де кешірім күтіп тұрғанын меңзеуде. Еркек болса кешірім сұрадым, мұнан басқа не керек өзіңе! – деп ашудан өзін қоярға жер таппайды.

Біз кешірім тілін әке-шешемізден үйренеміз. Мәселен, кішкентай бала қарындасын жылатып қойды делік. – Балам қарындасыңа тиіспе. Барып кешірім сұра. Мен өкініп тұрмын, – деп айт, – дейді анасы. Бала осы сөздермен кешірім сұрайды. Отыз жасына келгенде әйелімен ұрысып қалса: – Мен өкініп тұрмын, – деп татуласу үшін кешірім сұрайды. Бірақ әйелі ренжуін тоқтатпайды. Отыздағы жігіт мұны түсіне алмай қиналады. – Неліктен кешірімді қабыл алмайды? – дейді. Ал әйелінің кешірім тілі мүлдем басқа. Себебі қыздың анасы кешірімнің басқа түрін үйреткен. Қыздың бала күнінен құлағына құйып өскен кешірімі: – Мен қателестім. Мені кешіруіңді сұраймын, – деген сынды нұсқа. Міне, осы сөздерді ол күйеуінен күтуде. Ендеше, қалай кешірім сұрау керектігін талдап көрейік. Асыл дінімізде тәубе деген ұғым бар. Бұл – Хақ Тағаладан кешірім сұрау. Тәубенің төрт шарты бар. Төртінші шарты зардап шеккен адамға қатысты. Яғни, ренжіген адамның ризашылығын алу. Біз осы шартты біршама жан-жақты қарастырып көрейік.

Кешірім сұраудың жолдары

Отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Күнделікті күйбең тіршілік кезінде ұсақ-түйек қате-кемшіліктер болуы қалыпты жағдай. Міне, сол азын-аулақ кемшілік жиналып ұлғая түсетіні де ақиқат. Демек, мұндайға ұсақ-түйек деп немқұрайлы қарамаған жөн. Барлығы болмашы әрекеттен, елеусіз сөзден басталады. Сондықтан жұбайлар туындаған мәселені шешудің жолын үйренуі һәм меңгеруі қажет. Ушықтырмаудың ретін тапқан дұрыс. Массачусетс университетіне қарасты медициналық мектеп деканы Аарон Лазар «Кешірім сұрау» кітабында былай жазады: «Адам «мені кешір» деп кешірім сұрауы қатесін мойындау немесе райынан қайту ғана емес. Мұның арғы жағында тұлғалық қадір-қасиеті тұр. Өзіне деген сенімнің қалыптасқанын аңғартады. Соған қарамай, кешірім сұрау ер кісіге де, әйелге де өте қиын. Айта алмайды. Әйел күйеуінен кешірім сұрауға қорқады. Себебі абыройына нұқсан келтіреді деп ойлайды. Немесе жолдасымның сенімін жоғалтам деп қорқады. Мұндай ой қайдан туындайды? Арамыздың нашарлауына кінәлі сенсің, деп күйеуі әйелін жазғыра беруі түрткі. Үнемі айыптау естігендіктен, кешірім сұрамауға тырысады. Ал ер азаматқа келсек, оған қатесін мойындау қиынның қиыны. Өйткені, еркектің санасында әйелімнен әлдеқайда көбірек өмірлік тәжірибем бар. Ақыл-парасатым да жоғары деген бек сенім бар. Кешір деген бір ауыз сөз абыройдан жұрдай ететіндей сезінеді. Себебі кешірім сұрау дегенді міндетін лайықты деңгейде орындамай жүргенін мойындау деп қабылдайды».

Шынтуайтына келсек, «Мені кешір», «Қатемді кешір», «Мен артық кеттім», «Бір ашуыңды бер» деген секілді сөздер ең ауыр мәселені шешетін сиқырлы күшке ие. Екі ауыз сөз қарым-қатынасындағы мұзды ерітіп, сезім жылуын қайтаруға қауқарлы. Сондықтан, ерлі-зайыптылар бұл сөзді айтудан тосылмағаны жөн. Кешірім сұрай білу екеуінің тату-тәтті өмір сүруіне мүмкіндік жаратады. Ал, қырсығып немесе батылдана алмай іштен тынып жүрсе баға жетпес бақыттың

ауылы алыстай бермек. Кешірім сұрауды кейінге қалдырмаңыз. Кешіктірген сайын жүректегі жара тереңдей түседі. Қандай жағдай болса да, ара суып кетпеу керек. Бір ауыз сөз татуластырады. Күнделікті ұсақ-түйектен алып мұзға айнала бастаған орталарындағы бөгетті бұзады. Іштен тынып, ренішті жұтып үнсіз жүре беру қарым-қатынасты шиеленістіре түседі. Адамның мұндай күйі жер қойнауында жатқан жанартау іспетті. Кез келген сәтте сыртқа атқылауы мүмкін.

Кешірім сұрау деген не? Бұл кісі тұлғасының мықтылығын, болмысының тазалығын, көңілінің ашықтығын білдіреді. Кешірім сұрау жан жарасы мен жүрек жарақатына ем. Әрі сөнуге айналған сезімдердің қайта жануына мүмкіндік береді. Мені кешірші. Бұл сөз жүректен шықса ашуды жоятын күшке ие. Әрі сынған көңіл мен жаралы жүрекке дауа. Өмір ағысын қалыпты жағдайға келтіретін сиқыры бар. Алайда екі ауыз сөзді айту өте қиын. Десе де, кешірім сұраудың жолы бұл ғана емес. Айыпты жуып шаятын мың бір тәсіл бар. Біреу жазып кешірім сұраса, біреу өзінің ісімен айыбын жуып шаяды. Демек, бір дерттің мың бір дауасы бар. Бастысы, қателескенін білсе, артық кеткенін сезсе лезде кешірім сұрағаны дұрыс. Алдыңа келсе өкеңнің құнын кеш демей ме?

Кешірші, артық кеттім. Бір ашуыңды бер. Негізі, ешбір қиындығы жоқ сияқты. Бірақ айту оңай емес. Себебі ағаттығын мойындау – абыройдан айырылу деп білеміз. Кешірім сұраса, жеңілгенін мойындау деп түсінеміз. Осындай жансақ ой татуласуды тым қиындатып жібереді. Шынтуайтына келсек, кешірім сұрау – кісінің қадірін кетірмейді. Бас ию – мықтылық. Адамгершілігінің белгісі.

Ендеше, кешірім сұраудың бірқатар тәсілін айтып көрейік. Әуелі, ер азаматтарға келсек. Оларға келіспеушілікті әзіл-қалжыңмен шешкен ыңғайлы. Мұнан кейін түк болмағандай жүре береді. Бұл еркектің өзінше кешірім сұраған түрі. Екіншісі, күйеуіңіз әдетінен тыс үй шаруасына көмектесуі. Бұл оның сізді бағалап, үнемі жаныңызда болатындығын сездіргісі келгені. Мұны кешірім сұрап жатыр деп қабылдаңыз. Күйеуіңіз кәсіби жоспарының жай-жапсарын айтып,

жұмысындағы кейбір мәселеде сіздің ойыңызды сұрап, ақылдасуы. Бұл оның арадағы реніштен кейінгі татуласуға жасаған қадамы. Сіз де ешнәрсе болмағандай ойыңызды білдіріп, әңгімені жалғай түсіңіз. Бұл да бір тәсіл. Төртінші, беймезгіл телефон соғып, хал-жағдайыңызды және маңызды болмаса да үй шаруасына қызығушылық танытуы. Осылайша өзінің артық кеткенін айтып жатқаны. Қатесін жуып шаюға тырысуы. Сіз де «мені кешіріші» деген сөзді күтіп, ерегісіп тұрмаңыз. Сыйлық жасау. Кейбіреулер кешірім сұраудың ең жақсы тәсілі – сыйлық беру деп біледі. Кешке сыйлық немесе бір шоқ гүлмен кіріп келсе, сізден кешірім сұрап жатыр деп білгейсіз. Соңғысы, кейбіреулер әйелінің тамағын, ақыл-парасатын мақтап жатады. Бұған не болып қалды деп таңданбаңыз. Бұл да өзінің кінәлі екенін мойындауы. Мұндайда сіз де ұмытып, кешіріңіз.

Ал әйелдерге келсек. Кешке үйге кіріп келгенде сәнді көйлекте қарсы алса. Сіздің ең сүйікті тамағыңызды әзірлеп қойса. Осы секілді әрекеттермен кешірім сұрап жатқанын білдіреді. Тағы бір нұсқасы. Әйел үй шаруасына қатысты бір мәселені айтып, ақыл-кеңес сұрап жатса, демек сіздің жүрегіңізді жұмсартып, пейіліңізді жаулауға әрекет етіп жатқаны. Бұл әрекетін кешірім сұрап жатыр деп бағалаңыз. Десе де кешірім сұраудың ең дұрысы әрі төтесі тікелей екі-ақ сөзбен айту. Алайда «мені кешір» дегеннен гөрі барын салып көңіл ауламақ боп, құрақ ұшқанның кешірімі шын пейілден екені даусыз.

Бес тәсілді талдау

1. Өкініш білдіру. Мен өкініп тұрмын. Бұл сіздің ең алғашқы кешірім сұрау сөзіңіз болуы мүмкін. Алайда не себепті өкініш білдіріп тұрғаныңызды толықтай айтып жеткізу қажет. Өйткені «мен өкініп тұрмын» деген жалпылама сөз. Мәселен, үйге кеш келгеніме өкініп тұрмын. Бірге киноға барамыз деп уәделескен едік. Киноның басталып кеткеніне де жарты сағат өтті. Енді, тым кеш. Уәделескен уақытта келе алмағаным үшін өкініп тұрмын. Жұмысқа толықтай кіріп кеткенім соншалық, сағатқа қарауды да ұмытыппын. Әрине, бұл жерде өзімнен басқа ешкімді айыптай алмаймын, – деген сияқты.

Ал егер жүйкеңіз сыр беріп, ашуға бой алдырған болсаңыз: Ашуланып, дауыс көтергеніме өкініп тұрмын. Саған қатты сөйлегенімді білемін. Ер азамат әйеліне бұлай сөйлегені жараспайды. Сенің қадір-қасиетіңе тиетіндей сөз айттым. Мұның қаншалықты ауыр екенін сезініп тұрмын. Себебі мұндай сөз маған айтылса, қадірім тапталғандай күйде болар едім. Көңіліңді ауыртқаныма қатты өкініп тұрмын, – деген сияқты. Міне, бұл кешірім сұрау тілі. Егер жұбайыңыз осы тілді танып өскен болса, сіздің кешіріміңізді түсіне алады.

2. Жауапкершілік. Кешірімнің бұл түрі «Мен қателестім» деп басталады. Сосын қателігін айтып түсіндіруге кіріседі. Мәселен, мен қателестім, бүгінгі кешті дұрыс жоспарлай алмадым. Ерте келіп, сенімен бірге шығуым керек еді. Мен уақытты дұрыс есепке алмаппын. Бұл тек қана менің қатем. Ашуланып қатты сөйлеген кезде: менің бұлай сөйлегенім қате болды. Дауыс көтеруім, дөрекі сөйлеуім жөнсіз. Мен өз-өзімді ұстай білуім керек. Мен қателестім. Мойындаймын. Болған жайтта жауапкершілікті мойныма аламын. Кешірім тілі «жауапкершілікті мойнына алу» болған адам «Өкініп тұрмын» деген сөзді кешірім ретінде қабылдамайды. Ол қателескен адам әрекетінің салдарын мойнымен көтеруін қалайды.

3. Айыбынан арылу. Бұл да татуласудың бір түрі. Анығырағы бір тілі. Үйленген күнін ұмытқан күйеу: шынымен-ақ, сенің көңіліңді

Қалдырғанымды мойындаймын. Бұл қандай күйеу деп ойлап жатқан шығарсың? Уақытты артқа қайтара алмаймын. Алайда қатемді жуып-шаюға әлі де мұрсат бар деп ойлаймын. Өзің ойлап, менің не істеуіме болатынын айт. Қалаған жеріңе бара аламыз. Немесе сен айтқан нәрсені істейік. Сен бұдан да жақсысына лайықтысың, – деуі сияқты. Егер жұбайыңыздың кешірім тілі – айыбын жуып-шаю болса, лезде бір ұсыныс айтады. Сезім тілі жанасу болса «сені құшағым алғым келіп тұр» деуі мүмкін. Сезім тілі сыйлық болса, кешірімін сыйлық берумен сұрауы мүмкін. Сезім тілі қызмет көрсету болса: Мені кешірсін десең, кафельдерді жаңарт, сантехниканы толықтай ауыстыр, – деуі мүмкін. Сезім тілі уақытты бірге өткізу болса, апта соңында қала сыртындағы тау баурайына демалыс ұйымдастырайық, – деуі мүмкін. Ал көңілінің тілі бағалау сөзі болған кісі жұбынан сезіміңді хатқа жазып айтшы, – деуі мүмкін. Демек, ол үшін хаттағы жазба айқайлап айтқан сөздерден де әсерлі.

4. Өзгеру. Қатесінен түбегейлі арылу үшін арнайы жоспар жасауға кіріседі. Жүйкесі бір емес бірнеше рет сыр берген кісі: «Бойымдағы мына қылықты мен құптамаймын. Бұл жаман мінез. Өткен аптада да осылай істегенімді білемін. Мұны тоқтатуым қажет. Сен ең жақсы қарым-қатынасқа лайықтысың. Менің осы әдетімді қоюуыма көмек бер, – деген сынды сөздермен ақталады. Ол өзгеруге деген ойын жеткізе отырып, жұбынан кешірім сұрауда. Нәтижеде, келесі жолы бойын ашу билегенде: Қымбаттым! Мен сыртқа шығып серуендеп келейін. Біраз уақыттан кейін келемін, – дейді. Жарты сағаттан соң үйге кіріп: Қымбаттым! Мен сені жақсы көремін. Біраз уақыт таза ауада жүріп келуім қажет болды. Тағы бір рет ашуға бой алдырғым келмейді, – дейді. Кешірім сұрауда шынайылық және түзелуге деген ниет маңызды. Әйтпесе, сіздің көзіңізден жолдасыңыз түзелудің белгісін байқамауы мүмкін.

5. Кешірім сұрау. Сен мені кешіре аласың ба? Міне, бұл сөздер кешірім тілі – өтіну болған жандар үшін құлағына жағымды әуен, симфония сияқты құйылады. Олардың санасында шынымен-ақ кешірім сұрағың келсе, өтінуің қажет. Олар үшін кешірімнің тек осы

түрі ғана бар. Мұндай адам сізден арадағы тосқауылды кетіруге ықыласыңыз бар ма, жоқ па соны білгісі келеді. Сіздің өтініп кешірім сұрауыңыз сол тосқауылды жоюға деген шынайы әрекетіңіз сияқты бағаланады.

Еркек неге кешірім сұрамайды

Психологтың тәжірибесінен: Сіздерге бір оқиғаны айтып берейін: Кәрім үйленемін деп шешім қабылдаған еді. Сондықтан қалыңдығы Әминаны жас жұбайларға арналған курсқа алып келген. Екеуі қажетті анкета толтырып шықты. Әмина болашақ күйеуіне: Менің кешірім тілім – мен өкініп тұрмын, – деп айту дейді. Курс барысында Кәрім маған жақындап келіп: «Сізге шынымды айтайын. Өмірімде біреуден кешірім сұрағаным есімде жоқ. Бұл сөз мен үшін тым қиын. Кешірім сұрау нәзік жанды әйелдер қауымына тән. Ер азаматқа жараспайтын секілді. Менің білетінім нағыз еркек кешірім сұрамайды. Кешірім сұрау мен үшін жас баланың тірлігі сияқты іс» – деді. Мұнан кейін әзіл араластырып: Кешірім сөзін айта алмаймын деп ойлаймын. Ал Әминаға «бұл сөз маңызды сияқты. Меніңше анкетаны бергеніңіз тым артық тірлік болды», – деді.

Мен күлімсіреп: «Бұл анкета өте пайдалы болуы мүмкін. Толық жазып шыққаның дұрыс болған. Сенен бір нәрсе сұрайын. Өміріңде өкінген ісің болды ма? Болар іс болған соң өз-өзіңе: Әттең, бұлай болмағанда ғой. Барлығы басқаша болғанын қалаймын, – деп айттың ба?» – деп сұрадым. Ол басын изеп: «Иә, болды. Анамның жаназасы қарсаңы еді. Сол түні өле өлгенше арақ іштім. Ертесіне аяғымда әзер тұрдым. Анамның жаназасы қалай өткені есімде жоқ», – деді. Көңіл-күйің қандай болды? – дедім. «Әрине, өте жаман болдым. Анамды мүлде сыйламағанымды сезіндім. Оның қазасы қатты соққы болып тиді. Шешеме өте жақын едім. Өмірімнің әрбір сәтін сол кісімен бөлісіп жүретінмін. Қайғымды басу үшін арақ іштім. Бұл әрекетім анамның көңілін қалдыратынын түсіндім. Өйткені көзі тірісінде арақ ішпе деп айтып отыратын. Аспандағылар бізді көрмейді деп үміт етемін. Өйткені мына күйімді анам көргенін қаламаймын», – деді.

Мен оған: «Бір сәтке елестетіп көр. Марқұм анаң көктен сенің не істеп жатқаныңа көз салса. Сенің күйіңді көріп анаң мұңайса. Саған анаңа бір ауыз сөз айтуға мүмкіндік берілді делік. Не айтар едің?» –

деп сұрадым. Кәрімнің көздері жасқа толып: «Мен шынымен де қатты өкініп тұрмын. Сенің мұңаюуыңа себепші болдым. Үлкен қателік істедім, мойындаймын. Сол түн қайта келсе, араққа жоламас едім. Сені қатты жақсы көремін. Мені кешіруіңді қалаймын, – деп айтар едім», – деді. Кәрімнің иығына қолымды қойып тұрып: Қазір не істегеніңді түсіндің бе? – дедім. Басын изеп: «Иә, анамнан кешірім сұрадым. Бұл ғажайып екен», – деді. Көз жасын сүртіп жатып: «Мен жылаймын деп ойламадым. Бұл жақсы емес-ау», – деді. Мен: Бұл басқа мәселе. Демек, ер азаматтар жыламайды деген түсінікпен өскенсің, солай ма? – дедім. Иә. Өкінішке орай, жылдар бойы қате түсінікпен жүргенсің. Шынайы еркектер жылайды. Ал жасанды еркектер жылау дегенді білмейді. Шынайы еркектер кешірім сұрайды. Олар біреуге зияны тигенін білсе: Мен өкініп тұрмын, кешірім сұраймын, – дейді. Сен шынайы ер азаматсың. Бүгін соны көрсеттің. Бұл шындықты ешуақытты ұмытпа. Ертең Әминамен шаңырақ көтересің. Сен ешуақытта үлгілі күйеу бола алмайсың. Ол да үлгілі әйел бола алмайды. Бақытты жұп болу үшін кемел адам болу міндет емес. Алайда әрбір жұп жолдасынан кешірім сұрай білуі керек. Әминаның кешірім сұрау тілі – мені кешір болса, онда соны үйренгенің жөн», – дедім. «Бұл маған сабақ болды. Сіздің курсыңызға қатысқаным қандай жақсы болған», – деді.

Еркек неге кешірім сұрамайды? Кешірім сұрау – әлсіздік деп бағалайтын ер азаматтар бар. Қателесіп қалса айыбын мойындауды намыс көріп, керісінше «Не бопты сонша? Онда тұрған не бар?» деп ерегісе кетеді. Қала берсе, қате болса да өзінікін жөн деп мойындатуға тырысады. Ең жаманы мұндай адам бала күнінде әкесі анасынан кешірім сұрағанын көрмеген болуы мүмкін. Бала әкешешесінің азын-аулақ ұрыс-жанжалын көрген болса кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екенін аз болса да ажырата алады. Әкесі қатты кетіп, кейін кешірім сұрамағанын көрген болса, санасына сол көрініс үлгі болып сіңеді. Мұндай адам отағасы ретінде өз қатесін мойындамауы ықтимал. Кешірім сұрау әйелдің маңдайына жазылған деген ұстанымда болуы да мүмкін. Бұл ер азаматқа да, әйелге де қатысты.

Бірақ кешірім сұрау дегені қылмыс жасап қойған адамша басын салбыратып жалынып, жалбарыну емес. Кешірім сұраудың түрі көп. Құшақтап бауырға басудан бастап күлімсіреп көңілін көтеру. Немесе жұбайыңызды қуантатын жағымды жаңалықпен бөлісу деген сияқты. Ал парасатты әйел болса мұны дұрыс түсінеді. Ер азамат ретінде қателігін мойындағанын ұғып өздігінше кешірімін қабылдағанын білдіреді. Әрине, түсінбейтін әйел күйеуі бас иіп тұрса да кешіре алмайды. Түсінбейтін еркек те солай.

Мұсылмандар анасы Сафия бинт Хуяй (Алла оған разы болсын) яһуди қауымы бәну Надир көсемінің қызы болатын. Хайбардағы бәну Надирдің қиянаты үшін мұсылмандар олардан көшіп кетуін талап етті. Міне, осы оқиғаға байланысты Хаяйқызы Сафия (Алла оған разы болсын) анамыз: «Алла Елшісіндей (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көркем мінезді адамды көрмедім. Ол кісі Хайбардан түйеге мені мінгестіріп алды. Түнделетіп жүріп келеміз. Ұйқым келіп басымды ер тоқымның шетіне ұрып аламын. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) болса: Абайла, ей, Хаяйқызы, абай бол», – деп мені қолымен ұстап келеді. Саһба деген жерге келген кезде: «Ей, Сафия! Қауымыңа істеген әрекетім үшін сенен кешірім сұраймын. Алайда олар маған пәлен және пәлен деді³¹», – деген. Қиянат жасап, мұсылмандар мен яһудилер арасындағы келісімді бұзған бәну Надирдің өзі. Бірақ Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жұбайының көңіліне қаяу түсірмеу үшін үлкен басын кішірейтіп, кешірім сұрап көңілін марқайтып тастаған еді. Жұбайлар екі жарты – бір бүтін жаратылыс. Үнемі бір-бірін демеп, артық кеткен жерде кешірім сұрауы, ең бастысы кешіре білуі керек.

³¹ Табарани

Кешіру жалаң сезім емес

«АлдыҢа келсе, атаңның құнын кеш» дейді қазақ. Ұсынған мойынды кісі кеспес дегендей кешірім сұрағанды – кешіру адамгершілік. Алайда кешіру деген не? Бойдақ кезде кешіру көңілдегі кірбіңді жойып, арадағы сезімді қайта қалпына келтіру болса керек деп түсіндім. Әрі мұны оп-оңай деп елестетуші едім. Психолог тәжірибесінен: Бір күні келіншегім хабарласып, кешкі кездесу болмайтындығын айтты. Құрбысымен сауда-саттық жасауға бармақшы екен. Өзімді керексіз сезіндім. Артынан ашуым шықты. Қалайша кездесуімізді кейінге қалдырады? деген ой қанымды қарайтты. Екі күн бойы ашу-ызамен жүрдім. Келесі кездесуде көп өтпей: – Сені бір нәрсе мазалап жатыр ма? – деп өзі бастады. Жанартау сияқты жарылдым. Менен құрбысын артық санағаны қаншалықты көңіліме ауыр тигенін айттым. Ішімдегі бар ренішті шығардым. Сонда ол жұмсақтықпен: – Болған жайтқа қатты өкінемін. Жағдайды саған егжей-тегжей айтуым керек еді. Ойлағаныңдай сенімен кездесуден қашпадым. Құрбымның демалыс күні тек жексенбі. Осыны пайдаланып ол аналар күніне сыйлық алмақшы еді. Соған менің көмегім қажет болды. Ал екеуіміз басқа уақытта кездесе алатынымызды білемін. Бұл сенің көңіліңе тиеді деп ойламадым. Мені кешіруіңді сұраймын», – деді. Бұл сөздерді естіген кезде ашуым буға айналып, жоқ болып кетті. Жүрегім қайта сүйіспеншілікке толды. Арамыздағы түсініспеушілік бір жола жойылды. Бұл жағдай мені қайта мазаламады. Менің ойымша, кешіру деген осы еді.

Уақыт өте шаңырақ көтердік. Кешіру деген оңай шаруа емесін сол кезде түсіндім. Үйленгенімізге жеті апта ғана өткен. Бір күні кешқұрым әйелім екеуіміз дастарқан басында сөзге келіп қалдық. Әңгіме ушыға бастады. Әйелім лезде ілгіштегі плащын алып, жаңбыр жауып тұрған көшеге шығып кетті. Не болғанын түсіне алмай сасып қалдым. Ойымда түрлі сұрақтар айналып жатты. Неге әңгімені жалғастыра бермеді. Ер кісілер сияқты өз ойын, көзқарасын неге

Қорғамайды? – деген ой келді. Бірақ артынан: – Енді, үйге қайтып келмесе не болмақ? – деген жайт менің құтымды қашырды. Ең жаманы кеше ғана үйлендік. Бүгін күйіміз мынау. Барлығын ұмытпақ болып, теледидарды қосып отыра кеттім. Екі көзім экранда, бірақ бар ойым әйелімде.

Ұзаққа созылған қасқағым сәт. Кенет үйдің есігі ашылғанын естідім. Әйелім кіріп келді. – Сені тастап шығып кеттім. Бірақ сенсіз ұзақ тұра алмаймын. Мен ұрыс-жанжалды жеккөремін. Сен дауыс көтеріп сөйлей бастағанда онсыз да мәз емес жағдай ушығып жатқанын сездім, – деді көз жасын тия алмай. Қатты дауыс көтеріп сөйлегенім үшін әйелімнен кешірім сұрадым. Бірақ жүрегімнің түкпірінде болған жағдай үшін оны жазғырып жаттым. Төсекке жаттық. Үн-түнсіз бір-бірімізге арқамызды беріп ұйқыға кеттік. Ауызбен кешірім сұрасақ та, көңілімізде кірбің қалды.

Ертесіне кешегі оқиғаны басымда саралай келе әйелімнен кешірім сұрадым. Ол да менен кешірім сұрады. Сосын бір-бірімізге: – Кешірдім, – деп айттық. Бірақ бұл жолы ішімдегі реніш буға айналып кеткен жоқ. Әрі жылы сезім қайта оралмады. Түндегі көрініс бірнеше апта көз алдымнан кетпей тұрып алды. Әйелімнің плащ киіп, есікке қарай беттеп бара жатқан бейнесін ұмыта алмадым. Санамда бұл көрініс қайталанған сайын жүрегімді сыздатып жатты. Демек, кешіру деген басқа нәрсе.

Кешіру мен кешірмеу

Кешіру қателік жасалғанда қажет. Ал арадағы шиеленіс кешірімді емес, келіссөз жүргізуді талап етеді. Алайда адамға лайықсыз сөз немесе іс-әрекет жасаған кезде, Қарым-Қатынасты Қалпына келтіру үшін кешірім сұрау қажет. Әрі кешіру ләзім. Қатенің үлкені бар, кішісі бар. Екі түрі де бір әдіспен түзетіледі. Шеңберден шығып кеткен сөз. Асыра сілтеп жіберген іс қателігі. Мұны салдарынан жұбайлар ортасында кедергі пайда болады. Уақыт бұл кедергіні кетіре алмайды. Қасиетті Құранда кешірім сөзі бірнеше нұсқамен келтіріледі. Олар: тасамух – жұмсақтық, кішіпейілдік, мейірімділік жасау. Сафх – қыртысын жазып, түзету, елемеу. Ғафу – кешу. Маху – ізін қалдырмай өшіріп тастау. Алла Тағаланың мағфиреті кедергіні жойып, жазаны тоқтатады. Сондықтан, Алла Тағала кешірген болса, Қате-күнәміз үшін есеп беруімізді сұрамайды. Маңыздысы, кешірімді ықыласпен сұрау. Алла Тағала кешірсе, сол қатемізді мұнан кейін бетімізге баспайды. Демек, бір-бірімізді кешірсек, ертеңгі күні сол қатені бетке баспаған жөн. Кешіру тек жалаң сезім емес. Кешіру – шешім. Бұл адамды жазаламаймын, жақсылық етемін деген шешім. Кешірім бөгет пен кедергіні жоқ етеді. Қарым-Қатынастың өсіп дамуына мүмкіндік жаратады.

Ең маңызды, бір мәселе бар. Кешірім төрт жайтты өзгерте алмайды. Біріншісі: кешірім санаға орныққан келеңсіз көріністі өшіріп тастай алмайды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Уахшиді кешірді. Бірақ көзіне көрінбеуін талап етеді. Уахши ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) немере ағасы хазірет Хамзаны (Алла оған разы болсын) ту сыртынан найзамен атып өлтірген еді. Уақыт өтіп Уахши мұсылман болды. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) алдына келіп кешірім сұрады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оны кешірді. Бірақ көзіме көрінбе, деді.

Егер ұмыта алмасаң, кешіргенің, – деп айтатын адамдарды білемін. Бұл дұрыс ой емес. Адамның миы үлкен-кіші барлық жайтты есте сақтап отырады. Мейлің, жақсы естелік, мейлің жағымсыз естелік болсын. Психолог ғалымдар: ми екі бөліктен тұрады. Саналы ақыл және бейсана ақыл. Саналы ақыл дәл қазіргі көріп біліп тұрған жайттарды жазып жатады. Ал бейсана ақыл басыңнан өткен тәжірибелерді жинақтаушы қор. Кейбір жайттар бейсана ақылдан саналы ақылға ықтиярсыз беріліп жатады. Бірақ бұл белгілі уақытта, біздің қалауымыз арқылы жүзеге асады. – Бүгінгі таңғы асқа не жедің? – деген сұраққа мен: «Нанға май жағып жедім», – деймін. Міне, бұл менің бейсана ақылымның саналы ақылыма берген ақпараты. Сұрақ қойылғанға дейін ол жайлы еш ойламаған едім. Бірақ қалауым арқылы, өткен ақпараттарды ақтардым. Кейбір оқиғалар бейсана ақылға терең орнығып қалады. Сондықтан оны ұмыту қиынға соғады. Ұмытуға тырысып қанша әрекет етсең де мұнынан түк шықпайды. Бейсана ақылдан саналы ақылға кейбір естеліктер өз бетінше беріледі. Бұл әдетте жүрегімізге ауыр тиген естеліктер жиынтығы. Кешіріп, арадағы кедергі кеткен күннің өзінде де ара-кідік сол естеліктер бейсана ақылдан бізге еріксіз қалқып шыға береді. Әрине, бұл жарақат жүректі сыздатады. Кейде ашу тудырады. Міне, осы сияқты естеліктер сенің кешіргеніңнің белгісі емес. Бұл жүрек ауыртатын естеліктер жадында сақталған қарапайым пенде екеніңнің белгісі.

Жанға жара салған естеліктерді қалай қабылдау керек? Мәселен, сен мінәжат етіп: «Уа, Раббым! Менің санамда не болып жатқанын Сен білесің. Мұндай жағдайларды есіме алғанда жүрегімде не болып жатқанынан хабарың бар. Маған кешіру нығметін бергенің үшін Саған шүкіршілік етемін. Арамыздағы қарым-қатынас өсіп өрбуі үшін маған жәрдем бер», – дейсің. Бұл дұғаң сенің кешіргеніңді білдіреді. Әрі, болашақта ара-қатынасың түзелгенін қалаудасың.

Екінші: кешіру жамандықтың салдарын жоя алмайды. Бір оқиға, анасы ота жасату үшін ақша жинап жүрген. Баласы сол ақшаны ұрлап, жұмсап жібереді. Баласы жан-тәнімен кешірім сұраса, анасы

кешіруі мүмкін. Бірақ бұл кешірім баланың қателігінің салдарын түзете алмайды. Кеткен ақша қайтып келмейді. Тағы бір мысал, Әйелі мен бала-шағасын тастап кетіп қалды. Жылдар өтіп, қайта оралып болған іске өкініп тұрып кешірім сұрайды. Бала-шағасы кешіруі мүмкін. Бірақ бұл кешірім әкесіз өткен жылдардың орнын толтыра алмайды. Олай болса, әрбір істің салдары бар екенін түсінуіміз керек. Жағымды әрекеттің жанға жайлы әсері бар. Ал жағымсыз оқиға адам көңілін жаралап, із қалдырады. Демек, кешірім жағымсыз жайттың салдарын өшіре алмайды. Мұны түсінуіміз қажет.

Үшінші: кешіру сенімділікті қалпына келтірмейді. Маған күйеуі қиянат жасаған әйел кеңес сұрап келді. Көңілдесімен ара-қатынасын тыйып, әйеліне қайта келген. Әйел: – Күйеуімді кешірдім деп ойлаймын. Бірақ оған енді сенбеймін. Сондықтан өз-өзіме: «Расымен де кешірдім бе?» – деген сұрақ қоямын, – деді. Кешірумен сенімділік қайта қалпына келмейтінін білген дұрыс. Сенімділік адамның түзелуі мен жауапкершілігіне байланысты. Сондықтан жолдасы жауапкершіліктен тайса арадағы сенімділік шайқалуы, тіпті бұзылуы мүмкін. Серігі оған деген сенімді жоғалтады. Ендеше, арадағы сенімді қалай қалпына келтіруге болады? Ең әуелі, жүріс-тұрысты өзгерту қажет. Сөзің мен ісің бір жерден шығатындай мейлінше шыншыл болу. Әрбір қадамың ашық, айнадай мөлдір болып көрініп тұруы. Сонда сенімді қайта қалпына келтіру мүмкін болады.

Төртінші. Кешірім әркез татуласуға және табысуға алып келмеуі мүмкін. Татуласу сөзі қарым-қатынастағы үйлесімділікті меңзейді. Үйлесімділік өз кезегінде көзқарастар қарама-қайшылығына қарамай ортақ әрекет етуді білдіреді. Сонымен бірге, бірлесіп қимылдайтын жаңа жол табу. Яки болмаса, бұрынғы қарама-қайшылықтың шешімін іздеуді білдіреді. Ендеше, табысуға қол жеткізу үшін қанша уақыт керек? Бұл біздің қанша уақыт үйлесімсіз өмір сүргенімізге де байланысты. Кейбір жұптарға жылдар қажет болуы мүмкін. Біреулер бірнеше апта немесе айда қарым-қатынасын түзеуі мүмкін. Құран Кәрімде: «Ал егер ерлі-зайыптылардың ажырасып кетуінен қорықсаңдар ер адамның туыстарынан бір әділ төреші, сондай-

ақ Әйелдің жақындарынан да бір Әділ төреші тағайындаңдар. Бұл екеуінің ниеті жарастыру болса, Алла Тағала оларды сөзсіз қайта табыстырады...³²», – дейді. Демек, өз бетінше бұл мәселені шеше алмауы мүмкін. Мұндайда екі жақтан ақыл-кеңес беретін жанашыр араласуы қажет. Немесе отбасы мәселелері бойынша кәсіби кеңесші көмегіне жүгінген жөн. Кешіру татулықты бірден қалпына келтіреді деп айта алмаймын. Бірақ табысуға мүмкіндіктер тудырады.

³² «Ниса» сүресі, 35-аят

Тақырып басында айтқанымдай, кешіру – қатесін мойындап, бас игенге берілетін жалғыз дұрыс жауап. Егер кешірмеймін деп шешсе, онда арадағы кедергі сол қалпында қала бермек. Нәтижеде қарым-қатынаста шиеленіс пен жеккөру үдере түседі. Мұндайда уақыт кепіл деп айта алмаймын. Жара жазылуы үшін – кешіру шешімі керек. Кешіру қарым-қатынастың дамуына есік ашады.

Бұл бөлімді мынадай бір сұрақпен тәмамдағым келіп тұр: Сізге жамандық жасаған адам кешірім сұрағысы келмесе не болмақ? Меніңше, мұндайда сіз бірінші болып қадам жасап көріңіз. Кешірім сұрауын үміт етіп сізді не мазалайтынын жолдасыңызға айтыңыз. Егер қадамыңыз сәтсіз болса екінші және үшінші рет әрекет етуіңізді ұсынамын. Сол кезде жолдасыңыз: ара-қатынасымызды қалпына келтіруге дайынмын. Мен кешірім сұрауға дайынмын деуі мүмкін. Мәселен, ол кешірім сұраудан бас тартты делік. Осы қалпында өмір сүремін деп тұр. Ешкім біреуді кешірім сұрауға мәжбүрлей алмайды. Егер құлыптанған есікке келіп жетсек, жағдайды тек Алла Тағалаға тапсырудан басқа шара жоқ. Барлық уайым-қайғы мен ашу-ызаны Жаратушы Хаққа тапсырамыз. Ешкім жолдасын ешнәрсеге мәжбүрлей алмайды. Дұрыс қарым-қатынас екеуінің бір-біріне қадам жасауын талап етеді. Осы айтылған мәселелерді үйленбес бұрын үйренсеңіз нұр үстіне нұр. Кешіру жайлы жан-жақты білген кезде отбасы кез келген толқындарға төтеп бере алады. Қарсы алдынан шыққан кедергілерден өту жолын білетін болады. Шынайы кешірім сұрау мен шын кешірусіз бақытты отбасы

жоқ. Кешірім сұрау мен кешіруді үйрену үйлесімді жұп болуға жасалған маңызды қадам.

III. БӨЛІМ

ДӘРЕТХАНА ТАЗАЛЫҒЫ. МҰНЫ КІМ ІСТЕЙДІ?

Бала күнімде біздің үйдің дәретханасы мұнтаздай таза тұратын. Дәретхананы біреу тазалайды деген ой басыма мүлде келмейті. Осы күнге дейін бұл маңызды шаруаны әкем жасағанын немесе анам істегенін білмеймін, – дейді психолог. Олардың тазалап жатқанын ешуақытта көрмегенмін. Ер жеттік. Шаңырақ көтердім. Үйленгенімізге екі жұма болған. Университет жатақханасынан шағын бөлме алдық. Ұядай ғана бөлме. Тап-таза және жайлы. Үш аптадан соң дәретхана түсі өзгеріп кеткенін байқадым. Міне, сол кезде дәретхананы тазалау керектігін білдім. Мұны әйеліме айтқанымда, ол маған: – Ия, түсі жаман болып кетті. Сен қашан тазалайды деп күтіп жүрмін, – деді. – Мен тазалаймын ба? Бұл сенің міндетің деп ойлағам. Мен дәретхана тазалау дегенді білмеймін, – дедім. – Мен саған қалай тазалау керектігін үйретейін, – деп әйелім түсіндіре бастады. Мен болсам: – Арнайы тазартқыш сұйықтық жоқ па, су ағыза салса барлығын жуып-шайып кететін? – деймін, бұған әйелім: – Мұндай сұйық заттар дұрыс тазаламайды. Әрі ақшаны босқа кетіру, – деді.

Бойдақ кезімде дәретхана тазалаймын деген үш ұйықтасам түсіме кірмеген. Уақыт өте келе дәретхана тазалайтын шағын мекемеге жұмысқа да орналастым. Тапсырыспен арнайы дәретханалар тазаладым. Бұл жағынан мықты маман болып алдым. Бұдан кейін ұядай үйімнің дәретханасын тазалау маған оп-оңай шаруа болды. Сізге жеке сұрақ қояйын. Үйленген соң дәретхана тазалығын қайсыбіріңіз мойныңызға аласыз? Отбасылық кеңеске келетін басым көпшілік ер жігіттер мұны әйелдің жұмысы деп есептейді. Ал әйелдер қауымы бұл еркектердің шаруасы деп ойлайды. Демек,

жұбайлардың ешқайсысы бұл міндетті өз мойнына алғысы келмейді. Бірақ екі-үш аптадан кейін дәретхана сол қалпында таза болып тұра бермейді.

Мұны кім істейді? Үйленген соң кім, не істеу керегі жөнінде ақылдасып алған жөн. Мұны әлеуметтанушылар: «жұбайлар міндеті» деп атайды. Біздің замандағы шаңырақтағы шиеленісті ең көп тудыратын мәселе жұбайлар міндетінің нақты және анық болмауы. Кешегі күні, «ер азығы мен бөрі азығы жолда» дегендей әкелеріміз отбасын асырау қамында, көп уақыты түзде өтетін. Ал аналарымыз үй шаруасымен айналысты. Мұнда мәселе айдай анық. Ал бүгінгі күні ерлі-зайыптылардың екеуі де жұмыс істейді. Әйел күйеуі сияқты үйге табыс әкелетін отбасылар көп. Міне, сондықтан көпшілік әйел жолдасы үй шаруасында көмек беруі керек деп біледі. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ешкі сауып, кебісін өзі жамап, үй шаруасына көмек бергені жайлы риуаяттар бар. Сондықтан, ерлі-зайыптылар кім не істеу керектігі жайлы ақылдасып, бөлісіп алғаны жөн.

Бұл мәселені талқылау барысында бірқатар факторлар шешуші рол атқарады. Біріншісі, екеуінің екі бөлек отбасыда тәрбиеленуі. Мысалмен түсіндіріп көрейін. Жас келіншек: – Әр сенбі әкем үйді шаңсорғышпен тазалайтын. Сосын, машинасын жуатын. Ал күйеуім болса, менің еденді тазалап, сосын көлікті жуатын орталыққа апаруымды қалайды. Мен осындай жалқауға тұрмысқа шыққаным сене алар емеспін, – дейді. Жас күйеу болса: –Үйде еденді анам тазалушы еді. Ал көлікті жуу, ол менің қаржылық мүмкіндігіме байланысты. Демалыс күнімнің екі сағатын көлік жууға жұмсағым келмейді. Екі мың теңгеге он-он бес минутта жуып береді. Маған барлық жағынан тиімдісі осы. Айына алты мың теңге жұмсап, көлігімді таза ұстай аламын. Ұсақ-түйек не үшін дау тудыруы керек?! – дейді. Мұндай жағдай әйелді алаңдатады. Күйеуім жауапкершілік дегенді білмейді деп ойлайды. Ал еркектің ойынша мұның жауапкершілікпен ешбір қатысы жоқ. Оның бала кезінде көрген

отбасылық үлгісі басқа. Әйелдің де отбасы жайлы түсінігі түбегейлі өзгеше.

Кеңес беру курсындағы тапсырмалардың бірі, жас келіншектер әкесі үй шаруасына қатысты не істейтіндігін жазып беруі керек. Сонымен қатар, анасы атқаратын жұмыстар тізімін көрсету. Дәл осындай тапсырманы күйеу жігіт де жасап шығады. Мұнан кейін бірлесе отырып, талдауға кірісеміз. Екі жас ата-аналары қай шаруада ортақ, қайсысында ұқсамайтындығын анықтау қажет. Мұнан кейін екеу ара өздерінің талқылауына шақырамыз. Ата-аналарының жұмыстарының үлгісіне сүйене отырып, өздерінің отбасында қайсы істі кім атқаратынын кеңесіп шешеді. Ата-анасының тәжірибесі оларға әсер етуін мойындамау өрескел қателік. Білмеген сыңай таныту отбасылық өмірін жақсартуға, қарым-қатынасын түзетуге деген талпыныс жоқтығының бір белгісі. Кез келген жұп мұны талқылап, ортақ шешімге келгені құба құп.

Кім неге епті немесе икемді? Мұны үшінші қадам деп білу керек. Негізі, әркім белгілі бір істе шебер. Бірі сауда-саттыққа бейім болуы мүмкін. Бұл азық-түлік алуда аса қажет. Сапалысын таңдау, мықтап саудаласу дегендей. Ал екіншісі тек бүгінгі асқа қажетті заттарды алудың үдесінен шығады делік. Біреуі үйдің тазалығына пысық. Ешкім байқай бермейтін жайтты көріп, үйді мұнтаздай етіп жинастырып, тазалауы мүмкін. Біз бес аспап адам болмауымыз мүмкін. Әрі бұл жұбайлардан талап етілетін қасиет емес. Ең бастысы, қабілеттерін шаңырақтың түтіні түзу шығу үшін пайдалану. Қолдарынан келетін, әрі шебер жасайтын істі атқарумен арадағы сезімді күшейтуге жұмсау. Мәселен, футболшылардың барлығының мақсаты ортақ. Сонымен бірге, әр ойыншының өзіне ғана тән міндеті бар. Футболшылардың қабілетіне қарай бірі шабуылда, бірі қорғаныста, ал бірі қақпада тұрады. Жеңіске жету үшін ойыншылардың барлығы өз міндетін жоғары деңгейде орындауы тиіс. Осы қағида отбасындағы міндеттерді бөлуде ескерілуі керек.

Нені жақсы көресің, ал нені жақтырмайсың?

Төртінші фактор. Күйеуі мен әйелі бірауыздан кім, нені істейді дегенді шешіп алу. Ең бастысы, кім, нені ұнатады. Нені ұнатпайды деген мәселені де назардан шығармау. Мәселен, қаражатты қалай жұмсау керектігін екеуі де өте жақсы жоспарлауы мүмкін. Алайда жоспарға сай әрекет ету әйелге оңай, күйеуіне қиынның қиыны болуы ықтимал. Күйеуі шаңсорғышпен кілемді керемет тазалайтын шығар. Бірақ әйелдің жұмысын істеп жатырмын деген ойдан ыңғайсыздық сезінеді. Кейде жақтырмаған істі екеуінің бірі мойнына алуы керек болады. Мәселен, дәретхана тазалығы сияқты. Сондықтан, бірлесе отырып шешім қабылдау керек.

Сынақ жасап көрейік.

Екеуіңізге жаттығу бергім келіп тұр. Бұл жаттығу дәретхананы кім тазалайтындығын анықтау. Бірақ тек қана бұл емес. Сонымен бірге басқа да ең қажетті шаруаны бөлісуге көмегі тиеді. Отбасылық өмірде ең маңызды да қажетті деп білген шаруалар тізімін жазып шығыңыз. Шаңырақта барлығы жүйелі түрде болуы үшін дүкенге барудан бастап, дәретхана тазалауға дейінгі шаруаларды бөлісіп алған дұрыс. Келіншегіңізге де осындай тізім жасатыңыз. Екі тізім негізінде, ортақ тізім жасап шығыңыздар.

Сосын, осы тізімді оңашада мұқият оқып, әр жұмыстың деңгейіне кім атқаруы керектігін көрсетіңіз. Жауапты кісі есімінің бас әрпін жазыңыз. Бірлесіп істеу керек болса, екеуіңіздің де аты-жөндеріңіздің бас әрпі тұрсын. Осылайша тізіммен танысып шығыңыздар. Мұнан кейін кешке отырып, келіскен және келісе алмаған мәселелерді талқылаңыздар. Талқылау барысында нені, не үшін таңдағаныңызды айтып түсіндіріңіз.

Енді, бұл мәселе біршама шешілді делік. Кім, немен айналысатынына келіскендей болдыңыздар. Алайда бұл тізім өмір бойына сақталады деген сөз емес. Жарты жылдан кейін қайта өзгертуге болады. Кейбір жайттар қайта қарап шығуды, тіпті

Өзгертуді қажет етуі мүмкін. Бұл тәсіл екеуіңіз үшін де өте пайдалы. Қала берсе, отбасылық мәселелердегі бірқатар келеңсіздіктердің алдын алатын қажетті қадам.

Отбасы бюджеті

Ақшаны Қайда жұмсадың?!

Үйге керек-жарақ алуға деп ақша сұрасам, неге ашуың мұрныңның ұшында тұрады?! Ашуға мініп, көзің аларып шыға келесің. Ақшаны шаша берме! Оңды-солда жұмсауыңды доғар! – деп айқайға саласың. Ақша сұрасам, үйге азық-түлік алуға сұраймын. Қала берсе, жеке қажеттілігім үшін қаражат бөлуің менің құқығым. Бұл Алла берген құқық. Ақшаны бала-шағаның киім-кешегіне, үйдің ұсақ-түйегіне жұмсаймын. Өзің азық-түлік әкелмейсің. Судың да сұрауы бар екенін білемін. Рас, сен ақша табасың. Мейлінше үнемдеп жұмсауға тырысамын. Алайда арзанның сапасы нашар болады, – дейді Әйелдер.

Еркектің көзінде тірнектеп жинаған қаражатты Әйел оңды-солды шашып жатқандай көрінеді. Алайда мына насихатты ұмытпа. Хадисте:

دِينَارٌ أَنْفَقْتَهُ فِي سَبِيلِ اللَّهِ وَدِينَارٌ أَنْفَقْتَهُ فِي رَقَبَةٍ، وَدِينَارٌ
تَصَدَّقْتَ بِهِ عَلَى مَسْكِينٍ، وَدِينَارٌ أَنْفَقْتَهُ عَلَى أَهْلِكَ، أَغْظَمُهَا أَجْرًا
الَّذِي أَنْفَقْتَهُ عَلَى أَهْلِكَ.

«Құдай жолында жұмсалатын динар (теңге) бар. Құлды азат ету үшін жұмсалатын динар бар. Мұқтажға садақа етілетін динар бар. Бала-шағаңа жұмсалатын динар бар. Мұның ең сауаптысы бала-шағаңа жұмсағаның³³», – делінген. Балаларың жақсы киінсін дейсің. Жылы үйде өмір сүруін қалайсың. Көкөніс пен жеміс, қантмай дастарқанда тұрса дейсің. Мұның барлығына қаражат қажет. Әрі, әйелің мен бала-шағаңа жұмсаған ақшаң үшін сауап жазылады. Мынадай бір әңгіме бар. Өте сараң кісі екен. Жұмыс бабымен сапарлатып кетеді. Бала-шағасына ешбір қаражат қалдырмайды. Жұбайына: –Қымбаттым! Бұл айдағы жалақымды бір жағдайға байланысты жібере алмай тұрмын. Есесіне одан да жақсысын жолдаймын. Саған мың жүрекше жібердім, – деп жазады. Ерлі-

зайыптылар арасында сүйіспеншілік пен мейірім болғаны тамаша. Алайда белгілі дәрежеде ақшаның да қажеттілігі бар. Әйелі: – Отағасы! Сүйіспеншілігіңмен бірге шамалы қаражатты да салып жібер, – деп сәлемдеме жолдаған екен.

³³ Муслим

Әрине, ақша табу оңай емес. Оны жұмсауда да шеберлік керек. Келесі айға ешбір қиыншылық сезбей жетудің жолын қарастыру маңызды. Өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай дегендей. Хадисте: «*Үнемшілік еткен қиыншылық көрмейді³⁴*», – делінген. Отбасылық бюджетті жұмсауда сараңдық шешім емес. Ысырыпшылдық та дұрыс емес. Әбу Бәкір (Алла оған разы болсын): «Бірнеше күндік қаражатты бір күнде жұмсап жіберетін отбасын мен жақтырмаймын», – деген екен.

³⁴ Ахмед

Сараң бір қазан ет асыпты. Әйелімен дастарқан басына жайғасып отырып: – Дастарқан керемет болып тұр. Тек адамның көптігі болмаса, – дейді. Әйелі: –Көп кісіні қайдан көріп тұрсың? Екеуіміз-ақ отырған жоқпыз ба? – десе керек. Сараң: – Қазан екеуіміз ғана отырсақ деп едім, – деген екен. Бала-шағасына сараңдық ету сұмдық емес пе?! Тірісінде бала-шағасына жарытып бермей, өлген соң ұлқызы жиған-тергеніне шалқып өмір сүруі кісінің ақымақтығы емес пе? Бір сараң байды білемін. Әйеліне ақшаны санап беретін. Өзінше үнемдеген түрі. Әйелі мұғалім бауырынан қарызға ақша алуға мәжбүр болатын. Күйеуі қайтыс болғанда байлығы миллионға жететіні анықталған екен. Құдайдың берген байлығын бала-шағасына қимай ақыретке аттанды. Отбасына қимаған дүниені қабірге де алып кете алмасы ақиқат. Ақыретте дүниенің алдыңнан шықсын десең, осы дүниеде игілікке жұмса. Сонда қарсы алдыңнан сауап боп күтіп алады. Ал сауаптың үлкені бала-шаға игілігіне жұмсау. Шариғат бойынша, әйелдің күнделікті тұтынатын барлық затын алып беру еркектің мойнындағы қарызы. Жағдайына жараса жайлы үй, дұрыс киім-кешек дегендей. Күнделікті азық-түлігі, қажет болған жағдайда дәрі-дәрмегі. Риуаятта:

كَفَى بِالْمَرْءِ إِثْمًا أَنْ يُضَيَّعَ مَنْ يَقُوتُ

«Kiciге бала-шағасын қараусыз қалдыру күнә ретінде жеткілікті³⁵», – деген. Әрине, мұның барлығы ер азаматтың табысына қарай жасалады. Ер кісіден табысынан артық дүние талап етілмейді. Шамасы келген үй сатып алады. Шамасы жетпесе әйелі мен бала-шағасына жайлы пәтер жалдайды. Азық-түлік пен киім-кешек те әлеуметтік мүмкіндігі шеңберінде болады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Жомарт – Аллаға жақын. Адамдарға жақын. Жәннатқа жақын, тозақтан алыс. Сараң – Алладан алыс. Адамдардан алыс. Жәннаттан алыс, тозаққа жақын. Білімсіз жомарт Алла құзырында ғибадатшыл сараңнан қайырлы. Ең үлкен дерт – сараңдық³⁶», – деген. Күйеуінің бұл әрекетін ақтап алатын мың бір себеп ізде. Таба алмайтын болсаң, оңтайлы сәтте оған ішіндегі ойыңды айт. Мейлінше жұмсақ сөзбен жеткіз. Оған отағасы ретіндегі жауапкершілігін есіне сал. Ер азаматтың ең жақсы ісі – отбасын ешнәрсеге мұқтаж болмайтындай қамтамасыз ету. Хадисте: «Садақаның ең қайырлысы – сені ешкімге мұқтаж етпейтіндей күйде болуың. Беретін қол алатын қолдан жоғары. Саған мұқтаж адамдардан бастап бер. Әйелің: – Мені қамтамасыз ет, әйтпесе талақ бер, – дейді. Бала-шағаң болса: – Бізді кімге тастап кеттің, – дейді», – делінген. Үнемшілдік пен сараңдықты шатастырып алмау қажет. Бұл екеуі сырттай бір-біріне қатты ұқсайды. Ысырап пен жомарттық та дәл солай.

³⁵ Әбу Дауд

³⁶ Тирмизи

Әйелі қымбат киім-кешек және тағысын тағы дүниелерді талап етіп күйеуін қарызға белшесінен кіргізбесін. Ең жаманы ұрлық жасауға итермелемесін. Бүгінгі күннің тілімен айтқанда парақорлық, ұрлық жолына. Қанағатсыз әйел күйеуін тығырыққа тіреу арқылы отбасының жағдайын нашарлатып жібереді. Бұрынғы әйелдер: «Алладан қорық. Арам табыстан сақ бол. Біз аштыққа да, қиыншылыққа да шыдаймыз. Бірақ ертеңгі күні тозақ отына төзе алмаймыз», – деп күйеуін жұмысқа шығарып салады екен.

Күйеуім сараң. Бұл дәулетті әйелдің сөзі. Отбасылық шығыс қаражатына немқұрайлы қарайды. Қажетті қаражатты бермейді, – дейді. Бұл әйелдің төркіні бай. Қыз күнінен ақшаны емін-еркін жұмсауға үйренген. Үнемшілдік дегенді білмейді. Сондықтан күйеуінің үнемшілдігін сараңдық деп таниды. Қанағат – таусылмас қазына. Нағыз байлық – дүние емес, жанның қанағаты. Жұртпен байлықта жарыспа. Бұл жалғанда мал-дүниеге тойған адам жоқ. Байлық – берекетте. Шүкіршілікте. Құран Кәрімде:

لَئِنْ شَكَرْتُمْ لَأَزِيدَنَّكُمْ

«...Егер шүкір етсеңдер, арттыра беремін...³⁷», – дейді. Қолда барға шүкіршілік ету нығметтің молаюына себеп. Құрбыларымен бәсекеге түсетін әйелдер бар. Құрбысының жаңа көйлегін немесе сырғасын көрсе, күйеуінің мазасын ала бастайды. Бұл бір аурудың түрі сияқты. Ішкі кедейліктің белгісі тәрізді. Көрсен қызарлық ететін әйелдің мақсаты не? Күйеуін қарыздың астына көміп тастау ма? Ағайынға да, досқа да қарыз етіп абыройынан айыру ма?!

³⁷ «Ибраһим» сүресі, 7-аят

Қарызға бату

Сауда-саттықта берекет бар. Алайда сауданың қыр-сырын жетік меңгермей іс бастау қауіпті. Мұндай әрекеттің соңы қарызға батуден аяқталады. Аяққа тұрып кетемін деген оймен тағы қарыз алуға бел буады. Ондағысы қарызды қарызбен жабу. Ер азаматтарға:

- Қарыздың қаншалықты ауыр екенін білген жөн. Қарыз ақыретте сұралатын бірінші ақы. Тіпті шейіттің де қарызы кешірілмейді. Шейіттің барлық күнәсі кешірілсе де, кісіден алған қарызы кешірілмейді.
- Сауда-саттық сияқты көп қаражат қажет саланың бүге-шігесіне дейін зерттеп, оқып үйренбейінше кірме. Осы саланың мамандарының ақыл-кеңесіне құлақ сал.
- Отбасылық өмірде үнемшілдік маңызды. Ысырапқа жол берме. Байлық – көп табыс табуда емес, оны үнемдеп жұмсауда.
- Артық заттарды сатып алуда қажеттілігіне қарай әрекет ет.
- Қарызды қарызбен жабудан сақ бол. Мұндай әрекет адамның қаржылық жағдайын қиындатып жібереді.

Құрметті әйелдер! Күйеуіңнің мал-дүниесін қызғыштай қоры. Оның қаражатын рұқсатсыз жұмсама. Хадисте:

لا تُنفِقْ امرأةٌ من بَيْتِ رَوْحِهَا إِلَّا بِإِذْنِ رَوْحِهَا. قِيلَ: يَا رَسُولَ اللَّهِ، وَلَا الطَّعَامَ؟ قَالَ: ذَلِكَ أَفْضَلُ أَمْوَالِنَا

«Әйел күйеуінің рұқсатынсыз қаражатын жұмсамасын», – дейді.
– Уа, Расулалла! Тамаққа да ма? – деп сұрады біреу. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ол біздің ең абзал мүлкіміз», – деді³⁸.

³⁸ Әбу Дауд, Тирмизи, Ибн Мажә

- Шама-шарқына қарай қор жинауды әдетке айналдырғаны дұрыс. Күйеуіне үнемдеуге, қаражаттың белгілі мөлшерін жинауға көмек бергені жөн.
- Ай ішінде сыйақы, марапат сияқты жолмен қосымша табыс түссе, оны жұмсауға асықпа. Оны келешекте қажетті жайттарға

пайдалану үшін сақтап қой.

– Қаражаттан қысылған кезде күйеуіңнің көңіліне тиетін әрекет жасама. Мәселен, бала-шаға қымбат затты сатып алуды сұрап тұр. Мұндайда: «Сен үнемі балаларға керегін алып беріп жүрсің. Бүгін ол заттарды алудың ешбір қажеті жоқ» деп жігерлендіру.

Елестетіп көріңіз. Белгісіз нөмірден телефоныңызға біреу қоңырау шалуда. Көтердіңіз. – Пәленшенің әйелісіз бе? Жолдасыңыз қайтыс болды, – деп суық хабарды жеткізді. Қандай күйде боласыз? Таңертең жұмысқа шығарып салғансыз. Ойыңызда еш нәрсе жоқ. Кенет, суық хабар естідіңіз. Бұл жай бір мысал. Әрине, мұндайды мысал етудің өзі жөнсіз. Бірақ... Күйеуіңіз аман-есен. Жұрт қатарлы өмір сүріп жатырсыздар. Біреуден кейін, біреуден ілгері. Ең бастысы амандық. Бас амандығы. Бала-шаға амандығы. Риуаятта:

انْظُرُوا إِلَى مَنْ هُوَ أَسْفَلَ مِنْكُمْ وَلَا تَنْظُرُوا إِلَى مَنْ هُوَ فَوْقَكُمْ؛
فَهُوَ أَجْدَرُ أَنْ لَا تَزْدَرُوا نِعْمَةَ اللَّهِ عَلَيْكُمْ

«Өздеріңнен төмен адамдарға қараңдар. Өздеріңнен жоғарыдағы адамдарға қараушы болмаңдар. Міне, бұл Алланың нығметін көрмей кетуден сақтайды³⁹», – делінген. Алланың бергеніне шүкіршілік етуді ұмытпайық. Жаратқанның берген нығметін азсынбайық. Нығметке емес, оны бергенге қарайық. Жоқ деп шағымданудың орнына, шүкіршілік етейік.

³⁹ Бұхар, Муслим

Әлиұлы Хасан жұбайы Талханың қызы Айшаға: – Еркінді өз қолыңа тапсырдым, – депті. Бұл ажырасу ретінде айтылған сөз еді. Сонда, парасатты Айша: «Жиырма жыл менің тағдырым сенің қолыңда. Менің жағдайыма жақсы қарадың. Еркімді қолыма бір сәтке табыстасаң да, дұрыс қарай алмаймын. Сондықтан, тағдырымды өзіңе қайта тапсырдым», – деген екен. Жұбайының сөзіне дән риза болған Хасан бұдан кейін ажырасу жайлы тіс жармаған екен. Жылы сөйлеңіз. Екі ауыз жылы сөз көптеген мәселені шешеді. Құрбыларым сенің қамқорлығыңды естіп іштері күйіп жанады, – депті бір әйел күйеуіне. Демек, әйел жолдасының

жақсылығын асырып, қате-кемшілігін жасыруда. Біреуі болса: «Қыз дәуренім қайта берілсе, өмірлік жолдас ретінде тек сені таңдайтын едім», – депті күйеуіне. Мұндай сөзді естіген ер азамат отбасы үшін барлығын жасайды. Ал анау жетпейді, мынау жетпейді деген шағым жұбайлардың арасына түскен от.

Қаражат жұмсау жоспары

Айша (Алла оған разы болсын) анамыз мынадай бір оқиғаны әңгімелейді:

دَحَلْتُ وَنُذِبْتُ غُتْبَةً أُمُّ رَأُةٍ أَبِي سُفْيَانَ عَ لَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ، فَقَالَتُ: يَا رَسُولَ اللَّهِ ، إِنَّ أَبَا سُفْيَانَ رَجُلٌ
شَحِيحٌ ، لَا يُغْطِيَنِي مِنَ النَّفَقَةِ مَا يَكْفِينِي وَيَكْفِي بَنِيَّ إِلَّا مَا
أَخَذْتُ مِنْ مَالِهِ بِعْغِي رَغْلَمْ ، فَهَلْ عَلَيَّ فِي ذَلِكَ مِنْ جُنَاحٍ ؟ فَقَالَ
رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: خُذِي مِنْ مَالِهِ بِالْمَغْرُوفِ مَا
يَكْفِيكَ وَيَكْفِي بَنِيكَ

«Үйге Ұтбақызы Хинд келді. Ол Әбу Суфиянның жұбайы еді. Хинд: – Уа, Расулалла! Әбу Суфиян сараң адам. Маған және бала-шағама жетерліктен қаражат бермейді. Бала-шағама және үйге керек-жарақты жеткізуім үшін оған білдірмей ақша алуым керек. Осылай етуімде бір кінәрат бар ма? – деп сұрады. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Күйеуінің қаражатынан өзіңе және бала-шағаңа жетерліктей етіп ал⁴⁰», – деп жауап берді». Міне, бұл сахаба әйелдің Пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қойған сауалы. Келесі әңгіме отбасылық бюджет жайлы болмақ.

⁴⁰ Муслим

Алғашқы жылы отбасылық бюджет дегенді ойламадық. Тіпті қаражат дейтіндей ақша да жоқ еді. Тұратын жеріміз – жатақхана. Азық-түлік әке-шешемізден. Киім-кешек жақын туыстардың мерекеде берген сыйлықтары. Есіл-дертіміз – оқуды ойдағыдай тәмамдау. Сабақтан қол босай қалса анда-мұнда ұсақ-түйек жұмыс істейміз. Аздаған табыс көзі осы. Студенттік жылдары үйленген жұптардың көбісінің тұрмысы осы тәрізді өтіп жатады. Бар күш-жігерді оқуға жұмсаймыз. Студент отбасылар қаражат жинау сияқты мәселемен бас қатырмайды. Отбасылық бюджет деген жұмысқа орналасқаннан кейін басталды. Осы кезде қаражатқа байланысты алғашқы талас-тартыстар байқалды. Не сатып аламыз, қашан сатып

аламыз дегендей. Бұл көптеген жұбайлардың мәселесі. Арнайы отбасылық қаражат жұмсау жайлы жоспардың жоқтың қасы. Қаражатты келесі айға дейін жеткізуге қатысты әйелім екеуіміздің әңгімеміз шайқас майданына ұқсайтын. Жан алып, жан берісетін едік. Сөзді созбай, басты мәселеге көшейін. Отбасылық қарапайым бюджет жүйесін жасап көрейік. Бұл жүйе көптеген жұбайлардың осы мәселе төңірегіндегі ұрыс-керістерінің алдын алған. Қаражат жұмсауды дұрыс жоспарлау отбасылық кикілжіңді тиімді шешудің бірден бір жолы. Ендеше, басынан бастайық.

Бюджеттің ең алғашқы кірпіші – үйленген соң менің және сенің табысың деген түсінік болмауы. Табыс ортақ. Жалпы, жұбайлық өмір барлық нәрсенің ортақ болуын мұрат етеді. Біз ерлі-зайыптылар ретінде өміріміздің барлығын бірлесе отырып жоспарлаймыз. Демек, қаражатты жұмсауда бірлесе, ақылдаса шешім қабылдаймыз. Сол сияқты қарыз да ортақ. Қарызды да бірлесе өтеу қажет. Әрі жинайтын қор да ортақ болуы тиіс. Бұл отбасылық өмірдің бір заңы.

Қаражат Қоры және оны жұмсау

Бюджеттің екінші қадамы табысты жұмсау жүйесі. Қаражат үш басты мақсатта жұмсалады: күнделікті қажеттілікке жұмсау. Қайырымдылық, соңғысы қор жинау. Бұл үш жолдың өзіндік мөлшері бар. Отбасылық бюджетте ескерілуі тиіс. Соның бір үлгісі «80-10-10». Таза табыстың 10 пайызы қор ретінде жинақталғаны жөн. Жинақталған қаражат науқастану немесе жұмыссыздық сияқты күтпеген жағдайларға арналады. Сонымен қатар, қарызды өтеу үшін жұмсалады. Қала берсе, көлік яки болмаса үй сатып алу үшін жинақталатын қор. Табыстың екінші он пайызы – қайырымдылыққа. Қайырымдылық – Хақ Тағаланың берген нығметіне деген шүкіршіліктің түрі. Барлық дінде қайырымдылық деген ұғым бар. Бақыт мал-дүниенің көптігінде емес. Бақыт біреуге көмек беру мүмкіндігі. Нағыз бақыт алуда емес, беруде. Жомарттық адам сенгісіз нәтижелерге жеткізеді. Жомарттық үшін бай-дәулетті болу шарт емес. Ең бастысы, қолда бармен бөлісе білу. Шынайы ниет. Кеңпейілдік таныту. Сахабалар заманында Омар бин Убайдулла есімді жомарт жан болған екен. Халық арасында сақилығымен танылған еді. Күндердің күні бір баудың етегінде отырған бозбаланы байқап қалады. Қолында бір жапырақ наны бар. Маңайында айналшықтап ит жүр. Нанын үзіп өзі жеп, тағы бір түйірін итке лақтырып қояды. Омар мұны көріп таңданысын жасыра алмады. Балаға:

– Мынау сенің итің бе? – деді.

– Жоқ.

– Олай болса, неге тамақтандырып отырсың?

– Ас ішіп отырғанымды біреу көргенде, онымен бұйырған нәсібімді бөліспеуден ұяламын, – дейді әлгі бала. Омар ерекше тәнті болды.

– Өзің кім боласың? – деп сұрайды. Сонда бала:

– Құлмын. Мына бау иелерінің басыбайлы құлымын, – деді. Омар үн-түнсіз тұрды да кетіп қалды. Біраздан соң, қайта келді де:

– Ей, бала! Сүйінші, бұдан былай сен Алла разылығы үшін азатсың.

Ал мына бау енді сенің иелігінде, – деді. Қатты қуанған бозбала:

- Ендеше, сіз куә болыңыз. Баудың жемісі қала кедейлеріне – садақа, – деді. Ең жомарт деген Омардың таңданысында шек болмады.
- Ғажап. Өзің мұқтаж және кедей бола тұра, түгелдей садақа еткенің қалай? – деді тамсана. Бозбала дән ризышылық кейіпте:
- Алла Тағала маған жомарттық көрсеткенде, сараңдық етіп қалудан ұяламын, – деген екен. Қайырымды болу көптеген жақсылықтарға септігі тиеді.

Мүмкіндігінше, әр айда қайырымдылық жасауды дағдыға айналдырған жөн. Әрине, ата-анасынан қайырымдылықты үйренбеген болса, садақа беру адамға біршама қиындық тудырады. Сондықтан, жұбымен отырып бұл жөнінде сөйлесіп, талқылауы қажет. Ой бөлісе келе, ортақ бір келісімге келуге болады. Сөз соңында мынадай ғажайып хадиспен бөліскім келіп тұр:

مَا مِنْ يَوْمٍ يُصْبِحُ الْعِبَادُ فِيهِ، إِلَّا مَلَكَانِ يَنْزِلَانِ، فِيَقُولُ أَحَدُهُمَا: اللَّهُمَّ اغْطِ مَنْ فُقِيَ خَلَفًا، وَيَقُولُ الْآخَرُ: اللَّهُمَّ اغْطِ مَنْ سَكَتَ خَلَفًا

«Пенделер әр таң аттырған күні аспаннан екі періште жерге түсіп, бірі: – Уа, Алла! Бергеннің дәулетін еселе, – десе екінші періште: – Уа, Алла! Бермегеннің дәулетін шығын ет», – деп дұға етеді⁴¹».

⁴¹ Бұхари, Муслим

80 пайыз

Табыстың жиырма пайызы жөнінде айтып өттік. Қалған 80 пайызы қалай жұмсалады? Бұл пәтер жалдау, азық-түлік, жол кіре, дәрі-дәрмек және серуендеу сияқты күнделікті қажеттілік қаражаты. Міне, осы негізгі қаражатты дұрыс жұмсауға қатысты әңгімелесейік. Жас жұбайларда кездесетін басты қате қажетсіз ақша жұмсау. Мәселен, тым үлкен пәтер жалдау. Ақшаны анық тұтынатын, аса қажетті заттарға жұмсай білу қажет. Мүмкін болса, 80 пайыздың жартысын ғана пәтерге жұмсайтындай жолдарын қарастыру.

Тұтынатын затты сатып алу мәселесінде сауаттылық қажет. Бұл отбасылық бюджетті тиімді жұмсаудың тетігі. Мәселен, дүкенге бару үшін екі мың теңгеге жанар май құйып, бес жүз теңгелік зат сатып алу сияқты қисынсыз қадамға бармау. Сауда-саттық көрсе қызарлықпен оңды-солды ақшаны шашу емес. Әлеуметтік жағдайды жақсарту мол табыс табуға байланысты емес. Табысты үнемдеу және дұрыс жұмсаумен тұрмысты түзеуге болады. Әрине, бұл біршама уақыт пен ыждахатты талап етеді. Сауатты жұмсау қажетті заттарды сатып алуға мүмкіндік береді. Ең бастысы қаражат үнемделе бастайды. Сауда-саттық өнері (ілімі) оны оқып білуге тұрарлық қажетті дүние. Әбу Суфиян әйелінің қаражат жұмсау жөніндегі Пайғамбардан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сұраған кеңесінде: «Өзіңе және бала-шағаңа керектісін жұмса», – деген. Көрсекызарлықпен қажетсіз қаражат жұмсау отбасылық экономикаға зиян. Әсіресе, сауда орталықтары «бүгін сатып ал да, ертең төле» деп қызықтырады. Заттар бейне бір тегін беріліп жатқандай болып қарыз баптағына кіріп кетпеңіз. Мұндайда ақыл-есті жоғалтып алмау керек.

Тарта жесең тай қалады. Қоя жесең қой қалады. Қоймай жесең не қалады? Түркияда қарапайым құрылыс заттарымен салынған мешіт бар. Ықшамды бірақ көше жамағатына лайықты. Мешітті салған кісі анау айтқан бай-дәулетті кісі емес еді. Бар болғаны үнемшіл, бекерге мал шашпайтын кісі. Үнемі бір нәрсе жегісі келсе, ақшасын ұстап

тұрып, Қайта Әмиянына салып «жегендей болдым» деп өзін тиятын көрінеді. Осылайша жиналған қаражатпен шағын мешіт құрылысын бастаған екен. Осыған ұқсас бір психологтың естелігі бар. Алғаш үйленген жылы жұбайы екеуі қызық ойын ойлап табады. Әр апта сауда үйлерін аралап шығады екен. Көз қызықтыратын қымбат заттарды ұстап, бағасын көріп бір-біріне: «мұндай заттардың бізге қажет болмағаны қандай жақсы» дейді екен. Осылайша сауда орталығынан зат ұстап емес, қол ұстасып қайтады екен. Ең бастысы, көңілдері жайланып шығатын көрінеді. Бұл да бір отбасылық бюджетті жоспарлауға көмек беретін тәсіл. Жұбайлар он мыңнан жоғары сомадағы тауарды ақылдаспай сатып алмау керекпіз деп ақылдасып алуы қажет.

Бюджет жоспарына кім жауапты? Ең соңғы кеңес. Отбасылық кіріс-шығыс қаражатқа жауапты кім? Әдетте, барлық шығынды ер кісі көтереді. Бірақ бұл ақшаға қатысты шешімді еркек қабылдау керек деген сөз емес. Жұбайлар барлық жағдайда бірлесе шешім шығарғаны дұрыс. Басқаша айтқанда, ер азамат табыс тапқан күннің өзінде үйге не қажет екенін біле бермейді. Бұл мәселеде үй шаруасымен айналысатын әйелдің тәжірибесі мол. Кейде, тұтынатын заттарға жұмсалатын қаражатқа ер кісілер мән бере бермейді. Ақшаны ауаға шашып жатсың деп әйелін кінәлайды. Мәселен, тіс пастасы, кір жуу ұнтағының бар-жоғы ер кісіні толғандырмайды. Жоқтығы таза көйлек таппай қалған кезде ғана байқалады. Оған дейін ұнтаққа жұмсалған ақша босқа кеткендей түйіледі. Бюджетке жауапкершілік тек біреуінің мойнында болуы шарт емес. Ең дұрысы екі-үш ай сайын ауысып тұру. Осылайша кімнің жоспарлауы отбасылық бюджетке тиімді екенін аңғаруға болады. Әрі бұл отбасында артық ақша жиналуына септігі тиюуі мүмкін.

Жыныстық Өмір туралы

Бұл – өте жеке тақырып. Көпшілік талқысына салатын мәселе емес. Десе де, асыл дінімізде аталмыш тақырып аясында қажетінше жауап бар. Ең Әуелі, мына хадиске зер салайық. Риуаятта:

وفي بُضْعٍ أَحَدِكُمْ صَدَقَةٌ ، قالوا يا رسولَ اللَّهِ يأتي أَحَدُنَا شهوتُهُ ويَكُونُ لَهُ فيها أَجْرٌ ؟ قال أَرَأَيْتُمْ لو وضعها في حرامٍ أَكان يَكُونُ عليه وَزْرٌ ؟ قالوا: نعمُ ، قال فكذلك إذا وضعها في الحلال يَكُونُ لَهُ أَجْرٌ

«...Әйелдеріңмен қосылуларыңның өзі – садақа, – дейді пайғамбар. Мұны естіген адамдар: Уа, Расулалла! Сонда, тәң рақаты үшін бізге сауап бар ма? – деді. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): – Адам құмарын арам жолмен қанағаттандырса, оның ауыртпалығы (күнәсі) бар емес пе? – деді. Жұрт: Иә, – десті. – Сол сияқты, құмарын адал жолмен алғанға сауап бар, – деп түсіндірді⁴²». Демек, ойнастық – күнә болғаны сияқты, некелі жарымен бірге болу – сауап. Отбасылық өмірде бұл аса маңызды тақырып. Аталмыш мәселе төңірегінде доктор А.С.Салмун «Денсаулық және өмір» атты еңбегінде: «Ер адам үйленгенге дейін жыныстық қатынастан ешбір қиындықсыз тиыла алады. Ал ұялмай жыныстық қалауын қанағаттандыру денсаулыққа қажеттілік деп кеңес беретіндердің сөзі медициналық тұрғыдан ешбір негізі жоқ бос сандырақ», – дейді.

⁴² Муслим

Өткен ғасырдың 60-жылдары еуропада еркін жыныстық қатынас түрі насихаттала бастады. Некеге дейін пәктікті сақтау ескіліктің сарқыншағы ретінде қаралды. Арсыздықты насихаттайтын идеология бойдақтың жыныстық байланыста болмау денсаулыққа зиян деген ой қалыптастырды. Бірақ, дәрігерлік антына берік мамандар мұны теріске шығарады. Англия патша сарайының дәрігері Джеймс Педжет: «Пәктікті сақтаудың денсаулық пен психологияға ешбір зияны жоқ. Пәктікті сақтаған өте жақсы», – дейді. Маман сөзін жалғастырып: «Жастар табиғи қалауын басқа құмарлықтардан

Қарағанда көбірек тізгіндеуі қажет. Себебі жыныстық қалау бағынуы қиын, ең қатты әлсіретуші, денсаулыққа зияны көп», – деп түсіндіреді.

Осы жерде тағы бір мәселе сұранып тұр. Бұл ер мен әйелдің физиологиялық ерекшеліктері. Шариғатта әурет деген ұғым бар. Тілдік мағынасы – осал, әлсіз, қорғалмаған жер. Шариғи ұғымы – адамның бөтен көзден қорғалуы қажет ағзасы. Ер адамның әуреті – тізе мен кіндік арасы. Әйелдің денесі тұтастай әурет. Бет-жүзі, алақаны мен аяғының тобығынан төменгі жағы ғана әуретке жатпайды. Демек, әйелдің денесі тұтастай жат көзден қорғалуы тиіс. Мұны әйелді кемтісу, құқығын шектеу деп сынау қате. Киім әйелдің ар-намысын қорғайтын құрал. Керісінше, қысқа тіпті ашық киінуі әйелдің ұятына қол салу. Қазақ: «Ұят – иманның қабы» дегендей киімнің басты функциясы – адамның ұятын сақтау. Бүгінгі таңда, мұсылман емес әйелдер де сұқ көздерден шаршағанын айтып шағымдануда.

Американдық әлеуметтанушы маман: «Батыс елдерінде көптеген жастар үйленуге дейін белсенді жыныстық өмір сүреді. Ол ортада қалыптасқан пікір бойынша мұндай үрдіс жастарды отбасылық жыныстық өмірге дайындайды. Алайда батыс психологтарының зерттеуі бұл «тұжырымды» түбегейлі теріске шығарады. Үйленгенге дейін жыныстық қатынаста болған отбасылар арасында некені бұзу фактілері жоғары. Ал үйленген соң жыныстық өмір бастаған жұптар арасында ажырасу көрсеткіші төмен. Бұған қоса бейсана ақылда үйленгенге дейінгі қарым-қатынастар сақталып қалады. Келеңсіз жағдай ара-кідік еріксіз сананы мазалап, жағымсыз әсер тудырады. Бұл жұптық өмірдің шырқын бұзады», – дейді. Енді, негізгі тақырыбымызға оралайық. Қасиетті Құранда:

﴿ نِسَاؤُكُمْ حَرْثٌ لَّكُمْ فَأَتُوا حَرْثَكُمْ أَنَّى شِئْتُمْ ﴾ وَقَدْ مَوَّالَ أَنْفُسِكُمْ

«Әйелдерің – сендер үшін егіндіктерің. Егіндіктеріңе өздерің қалаған түрде келіңдер. Өздерің үшін әзірлеңдер...⁴³» – дейді.

«Тұхфат Арусаин» кітабында жас отбасы жайлы қысқа бір хикая бар. Тату-тәтті өмір сүріп жатқан жұбайлар әңгімесі. Олар екі жарты, бір бүтін еді. Жұрт сүйсінетін жұп екен. Бір жыл өтсе керек. Әйел мінез көрсете бастайды. Бастапқыда күйеуі байқамағандай сыңай танытады. Ондағысы, өзі біліп басылар деген ой. Уақыт өте, әйелдің мінезі үдере түсті. Мән-жайды сұрап көріп еді, әйелі барлығы дұрыс дегендей жауап береді. Келіншегінің көңіліне қаяу түсірмей, мәселені шешу жолын қарастырады. Таңертең күйеуі бір жапырақ жазбаны ас үйге қойып кетеді. Хатта: «Тірлігіңе пысық бол, қалауыңа жетесің», – деп жазған екен. Ақылы болса, осыдан кейін айыбын біліп, жөнге келер деп топшылады. Кешке үйіне келеді. Әйелі біршама көңілді сияқты. Киімін ауыстырмақ болып жігіт жатын бөлмеге кіреді. Көзі төсекте жатқан өзінің жазбасына түскен екен. Осы кезде әйелінің теріс мінезінің сырын түсінгендей болған екен. Олай болса, бұл мәселеге ат үсті қарауға болмайды. Ендеше, шымылдық әдебі жайлы шариғат не дейді?

⁴³ «Бақара», 223-аят

1. **Жақындасудан алдын «бисмиллаһ» айту мустахаб.** Ал қосылар алдын:

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ جَنَّ بَنَّا الشَّيْطَانِ وَجَنَّ بِنَا الشَّيْطَانِ مَا رَزَقْتَنَا

«Бисмиллаһ, Аллоһумма жаннибнаш шайтона, уа жаннибиш шайтона ма разактана», – дұғасын айту (Мағынасы: Бисмиллаһ, Аллаһым шайтанды бізден алыс ет. Әрі шайтанды бізге берген перзенттен алыс ет). Хадисті жеткізуші Ибн Аббас (Алла оған разы болсын): «Әйеліңмен қосылар болсаң: «Бисмиллаһ, Аллаһым шайтанды бізден алыс ет. Әрі шайтанды бізге берген перзенттен алыс ет», – деп дұға ет. Сол түні ана құрсағына бала бітіп, перзент сүю жазса, балаға шайтан ешқашан зиян етпейді⁴⁴», – деген риуаят жеткізген. Хадистегі «шайтан зиян етпейді» деген сөздің мағынасын Мужаһид: әйелімен қосылғанда «бисмиллаһ» айтпаса, шайтан жұбайларға зияны тиеді, – деп талқылаған. Басқа ғұламалар: «бисмиллаһ» берекетімен шайтан баланы дінде азғырмайды.

⁴⁴ Бұхари

2. **Жамылғымен денелерін бүркеу.** Жыныстық қатынас кезінде жамылғысыз қалу макрух. Ибн Омардан (Алла оған разы болсын) риуаят етілген хадисте: «Жалаңаштанудан сақтаныңдар. Үнемі сендермен болатын періштелер бар. Тек дәретке шыққандарыңда ғана жоламайды. Тіпті әйелдеріңмен бөлек қалғандарыңда да періштелер сендермен бірге. Олардан ұялыңдар, оларды сыйлаңдар⁴⁵», – деген.

⁴⁵ Тирмизи

3. **Қажеттен тыс сөйлемей.** Құбайс бин Зуайб (Алла оған разы болсын) риуаятында: «Әйелдеріңмен қосылғанда көп сөйлемейдер. Нәрестеде сақаулық пен кекештік болады», – деген.

4. **Төсек ләззаты.** Бірдей сезіну үшін күйеуі әуелі әйелінің құмарлығын оятуы. Анас бин Малик (Алла оған разы болсын) баяндаған хадисте: «Кісі жұбайымен қосылар алдын әуелі әйелін әзірлеп алсын. Әйелі ләззат алмайынша өзі ләззаттанып қоюға асықпасын», деген. Ер кісі құмарлығын сезініп, ал әйел ләззат алмаса зиян көреді.

5. **Құпия сақтау.** Екеуі де жеке қалғандағы қарым-қатынастарын құпия сақтау міндет. Ерлі-зайыптылар арасында болғанды бөгде кісіге айту үлкен күнәға жатады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Қияметте Алла құзырында ең жаман адамның бірі жұбайымен қосылып, онысын жұртқа жайып салған⁴⁶», – деген.

⁴⁶ Муслим

6. **Кісі әйелінің етеккір немесе босанғаннан кейінгі күтіну мерзімінде жыныстық қатынастан тиылуы міндет.**

7. **Төсек қатынасында орташа мөлшерді ұстану қажет.** Себебі жыныстық қатынасқа көп түсу денсаулыққа едәуір зиян келтіреді.

Міне, бұл шымылдық әдебі жайлы қысқаша мағлұмат. Келесі ерекше маңызды мәселе – төсектен кейінгі тазалық. Бұған жеңіл қарауға болмайды. Жүніп және ғұсыл мәселесі. Жүніп – жұбайлардың қосылғаннан кейінгі дәретсіздік күйі. Сонымен қатар, бойдан құмарлықпен ұрық шыққандағы таза емес қалпы. Ғұсыл

Құйынуды «бой дәрет» деп те айтады. Әйелдер етеккір немесе босанғаннан кейін келетін Қан тоқтаған соң да Ғұсыл Құйынуы парыз.

Ғұсыл Құйыну Қандай жағдайда міндет?

Ғұсыл Құйыну – денені толық жуып, тазалану. Мұсылман жұма намазына, екі айт намаздан алдын Ғұсыл Құйыну сүннет. Сонымен қатар, міндетті түрде Ғұсыл Құйыну Қажет жағдайлар бар. Олар:

1. **Шәуеттің шығуы.** Ұйқыдағы немесе ояу адамның (ер кісі және әйелдің) бойынан шәуеттің ләззатпен шығуы. Үмму Салим Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келіп: «Уа, Расулалла! Әйел де ұйқыда еркек секілді түс көреді, мұндайда Ғұсыл Құйынады ма?» – деп сұрады. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Құмарлық сезеді ме?» – деді. Үмму Салим: «Болуы мүмкін», – деді. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «(Бойынан немесе киімінен) ылғалдық көреді ме? – деді. Үмму Салим: «Болуы мүмкін», – деді. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ондай болса, Ғұсыл Құйынсын», – деп жауап берді. Кісі ұйқыда жатып түс көрсе, алайда киімінен шәуеттің белгісін таппаса Ғұсыл Құйыну парыз емес. Түс көрмей бірақ ояңғанда киімінен шәуеттің ізін байқаса Ғұсыл Құйыну шарт болады. Сонымен қатар, науқастық немесе басқа да себеппен ешбір Құмарлықсыз кісі бойынан шәует шықса зәр үкімінде есептеледі. Мұндай жағдайда тек дәрет алу қажет. Сондай-ақ, ұйқыдан кейін дәрет алып намазын оқып, артынан киімінен жүніптік белгісін көрсе, намазын қайта оқиды.

2. **Ерлі-зайыптылар жыныстық мүшелері жанасса.** Айша (Алла оған разы болсын) анамыз бұл жайлы Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ұшы ұшына енсе Ғұсыл уәжіп болады», – деген сөзін риуаят етеді. Ер кісі мүшесінің басы әйел жатырына енсе, екеуіне де Ғұсыл Құйыну міндет. Мұндай жағдайда бойдан шәует шықса да, шықпаса да Ғұсыл уәжіп.

3-4. **Әйелдің етеккірі және босанғаннан кейінгі қан келу кезеңі біткеннен кейін Ғұсыл Құйынуы парыз.** Құранда: «...қашан олар нақ тазарса...», – деп әмір етілген. Әбу Ханифа Омар (Алла оған разы болсын) және Ибн Масудтан (Алла оған разы болсын) риуаят

етеді: «Хайыз (етеккір) – Қаны тоқтаған Әйел. Әйел етеккірден соң
Ғұсыл Құйынбайынша хайыз болып есептеледі.

Президенттің перзент батасы

Мағқил бин Ясар (Алла оған разы болсын) риуаяты: Бір кісі Пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Текті және сұлу, бірақ бала туа алмайтын әйел бар екен. Сол әйелге үйленсем деймін», – деп ақыл сұрайды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) басқа әйелге үйленуіне кеңес етті. Бірақ әлгі кісі бір емес үш қайтара рұқсат сұрайды. Сонда, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Жарқын жүзді, көп бала туатын әйелге үйленіңдер. Ақиқатында, мен сендерді басқа үмбеттер алдында мақтан етемін⁴⁷*», – деген екен. Демек, риуаятта халық санының көптігінің маңыздылығы айтылуда. Десе де хадисте бедеу әйелге үзілді-кесілді үйленуге тиым етіліп тұрған жоқ.

⁴⁷ Әбу Дауд

Кезінде, Израилдің бесінші премьер-министрі Голда Меир бала туу статистикасын үнемі жеке бақылауында ұстаған екен. Өйткені, халық саны экономика және қауіпсіздік тұрғысынан мемлекет күшінің бір көрсеткіші. Түркия – түбі бір, тілі бір бауырлас ел. Ел президенті Режеп Таип Ердоған жастардың неке қию рәсімдеріне куә ретінде қатысқаны әлеуметтік желілерде жарияланды. Президент жас жұбайларға тілек айта келе, елдің демографиясына алаңдаулы екенін де сөзге тиек етті. Жастарға бақыт тілей отырып: «Бір бала – жалғыз, екі бала – бәсекелес, үш бала – тең, төрт бала – берекет, қалғанына Алла Тағала Жомарт», – деп бата береді. Түркия халқының саны ресми ақпарат бойынша 82 миллионға жетеді. Десе де, соңғы жылдары демографиялық өсу төмендеуде деп үлкен мінберлерден айтып жүр. Демек, елдің дамуында халық саны маңызды фактор. Балалы үй базар, баласыз үй мазар дегендей кезінде Досай шешен де жүрген жерінде осы мәселені насихаттайды екен. Бәйгелұлы Досай шешеннің:

Бір баласы бардың шығар-шықпас жаны бар,

Екі баласы бардың болар-болмас халі бар,

Үш баласы бардың үш рулы елде малы бар.
Төрт баласы бардың төрт құбыласы тең болар,
Бес баласы бардың дес бермейтін жөні бар.
Алты баласы бардың алмай қоймас саны бар,
Жеті баласы бардың алмай қоймас жаны бар,
Сегіз баласы бардың сергелдеңге салар көрі бар,
Тоғыз баласы бардың толғандырар жолы бар.

Он баласы бардың орда бұзар қолы бар, – деп төрт емес он балалы болуға дейін насихаттап жүрген. Бір отбасыда үш бала халық саны тұрақтануына ықпал етеді. Ал төртінші бала халық өсіміне үлес қоса бастайды. Кімнің төрт-бес балалы-шағалы болғысы келмейді?! Бірақ, баспанасыз пәтерден пәтерге көшіп жүргендер төртеуін ілініп-салынып өсіргенше, бір бала бірақ бар жағдайын жасаймын деп ойласа керек. Бұл да дұрыс шығар. Алайда, бүгінгі күннен әлдеқайда тұрмысы төмен өткен ғасырдың 50-60 жылдары қазақ шаңырағында кем дегенде 4-5 баладан болған. Ал жартысына жуығы 7-9 балаға дейін тәрбиелеген. Қазақта: «қой егіз тапса, шөптің басы айыр шығады» деген дана сөз бар. Әр бала өз ризық-несібесімен туады. Қала берсе, дүниеге келген перзент шаңырақтың берекетін арттыра түседі. Халық санының өсіміне кері әсер тигізетін факторлардың бірі – үйленбеген жастардың көптігі. Еліміздің 26 пайызын құрайтын 14-29 жас аралығындағы жастардың миллионға жуығы бойдақ. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Үйленіңдер, көбейіңдер. Мен сендердің көптігіңді басқа үмбеттер алдында мақтан етемін», – деген. Себебі көптің ішінен дана да, батыр да шығады.

Құран Кәрімде Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардың: «Раббым, маған ізгі ұрпақ бер⁴⁸», – деген мінәжаты бар. Еуропа елдерінде демографиялық дағдарыс кезеңі өтуде. Бұған кеш үйлену, балалы болуға асықпау, ажырасудың көптігі сияқты отбасы институтының жоғалуына алып бара жатқан факторлар себеп. Имам Ғазали: «Ер азамат үйленудегі ниеті ұрпақ сүю болса, сол ниеті үшін сауап алады», – дей келе, перзентті болудың неліктен құлшылық, яғни сауап іс екенін

санамалап шығады. «Біріншіден, жер бетінде Ұрпақ қалдырумен Алла Тағаланың сүйіспеншілігіне бөленуі. Екіншіден, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өсиеті мен өнегесіне сай өмір сүргендіктен. Үшіншіден, бала-шаға берекеттің кені. Ізгі Ұрпақ ата-бабасына үздіксіз дұғада болады», – деген. Тәуелсіздіктен кейін көрші елдерде демографиялық өсу артқан. Бұған елдеріндегі төмен экономика ешбір кері әсерін тигізбеген. Демек, ұлттың өсуін толықтай тұрмыстың жоғары деңгейімен байланыстыруға болмайды. Бұған дамыған елдердегі халық санының күрт төмендеуі де көрсеткіш болар.

⁴⁸ «Саффат» сүресі, 100-аят

Қыз – жақсылық, Ұл – нығмет

Ел арасында: Үш қыз өсірген әке жәннатқа кіреді, – деген сөз бар. Бұл шариғатымыздан бастау алатын сөз. Десе де, Ұлды аңсап «Жаңыл, Ұлту, Ұлболсын» деп қыздарының есімін қойып жатады. Табиғин Ғұлама Хасан Басри (Алла оған разы болсын): «Қыз – жақсылық, Ұл – нығмет. Жақсылық үшін сауап аласың, ал нығмет үшін есеп бересің», – деген екен. Қазақта: қызың қалса – ізің қалғаны, ұлың қалса – өзіңнің қалғаның, – деген нақыл бар. Сахаба Ұқба бин Амирден (Алла оған разы болсын): «Қыздарды жеккөрмеңдер, олар бауырмал әрі қымбат», – деген хадис жеткен. Хадис Ахмад бин Ханбалдың «Муснад» кітабында келтірілген. Қыз әкеге жақын, әрі жанашыр. Аға-інісіне деген бауырмалдығы да мәлім. Перзент сүйіп ана болған сәттен бар мейірімін бала-шағасына төгеді. Қыз – мейірімділік кені іспетті. Хадистегі «Әрі қымбат» деуі қыз тәрбиелеудің сауабы мол екенін білдіреді. Тағы бір мағынасы, қыз – жұпар иісті болады. Араб халқында қымбат деп ең сапалы иіс суды айтады.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) 35 жасында төртінші қызы дүниеге келді. Естігенде қатты қуанады. Мұны жақсылыққа балап, Фатима деп әжесінің есімін береді. Кенже қызы Фатиманы – Заһра, яғни Гүлім деп еркелететін. Мінезі, жүріс-тұрысы әкесіне қатты ұқсайтын. Қызы Фатима кіріп келсе әкесі Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) орнынан тұрып қарсы алатын. Қолынан ұстап, маңдайынан сүйетін. Өзінің орнына отырғызатын. Фатима да әкесі үйіне келсе, тұрып қарсы алатын, қолынан ұстап, сүйетін және өзі отырған жерден орын беретін. Міне, бұл әке мен қыздың арасындағы мейірім мен сүйіспеншілік. Хадис ғалымы Яқұп бин Бұхтан былай дейді: «Менің жеті қызым бар. Әр қызым туғанда еңсем түсетін. Ахмад бин Ханбал: Ей, Яқұп! Пайғамбарлар да қыздардың әкесі болған», – деп құттықтап көңілімді көтеріп кететін, – дейді. Қасиетті Құрандағы: «...Кімге қаласа қыз сыйлайды, кімге қаласа ұлдар береді⁴⁹», – аятына

Қатысты, ғалымы Әлуси «Рух-Мағани» тәпсір еңбегінде: «Кісі бала-шағасына бір нәрсе берсе, ең әуелі қызынан бастағаны құп саналады», – деген. Мұса (ғ.с.) пайғамбардың қиссасында Мұса (ғ.с.) Шұғайып ауылына бас сауғалап барады. Ақсақал жас жігітке жалшы болып жұмыс істеуді ұсынады. Осылайша, он жылға жуық Мұса (ғ.с.) пайғамбар қой баққан. Бұл оқиғаның мың хикметінің бірі, Алла Тағала қыздардың әкесіне осылайша құрмет көрсеткен деседі.

⁴⁹ «Шура» сүресі, 49-аят

Исламға дейін араб қоғамында қыз тағдыры өте ауыр болатын. Бұл теріс салтты Құран Кәрімде: **«Егер, олардың біреуі қызбен сүйіншіленсе (әйелінің қыз тапқанын естісе), оны ашу қысып, беті қап-қара болып түнереді⁵⁰»**, – деп суреттейді. Қыз маңдайындағы бұл қасірет тек араб қоғамында болмады. Басқа халықтарда да әйел тағдыры жан төзгісіз күйде еді. Әйелге теңдік бермек болған кешегі кеңестік қоғам «әйел еркекпен тең» деп нәзікжандылардың табиғатымен санаспай, ауыр жұмысқа жегіп жіберді. Ғұламалардың айтуынша: *«Қызға төрт ер азамат жауапты. Әкесі, ағасы мен інісі және күйеуі»*. Бұл шариғаттың қамқорлығы. Дініміз бен дәстүріміздегі әйелдің теңдігі мінсіз. Әбу Сағид Худри (Алла оған разы болсын) риуаяты еткен хадисте: *«Кімнің үш қызы болып, оларды тәрбиелеп тұрмысқа берсе, әрі жақсылығын тоқтатпаса, оның жәннаты бар»*, – делінген. Бұл риуаят Әбу Дауд еңбегінде. Хадис үш қыздың әкесіне қатысты. Оларға қамқорлығы мен жылуын сыйлап, лайықты дәрежеде тәрбие берсе, бойжеткен уақытында теңіне ұзатса, мұнан кейін де қызының хал-жағдайына алаңдап жүрсе, ол әке жәннаттық. Шағби (Алла оған разы болсын) қызды жаман жерге ұзату қиянат екендігін айтып: *«Кім қызын пасыққа тұрмысқа берсе, қызымен (ата-аналық) қатынасын үзгені»*, – деп кесіп айтқан. Қазақ *«Қыз қонақ, жат жұрттық»* деп жатады. Қыз бой жеткен соң, тұрмыс құрып бөтен үйдің түтінін түтетері анық. Қыздың құтты жерге қонып, бағы ашылуы үшін ата-ана жауапты. Сонымен қатар, әпке-қарындасына қамқор болған азаматқа да осы жақсылық бұйырады.

Өйткені қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі. Қызы бетімен кеткен ұлттың болашағы бұлыңғыр. Қара көз қарындастарымыз темекіні будақтатып, ешбір қысылмай орысшалап былатып сөздер айтып тұрғанын еріксіз естігенде басыңа қойып қалғандай күй кешесің. Әке қызын тәрбиелейді, ал қыз тұтастай ұлтты тәрбиелейді деген нақыл бар. Хасан Басриден (Алла оған разы болсын): «Менің қызымды айттырып келушілер көбейді. Кімге тұрмысқа бергенім жөн? – деп ақыл сұрап келеді. Ғұлама: «Алладан қорқатын жігітке тұрмысқа бер. Ондай жігіт қызыңды жақсы көріп тұрса қадірлеп, сыйлайды. Ал ашуланса қызыңды ренжітпейді» – деп кеңес берген екен. Айша (Алла оған разы болсын) анамыз: «Неке – тәуелділік. Қыздарыңды қайда ұзатып жатқандарына қараңдар (яғни мән беріңдер)», – деген. Ұлттық идеологияда қыз тәрбиесі мен ана мәртебесі маңызды мәселелердің бірі. Қазақта: «Дау қарындастан», «Жесір дауы» деген мәселелер, әйелдің тағдырына ерекше көңіл бөлгенін білдірсе керек. Бала бағып отырған аналарға айлық тағайындау қажет. Бұдан мемлекет ұтпаса ұтылмайды.

⁵⁰ «Нахыл» сүресі, 58-аят

Әйелім жұмыс істемейді

Бойдақтықпен кеше ғана қош айтысып, бүгін шаңырақ көтерген ер азамат мынаны білгені жөн. Әйел еркектің қабырғасынан жаратылған. Қабырға адамның қос білегінің құшағында және жүрегінің тұсында тұратын сүйек. Жүрек сүйіспеншіліктің қажет етеді. Әйелдің өмір жолы жақсылыққа тола. Шыр етіп дүниеге келген кезде әкесіне жәннат қақпасын ашатын қыз. Бой жетіп тұрмыс құрғанда күйеуінің дінін кемеліне келтіретін әйел. Ал дүниеге перзент әкеліп ана болғанда баласы үшін оның табаны жәннатқа апарар жол болмақ.

Отбасылы азамат психолог маманға кеңес алуға барған көрінеді. Жұмасына жеті күн жұмыс істейтін кісі жан сырын ақтарады. Ішіндегі дертіне жауап іздеп келсе керек. Психолог пен емделуші арасында мынадай диалог өрбіген екен:

- Кім болып қызмет етесіз?
- Банкте есепшімін.
- Әйеліңіздің мамандығы не?
- Жұмыс істемейді. Тек үйде балаларға қарайды.
- Таңертең балаларға таңғы асты кім дайындайды?
- Әйелім ғой. Өйткені оның басқа жұмысы жоқ.
- Әйеліңіз таңертең сағат нешеде тұрады?
- Бес жарым шамасында. Өйткені таңғы ас әзірлеуі және балалардың мектеп киімдері сияқты ұсақ-түйектерді дайындап қоюы керек.
- Балаларды мектепке кім алып барады?
- Әйелім. Себебі оның менікі сияқты жұмысы жоқ.
- Балаларды мектепте апарып тастаған соң, әйеліңіз немен айналысады?
- Жұмысы жоқ болған соң, базарға азық-түлікке барады. Балаларға түскі тамағын пісіреді. Сосын менің және балалардың киімдерін жуып тазалап дайындайды.
- Жұмыстан келген соң, сіз немен айналысасыз?

- Ауыр жұмыс күнінен кейін біршама тынығып демаламын.
- Әйеліңіз ше, кешке не шаруамен айналысады?
- Сол баяғы шаруасы ғой. Кешкі ас пісіріп, дастарқан дайындайды. Тамағымызды ішіп болған соң ыдыс-аяғын жуып, балаларды ұйқыға жатқызады...

Міне, еркектің әйел жұмысына берген бағасы осы. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шаңырақта әйелдеріне үй шаруасына көмектескені. Намаз уақыты болғанда ғана мешітке шығатындығы жайлы хадистер сөз жүзінде қалмауы керек. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сөзбен де, ісімен бізге үлгі көрсеткен. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) түзде шаруасы өте көп болды. Десе де, жұбайының үй ішіндегі бір қарағанда елеусіз, бірақ аса маңызды шаруасына қол ұшып беріп, көмектескен. Сондықтан, әйелім табыс таппайды. Тек үй шаруасымен айналысады деген қате пікірден аулақ болайық. Өйткені әйелдер қарапайым үй шаруасы мен бала күтімі арқылы ертеңгі ел тізгінін ұстайтын ер азаматтарды тәрбиелейді. Демек, әйелдің жұмысы аса маңызды.

Мұхаммед Ғазали «Үй шаруасындағы әйел» жұмысына немқұрайлық танытып, менсінбей қарайтындар бар. Олар бұл қызметтің қаншалықты маңызды әрі ұлттың бүгіні мен болашағының моральдік және әлеуметтік бейнесіне қаншалықты ықпал ететінінен бейхабар надандар. Шаңырақ ішіндегі бұл қызметтің ауыртпалығы түздегі ер азаматтың қиын жұмысына парпар. Шариғат ер мен әйелге табиғатына ең лайық және мейлінше жетістікке жететін бағытын берген. Әрине, кейбір әйелдердің жеке қасиеттері (мұғалім, дәрігер, мем. қызметкері болуы) болмысын жоққа шығара алмайды, – деп жазады. Үй шаруасы жұмыс кестесі мен айлығы жоқ. Ерекше мейірімділік және айрықша жанкештілікпен атқарылатын ауыр қызмет. Кезекті еңбек демалысы деген атымен жоқ. Қала берсе, алғыс орнына сын мен наразылық естуі әбден мүмкін. Бұл қызмет талғампаз гурман көңілінен шығатын аспаз және кірпияз

адамның бабын табатын Үй тазалықшысы, сонымен қатар балаларға дәрігер, мұғалім және мотиватор болуды талап етеді.

IV. БӨЛІМ

РУХАНИ ӨМІР

Хадисте: «Түнде намазға тұрып, жұбайын құлшылыққа оятқан, тұрмаса бет-жүзіне су бүркіген кісіні Алла мейіріміне алсын. Сондай-ақ, түнде намазға тұрып, күйеуін құлшылыққа оятқан, тұрмағанда жүзіне су бүркіген әйелді Алла мейіріміне алсын⁵¹», – делінген. Демек, тіршілікте де, құлшылықта да жұбайлар бір-біріне демеу беріп, қолдауы қажет. Мешіт – мұсылманның рухани қуат орталығы. Тіршілігі мен құлшылығына қатысты мың сан сауалдың жауабын мешітте. Діни құндылық маусымдық жоралғылармен ғана өлшеуге келмейді. Сондықтан, мешітке жылына екі рет қана келу жөн емес. Тән азығына мән бергендей жан азығын да ұмытпау керек. Рухани өмірімізге немқұрайлық танытпайық. Бізге Құранда айтылған құндылықтар мен өмірлік қағидалар ауадай қажет. Әзіреті Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннеті салауатты өмір сүруімізге бағыт. Жұбайлардың руханият мәселесінде екі бөлек дүние танымы олардың қарым-қатынасын суытады. Күнделікті «бисмиллә» айту, ғұсыл құйыну, азық-түлік алғанда адал мен арамды ажырату. Киім-кешектегі дәстүр мен діни салтқа көңіл бөлу дегендей дүниелер назардан тыс қалмауы қажет. Міне, осы мәселелерді ерлі-зайыптылар бірлесе танып білуі маңызды. Діни құндылық дегенде ең басты қағиданы түсіну қажет. Бұл қағида: Құран өмірі мен Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өсиетінен мақсат – адамның мүддесін қорғау. Шариғат толықтай адам игілігіне жұмыс жасайды. Демек, дін қайтарған немесе тыйған іс адам өміріне зиян, әрі кесірі тиеді. Құрандағы бұйрықтар мен тиымдар – мұсылманның мүддесіне қызмет етеді. Ерлі-зайыптылар дін туралы басты үш сұрақтың жауабын білуі қажет. Жаратушыны қалай танып білу керек? Құран не дейді? Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннеті нені көздейді?

Келесі кезекте бір-бірінің мінезін танып білуге талпыну. Мінездегі Қарама-Қайшылықты Үйлесімділікке айналдыру. Соның нәтижесін бір-бірін кемелдендіру және толықтыруда тиімді қолдану.

⁵¹ Ахмад

Табиғат текетіресі мен мінез мәселесі

Шаңырақ көтерген екі жастың мінездері екі бөтен болады. Бұл бесенеден белгілі. Мұның жақсы жағы көп. Бірін-бірі толықтырып, екі жарты бір бүтін болып өмір сүреді. Кейде, мінездегі толықтай қарама-қайшылық біршама қиындық тудырады. Мәселен, бірі уайымшыл (пессимист) ал екіншісі өмірге жарқын қарайтын оптимист. Мәселе екеуінің бір нәрсе жайлы екі түрлі ойында. Оптимист кесе жартылай тола деп көреді. Демек, әр нәрсенің жақсы жағын байқағыш келеді. Екіншісі кесенің жартысы бос дейді. Уайымшыл көзіне әуелі жағымсыз жағы түседі. Әдетте, мінезіміздің бұл қыры үйленгенге дейін өзімізге де беймәлім болуы мүмкін. Таңдаған адамымыз әлемді дәл өзіміз сияқты көретіндей сезімде боламыз. Мұның басты себебі, ғашықтық. Ғашықтық соқыр келеді. Сезім құшағында жүргенде жұбымызға мейлінше икемді боламыз. Сондықтан да, бір-бірімізге шынайы мінезіміз беймәлім боп қала береді.

Мәселен, тауға шығу. Қыз-жігіт болып танысқанда, жора-жолдастармен тауға саяхаттауға уәделеседі. Таза ауа, ғажайып көрініс, өсімдік әлемі, түрлі құстардың әуені тағысын тағы. Мен сияқты қауіп-қатерге тола саяхатты жақсы көреді деп шешеді жігіт. Негізі, қыз амалсыз келіскен. Күйеуі – оптимист, әйелі – уайымшыл. Үйленген соң, тауға шығу, көлге шомылу дегенге әйелі үзілді-кесілді қарсы шығады. Әйелінің шала бүліну себебін күйеуі түсіне алмайды. Неге мұнша мінез көрсетуде деп ойлайды. Әсілі, әйелі әу бастан мұндайды жақтырмайтын. Тағы бір мысал. Мұндай керағар мінез материалдық игіліктер кезінде де өзінің залалын тигізеді. Оптимист – тәуекел еткенді жақсы көреді. Қаражатын еселеу үшін тәуекелге баруға дайын. Ал уайымшыл жүзде-жүз сенімді болмаса, тәуекелге бармайды. Сенімді болмаған, күмәнді жұмысқа кіріспейді. Жұбайы табандап тұрып алса, уайымнан ұйқысынан да айырылады. Шығынға ұшыраса: – Айттым, ескертіп едім, – деп жазғыра жөнеледі. Оптимист болса жетістікке және табысқа уайымшыл жұбын кедергі деп біледі.

Бұл мәселені қалай шешкен жөн? Бір-бірін айыптап, кінәлауды доғару қажет. Өгіз де өлмейтін, арба да сынбайтындай етіп әрқайсысының ойы мен пікірі құрметтелетіндей ортақ шешім тапқан дұрыс. Мәселен, тәуекелге бел буып, белгілі қаражатты жұмсауға келісу. Қаражатты оптимист жұпқа бере отырып, оның емін-еркін іске кірісуіне кедергі жасамау қажет. Жұмыс сәтсіз болып, шығынға ұшыраған жағдайда бір-бірін жазғырмайтынын алдын ала келісіп алсын. Ал қаржы салған жобасы жемісті болған күнде жолдасының еңбегін бағалап, қолдау көрсетуі керек.

Көріксіз бен ұсқынсыз.

Екі қарама-қарсы адам. Бірі ұқыпты, екіншісі олақ. Бірі ісіне мұқият әрі пысық. Екіншісі ұсақ-түйек деп аяқ киім ұқыптылығына, көлігінің тазалығына мән бермейді. Тіпті таңертең төсегін жинауды әйелінің міндеті деп біледі. Мәселен, Ғайша: – Жолдасым, өте ұқыпсыз. Киімі әр жерде жатады. Жуыну бөлмесінде сүлгіні орнына қоймайды. Жүрген жерінде барлығын шашып кетеді, – дейді. Негізі, алғашқы кездесуде жолдасының көлігі таза емес екенін көрген. Бірақ бұған аса мән бермеген. Мән беретін дүние емес сияқты. Шаңырақ көтергеніне бір жыл енді толса да, күйеуінің мұндай әрекеті ашу тудыратын халге жетті. Күнде шұлығын іздеу, жүрген жерінде барлық затты шашып, әр жерге қойып кету мезі етеді. Жарас үшін бұл ашуланатындай дүние емес. Қала берсе, бір көргенде Ғайшаның ұқыптығы әрі пысықтығы ерекше ұнаған. Бейне бір періште сияқты. Өмірлік жар етсем, менің үйім мұнтаздай таза болады. Бір көйлекті екі күн кимейтін шығармын деген. Одан бері жыл өтті. Ғайшаны түсіне алмайды. Неліктен, бір шұлық үшін соншама жанжал шығаруда?! Ұқыпты адам «Әр нәрсенің орны бар» деген талаппен өмір сүреді. Ұқыптылық ұғымы жат адамға бұл маңызды емес. Кофе шынысы айғыз боп тұра беруі мүмкін. Оны тек келесі кофе ішер кезде ғана жуады. Киімін жұмысқа дайындалғанда іздейді. Туфлиін де шығарда тазалайды. Үйге келгенде киімін тазалап, ілгішке ілу кейбір адам үшін жат. Мұндайға зәредей де мән бермейді. Әрине,

екеуі де пысық немесе ұқыпсыз болса, мұндай ұсақ-түйек ұрыс-жанжал тудырмайды. Бірі, аса ұқыпты, ал екіншісіне ұқыптылық пен тазалық деген ұғым жат. Хадисте: «Дін тазалық. Таза болыңдар» делінген. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз кебісін өзі жамайтын. Ешкі сауатын деген риуаяттар бізге отбасы ішіндегі мұндай шаруаларды әсіресе, өзіміздің киім-кешегімізді ұқыпты ұстау, ішкен кофе немесе шай кесемізді жуып қою қажеттілін меңзесе керек.

Ал енді, бұл мәселеде екі түрлі болса не істемек керек? Онда, екеуі келісіп алғаны жөн. Шаңырақтың құтын қашырмау үшін ақылдасып, үй ішіндегі жауапкершілікті бөлісіп алғаны дұрыс. Ер азамат көйлегін жуа алмауы мүмкін. Алайда кір киімін арнайы себетке салуды үйрену керек. Пайдаланған затын өз орнына қойғаны да құба құп.

Өлі теңіз бен ағын дария.

Келесі жұп түрі сөйлесуге қатысты ерекшеленеді. Кез келген тақырып аясында емін-еркін әңгімелесетін адамдар бар. Ал біреулер, сезімі мен ой-пікірін ішінде сақтағанды жөн санайды. Бұлар – өлі теңіз сияқты. Ал бірінші категориядағы адамдар – ағын дария тәрізді. Өлі теңізге Иордания өзені келіп құяды. Бұл Палестинада. Өлі теңіз – тұйық теңіз. Одан су ешқайда ақпайды. Теңіз сияқты адамдар сан алуан ақпаратты, ой-пікір мен сезімдерді санасына сіңіріп сақтай алады. Олардың осыншама мол ақпарат ағынын сақтап тұратындай санасында «қоймасы» бар. Үнсіз жүрсе-дағы өздерін жақсы сезінеді. Ал енді өлі теңіз сияқты адамға: – Бір нәрсе мазалап жатыр ма? Бүгін үнсізсің ғой? – деп сұрасаң, ол: – Еш нәрсе мазалап тұрған жоқ. Неліктен бұлай сұрадың? – дейді. Өйткені оның үнсіздігі жайсыздықтың белгісі емес. Екінші адам – ағын дария. Кез келген ақпаратты көз және құлақ арқылы қабылдап, қорытады. Алпыс секунд ішінде түйген ойын біреумен бөлісуге асығады. Көрген және естігенін айтпаса тұра алмайды. Ойын бөлісетін адам таппаса телефонмен жолдасына хабарласып: – Не естігенімді білесің бе? – деп

барлығын жайып салады. Мұндай адамның ішінде ақпарат сақтайтын «қоймасы» жоқ.

Өлі теңіз бен ағын дария шаңырақ көтерсе, алғашында мінездері бір-біріне тартымды көрінеді. Бірі тұйық, екіншісі ашық-жарқын. Теңіз байсалды да салмақты. Ешбір абыржымайды. Көбінесе үнсіз. Тек езу тартып, басын изеп отырады. Есесіне, жұбы екеуінің атынан сөйлеуге дайын. Ағын дария үшін де сол керек. Оған тыңдайтын кісі қажет. Сөзіне ықылас қойып көңіл бөлсе. Ал енді, мынаны қараңыз. Шаңырақ көтергендеріне бес жыл болған. Күйеуі – ағын дария. Әйелі – өлі теңіз. Күйеуі: – Бес жыл ерлі-зайыптымыз. Әлі де әйелімді толық танымаймын, – дейді. Ал әйелі болса: – Күйеуімді ойлағанымнан да жақсы танымын. Енді, біршама тыныштық беріп, сөйлеуін азайтса екен деймін, – дейді. Мұндай мінезді былайша түсіндіруге болады. Бірі өнер адамы. Әр нәрсені бүге-шігесіне дейін әңгімелеп бергенді ұнатады. Ол жарқырап тұрған күнді, даладағы жайқалып өскен гүлді, есіп тұрған самалды барлығын суреттейді. Теңіз адам – қысқа да нұсқа, әрі нақты сөйлегенді ұнатады. Әдетте, мұндай адам үйленген соң, жұбайының әрнәрсенің бүге-шігесіне дейін түсіндіруі мезі етеді. Кейде: «Мәселенің негізін айтшы», – деп сөзін бөлуге тура келеді. Ағын дария жұбының қысқа да нұсқа сөзіне қанағаттанбайды. Болған жайттың әрбір ұсақ-түйегіне дейін сұрап білгенді құп көреді.

Суретші – суретші, ал тұйық – тұйық күйінше қалады. Көп жағдайда адамның сөйлесуге қатысты қыры сол қалпында өзгермейді. Сондықтан, бұл жағынан жолдасыңызды өзгертуге тырыспаған дұрыс. Өйткені теңіз дария бола алмайды. Ендеше, теңіз табиғатты адамға үйленген болсаңыз, оның болмысымен санасыңыз. Сезімдерін ұдайы тоқтаусыз көрсетпегені үшін ренжімеңіз. Теңіз табиғатты адам көрген білгенін әдейі жасырып ұстамайды. Оны сөйлете білу қажет. Тамырын басып, дұрыс сұрақ қою арқылы үйлесімді, тату жұп бола аласыз. Теңіз өз кезегінде ағын дарияны тыңдағанды ұнатады. Ол үнсіздік ішінде бақытын сезінеді. Үнсіздігін теріс мінез деп қабылдамаған дұрыс.

Тәуекелшіл мен уайымшыл.

Біреу тарихты оқып, тәлім алады. Ал біреу тарихты өз қолымен жасайды деген сөз бар. Әдетте, осындай екі адам шаңырақ көтереді. Бірі әр күнді мүмкіндік деп біліп, өз сыбағасын алуға ұмтылады. Мақсатына жетуде күш-жігерін аямайды. Қажетті деген барлық амалды жасайды. Кез келген кедергіден өтуге әзір. Ал енді екіншісі көп уақытын ой үстінде өткізеді. Істеуден қарағанда ойлауға, талдап талқылауға бейім. Ол: Егер былай болса, қалай болар екен? – деген сияқты сұрақты көп қояды. Мейлінше қолайлы жағдайды күтумен өмірін өткізеді. Ол: «Күте білген мұратына жетеді» деген ұстаныммен жүреді. Тәуекелшіл мен уайымшыл шаңырақ көтерді делік. Тәуекелшіл үнемі серігін алдыға сүйреумен жүреді. Даму мен жаңа дүниені танып білуге ынталандырады. Ал уайымшылға талпыныс үрейлі көрінеді. Сондықтан бірқалыпты жайбарақат өмірді қалайды. Қоя тұр, бізді бұдан да жақсы мүмкіндік күтуде, – деп өзін жұбатады. Негізі, бір-біріне керағар екі мінезден мін іздеудің қажеті жоқ. Керегі ақ пен қара сияқты екі мінездің ортақ үйлесу нүктесін табу. Әйтпесе, тәуекелшіл мен уайымшыл арасында талас-тартыс тоқтамайды. Нәтижеде, арадағы сезім сөнеді. Уайымшыл барынша тәуекелшілдің ұсыныстарына қарсылық білдіреді. Ол жолдасымның бар ойы менің үстімнен билік жүргізбек деп түсінеді. Жұбының қарсылығынан тәуекелшіл үнемі жаны қысылып, ашуға булығады.

Мұндай жұптарда бақытты отбасы болу мүмкіндігі бар. Ол үшін тәуекелшіл жұбының көңіліне, сезіміне мұқият қарауы қажет. Уайымшылдың неліктен қауіптенгенін түсініп білген жөн. Оның ой-пікірін тыңдауды үйрену керек. Мәселен: Байқа, секірмес бұрын бағамдап ал, – деп алаңдаушылық білдірді делік. Тәуекелшіл қол сілтемей «байқа» деген қамқорлығына ризашылық білдірсін. Сонымен бірге, уайымшыл өз сыңарының оңтайлы сәтте секіруіне мүмкіндік берсін. Қолын байламасын. Бірге секіруге жүрегі дауламаса, жолдасын демейтін арқанды ұстап тұрсын. Міне, осылайша мәселелерді бірлесе шеше алады. Мұндай жұптар бір-

біріне бәсекелес емес, бір-бірін толықтыратын жұп болуды үйренуі қажет.

Мұғалім мен биші.

Келесі кейіпкер ой-пікірінде шектен тыс рационалды адам. Қисынды нәтижеге жетуде қисынды қадамды құптайды. Ал кейбір адамдар шешім қабылдауда сезіміне арқа сүйейді. Шешімін түсіндіріп бере алмауы мүмкін. Қалай, неліктен мұндай шешім қабылдағанын. Бірақ ол шешімнің дұрыс екенін біліп тұрады. Тым рационалды адамды мұғалім деп атасақ болады. Оның қимыл-әрекетінен: «Әрбір істің қисынды себебі болуы керек. Ақылға қонымды себебі болмаса, оған кірісудің қажеті жоқ» деп тұрады. Ал сезіміне құлақ салатын адам – биші. Оның шешімі: «Әрбір ісім үшін қисынды жауап қажет емес. Кейбір дүниелерді одан рақат алғаным үшін жасаймын. Оны неліктен істеп жатқанымды талдап түсіндіре алмаймын. Қалағаным үшін жасаймын», – деп тұрады. Бастапқыда мұғалім мінезді сыңарының сезіммен істеген әрекеттеріне ерекше таңғалады. Ғашық болады. Ал биші мінезді жолдасының ақылға жүгінетінін көріп, мақтан тұтады. Бірақ ыстығы басылған соң, мұғалім бейнесіндегі адам ақылға жүгінбейтін серігін түсінуден қалады. Табиғаты биші адам жолдасының ақылмен құрсаулауынан шаршайды.

Тұлғалық қасиетін өзгертем деп серігіңізге үнемі қысым көрсететін болсаңыз, сіздерді үздіксіз ұрысқа тола өмір күтіп тұр. Бұл екі мінез иелері шаңырақ боп өмір сүре алатынын түсіну қажет. Ең бастысы, ортақ шешім қабылдауды үйрену. Екеуінің көңілінен шығатындай мәміле табу. Хадисте:

لَا يَفْرَكُ مُؤْمِنٌ مُؤْمِنَةً؛ إِنْ كَرِهَ مِنْهَا خُلُقًا، رَضِيَ مِنْهَا آخَرٌ

«Мұсылман еркек әйелін жеккөруші болмасын. Әйелінің бір мінезін жақтырмаса, басқа бір мінезі көңілінен шығады⁵²», – делінген.

⁵² Муслим

Жар таңдау

Діни ағартушы ақын Нұржан (Нұрмұхамет) Наушабайұлы жар таңдау жөнінде «Қатын үш түрлі» атты өсиетінде:

Бір қатын сыйлаумен қатын,

Бір қатын қинаумен қатын.

Нағыз қатын, сол қатын

Һәр нәрсені ойлаумен қатын.

Қатының жақсы болса

Көңілді жықпас.

Ыңғайын біліп,

Сөзінен шықпас.

Ақымағына жолықсаң,

Өз бойына мін тақпас.

Жұмсақ сөйлесең, жеңемін деп

Мылтық жасап атсаң да бұқпас.

Қатын алсаң, таспа белді торыны ал,

Ол болмаса аққұбаның зорын ал.

Бұл екеуі болмаса, қажымайтын қараны ал.

Бұл үшеуі болмаса,

Жүзі сары, көзі көк,

Былылдаған сөзі көп

Соған жолығарсың..., – деген екен. Әйел затынан көп опық жеген біреу бұдан былай жүз кісімен ақылдаспайынша үйленбеймін деп өзіне ант берген көрінеді. Тоқсан тоғыз кісінің ақылын тыңдайды. Тағы бір кісі қалған екен. Көшеге шығып, бірінші кезіккен кісіден кеңес сұраймын деп шешеді. Кенет, бір мәжнүнге тап келеді. Өзінің мойнында сүйектен тізілген алқа, шыбықты ат қылып мініп алған. Есі бүтін еместен ақыл сұрау деген ойдың өзі ерсі. Десе де, сәлем беріп: Бір жайтты сұрамақпын, сенің ақылыңды білгім келеді, – деді. Мәжнүн: Өзіңе керектісін сұра. Ал саған қатысы жоқ шаруаға мұрныңды сұқпа, – деді. Әлігі кісі: Мен әйел дегеннен көресіні көрген жанмын. Сондықтан, жүз кісінің кеңесін тыңдамайынша

Үйленбеймін деп өзіме сөз бергенмін. Сен жүзінші адамсың. Сен не ақыл қосасың? – деп сұрайды. Мәжнүн: Әйелдің үш түрі болады. Мұны білгенің жөн. Біреуі саған пайдалы, екіншісі саған зияны тиеді. Ал үшіншісі саған пайдасы да, зияны да жоқ. Пайдасы тиетін әйел – жас, көрікті, мінезі жұмсақ әрі сенен алдын еркек затын білмейтін әйел. Сенен бір жақсылық көрсе, мақтайды, ал жамандық көрсе, жасырады. Саған зияны тиетіні – бұрынғы күйеуінен баласы бар әйел. Ол сенің мал-дәулетіңді иемденеді. Саған басқадан туған баласын береді. Не істесең де, саған бір ауыз рақмет айтпайды. Ал саған пайдасы да, зияны да жоғы бұрын тұрмыста болған әйел. Сенен бір жақсылық көрсе, осындай қарым-қатынасты жақсы көремін дейді. Жамандық болса, бұрынғы күйеуін мақтай жөнеледі. Міне, әйел жайлы осыны білгенің жөн. Үйленбек болсаң, үшеуінің ең жақсысын таңда. Әйтпесе, үйленбегенің құп, – деп жауап берген екен. Мұндай ақыл-кеңес күтпеген бейшара: Алланың атымен жалбарынып сұраймын, сен кім боласың? – деді. Сонда әлгі мәжнүн: Өзіңе қатысы жоқты сұрама деп шарт қойғаным қайда? – деп жөніне кеткен екен.

Абдумаликқызы Фатима текті әулеттен шыққан қалыңдық. Әкесі халифа. Күйеуі – «бесінші әділ халифа» деп танылған Омар бин Абдулазиз. Әрі төрт бауыры да халифа болған. Ұзату тойында таққан алтын мен жауһар әшекейлер ауырлығынан қалыңдық жүре алмай қалған деседі. Омар қалыңдығына байлықты, не мені таңда дейді. Қыз күнінен молшылықта өскен Фатима бір сәтте ойламай күйеуінің етегінен ұстаймын деп шешті. Бұл тектілігінің белгісі еді. Бірнеше жылдан кейін Омар бин Абдулазиз халифа болды. Сол кезде, әйелінің барлық әшекейлерін мемлекет қазынасына өткізген екен. Екі жыл билігінде мемлекетті дәулетті елге айналдырды. Күйеуі қайтыс болғанда туыстары Фатимаға алтыны мен қымбат тастарын қазынадан қайтарып бермек болды. Сонда парасатты әйел: Көзі тірісінде күйеуімнің айтқанын екі етпеген едім. Бақилық болғанда қарсы шығамын ба?! – деп үзілді-кесілді қарсы болған екен. Міне, бұл адалдық.

Хадисте:

تخيروا لنطفكم ، فانكحوا الأكفاء ، وأنكحوا إليهم

«Дәндеріңді егетін жерді таңдаңдар. Теңін тауып келін түсіріңдер. Әрі қызды теңіне ұзатыңдар⁵³», – деген. Бұл жақсымен құда болу. Текті елден қыз алу үрдісі. Тектілік – имандылық пен ибалықтың үйлесімі. Аталмыш хадис «дәндеріңді егетін» дейді. Үйдің жақсы болуы – ағашынан, жігіттің жақсы болуы – нағашысынан дегендей әйел таңдаумен бала-шағаның болашағын таңдайсың. Халифа Омарға (Алла оған разы болсын) баласын жетектен біреу келеді. Баланың тілазарлығын айтып шағымданады. Сонда бала: «Уа, мұсылмандар әміршісі! Әкенің балаға берері бар ма?» – деп мұңын шағады. «Иә, бар. Ол не құқық? Баласына ана таңдау, жақсы есім қою және Құран үйрету», – дейді халифа. Бала: «Уа, мұсылмандар әміршісі! Әкем сіз айтқандардың ешбіреуін маған бермеді. Анам отқа сиынатын біреудің күңі болған. Атым – Жұфран (Қи қоңыз). Құраннан бір әріп те үйретпеді», – дейді. Мұны естіген Омар (Алла оған разы болсын) халифа кісіге: «Бірінші болып жамандық істеген балаң емес, өзің екенсің», – деген екен.

⁵³ Ибн Мажа, Хаким, Байһақи

Демек, еркек жар таңдаумен перзентінің болашағын айқындайды. Екінші байлық – ақ жаулық. Әзіреті Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Төрт дүние бар. Кімге бұлар берілсе, екі дүние жақсылығына ие болғаны. Шүкіршіл жүрек, зікіршіл тіл, қиындыққа төзуші тән және ар-намысы мен мал-дүниесіне қиянат етпейтін әйел⁵⁴», – деген екен. Сүлейменұлы Мұқатил халифа Мансұрға байғат рәсіміне келеді. Халифа: Ей, Мұқатил! Насихат айт! – дейді. Ғұлама: Сізге естігенімді айтайын ба, әлде көзіммен көргенімді ме? – деді. Көргеніңді айт, – дейді халифа. Мұқатил: Уа, мұсылмандар әміршісі! Абдулазизұлы Омар халифаның он бір перзенті болды. Қайтыс болғанда он сегіз динары ғана бар екен. Бес динар кербінге, төрт динар жерлеуге жұмсалды. Қалғанын балаларына бөліп үлестірді. Халифа Абдумаликұлы Ышамның да он бір ұл-қызы

болды. Әр баласына мұра ретінде бір миллион динар бөліп берілді. Уа, мұсылмандар әміршісі! Жылдар өтіп, Омардың балалары жүз ат садақа еткенін көзім көрді. Ал Һишамның балаларының бірі базарда қайыр тілеп жүргеніне куә болдым», – деген екен. Демек, Әкенің балаға беретін ең құнды дүниесі мал-дүние емес, тәрбие. Ал тәрбие бастауы – ізгі жар таңдау.

⁵⁴ Ибн Мажа

Әйел кімге борыштар?

Айша (Алла оған разы болсын) анамыз әңгімесінен, мен Алла Елшісінен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Әйел кімге көбірек борыштар? – деп сұрадым. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): Күйеуіне, – деді. Мұнан кейін: Ер кісі кімге көбірек борыштар? – деп сұрадым. Алла Елшісі: Анасына, – деді⁵⁵», – дейді. Әйел – күйеуіне, еркек – анасына борыштар. Бұл шаңырақ шаттығының негізі. Отбасылық өмірде ата-ананың орнын ұмытпау керек. Ер азаматтың ана алдында өтеусіз парызы бар. Бұл мәлім. Ал енді, қыз неге ақ сүтін берген анасына борыштар емес? Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген әкесіне неліктен қарыздар емес? Қыз – қонақ. Бұл қазақтың сөзі. Қыздың негізгі шаңырағы ұзатылған елі. Келін болып аттаған босағасы. Міне, сол күннен бастап күйеуі оған барлық жағынан қамқор әрі қорғаны болды. Қоштасу қажылығында әзіреті Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Әйелдер ақысына қиянат етуде Алладан қорқыңдар! Әйелдер сендерге тәуелді⁵⁶», – дегендей әйелдің құқығын Құран қорғауда. Күйеуі осыншама міндетті иығына арқалағандықтан әйел оған қарыздар һәм борыштар. Сен үшін әйелің әкесін, анасын және бауырларын тастап келді. Сенің шаңырағыңның түтінін түтетуге өмірін арнайды. Айша (Алла оған разы болсын) анамыз: «Неке – тәуелділік (әйел күйеуінің ыңғайымен өмір сүреді). Сендер қыздарыңды қайда ұзатып жатқандарыңа қараңдар (яғни мән беріңдер)⁵⁷», – деген екен. Шариғат өлшемі бойынша жақсы еркек әйеліне мен бала-шағасына жақсы қарайтыны.

⁵⁵ Баззар

⁵⁶ Ахмед, Тирмизи, Ибн Мажә

⁵⁷ Байһақи

Мәселенің екінші жағы. Көне көз қариялар: «Әйелдің көркі – тілінің жұмсақтығында, ердің азаматтығы – сөз саптауында» деген екен. Көрікті келіншектің ажарын долылығы қашырады. Сұр жыланның өңін суық етіп тұратын тіліндегі уы емес пе? Сөзінде

салмақ жоқ еркектің де қадірі шамалы. Ердің азаматтығын сөзі мен ісі бір жерден шығуымен өлшеуге болады. Жүйелі сөз – жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады. Әйел келін ретінде жұмсақ сөзді болған жөн. Күйеуіне анасының ақ батасын алуға көмектесуі керек. Енесін жақсы көрмесе де, сыйлап құрметтеу міндеті. Ер азаматқа мен немесе анаң деген сияқты қисынсыз таңдау жасатуы көргенсіздік болмақ.

Жақсы сөз – садақа. Құран Кәрімде: **«...Сондай-ақ, олармен жақсы қарым-қатынас жасаңдар...⁵⁸»**, – делінген. Әрине, әйелдің көңілін жадырататын сөз айту – жақсылық. Әсілі, жақсы сөзбен дүние қазынасына ие боласың. Адамдарды бақытты етіп, Жаратқаның разылығына бөленесің. Жақсы сөзді жаныңа жолдас ет. Оның пайдасын бірінші өзің көресің. Құран Кәрімде: **«Алланың жақсы сөзді қалай мысал етіп келтіргенін көрмедің бе? Жақсы сөз жақсы ағаш секілді, оның тамыры мықты, бұтағы аспанда. Ол Раббысының рұқсатымен жемісін әрдайым беріп тұрады. Алла мысалдарды адамдар ескеріп, ғибрат алудары үшін келтіреді⁵⁹»**, – дейді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Айша (Алла оған разы болсын) анамызды: Аиш, – деп еркелетіп шақыратын. Әйелді бастан дегендей бірінші күннен жақсы сөзді әдет етіңдер. Хадисте: **«Жақсы сөз – садақа⁶⁰»**, – делінген. Ерлі-зайыптылар көзден оқу тілін, дыбыс ырғағы және жүзіне қарап ұғысуды білсе, көптеген мәселелер өз-өзінен шешімін табар еді. Біреу келіншегімен сөзге келіп қалған көрінеді. Кенет әйелі бұртиып, киім-кешегін шабаданға сала бастапты. Мұны көрген күйеуі түк болмағандай ананы-мынаны айтып, жүзіне күлкі жүгіріп: **«Әй, мынауың не?»** – депті. Жаздық киім-кешектерді сандыққа жинап, қысқы киімдерді шығарып жатырмын! – депті әйелі. Міне, жақсы адамның ашуы шай орамал кепкенше деген осы. Жақсының қайтуы тез. Жаман әйелдің ашуы апталап қайта алмай жүреді.

⁵⁸ «Ниса» сүресі, 19-аят

⁵⁹ «Ибраһим» сүресі, 24-25 аяттар

⁶⁰ Тирмизи

Он пәленің тоғызы тілден. Тілін тиған мың пәледен құтылады. Ер азаматтар ашуын ақылмен жеңе білсе... Әйелдер де тіліне аз болса да сақ болса. Ең бастысы осы. Үй болған соң, ыдыс-аяқ сылдырлайды. Бірақ Ә дегенде талақ деп тақылдап тұратын шаңырақтан құт қашады. Аға буынның ақылы да маңызды. Мынадай бір қисса бар. Бағзы бір заманда жас жігіт үйленген көрінеді. Жігіт ағасына келіншегін өте инабатты, тәрбиелі деп мақтап, қуанышымен бөліседі. Құтты болсын айтып, жастарды үлкен ағасы үйіне қонаққа шақырады. Үлкен ас желініп болған соң, отағасы әйеліне: «Әлігі, қарбызды алып келші, – дейді. Әйел әкелген қарбызды жігіттің ағасы ұната қоймайды: «Піспеген бе, қалай өзі... Басқасын алып кел», – дейді. Осылайша, бірнеше рет қайта жұмсайды. Әйелі ләм-мим демей басқасын алып келе береді. Ақыры «Ә, осынысы дұрыстау екен», – деп қарбызды кеседі.

Жігіт бірер күннен кейін ағасы мен жеңгесін кешкі асқа үйіне шақырады. Дастарқан басында әңгіме-дүкен құрып, тамақтанады. Ас табақ алынған соң келіншегіне: «Қарбыз алып кел», – дейді жігіт. Келіншегі алып келген қарбызды ары-бері көріп, басқасын алып кел, – дейді. Үшінші қарбызды алып келгенде жігіт тағы басқасын демек болып жатқанда келіншегі шамалы тістеніп, қонақтарға байқатпағандай болып «бар-жоғы үш қарбыз алып келдіңіз!», – дейді. Қысылып қалған жігіт: «Осы дұрыстау екен», – деп кесіп жатты. Дастарқанға бата жасап ағасы мен жеңешесі алғысын білдірді. Үйінен шығарып салып жатып: «Аға, дастарқан басында аздап ыңғайсыз жағдай болды», – деп келіншегінің қылығына кешірім сұрағандай болды. Ағасы да «Жә, жарайды... Кеше жеңешенің бір қарбызды он рет дастарқанға алып келіп, алып кетті», – дейді. Отағасын құрметтеу, әйелдің шаңырақтың жылуын сақтауы аса маңызды екенін түсіндіреді. Міне сондықтан, жас жұбайлар біршама отбасылық өмірдің ащы-тұщысын көрген аға буынның да ақыл кеңесін тыңдап жүрсе екен.

Ананың айтқан алтын Қағидасы

Шайбани әулетінен Ауф бин Мухаллим текті үйдің қызына үйленген еді. Әйелі Харисқызы Умама ізгі жар, жақсы ана болды. Қызға қырық үйден тыю демекші моншақтысын ерекше әдеппен тәрбиелеп өсірді. Бойжеткен қызына Йемен төресі арнайы көріп қайтатын әйелді жібереді. Көңілі толған соң, екі жақ келісіп құда болады. Қыз ұзатылған күні анасы: Қызым! Өсиет тәрбие көргенге айтылмауы керек болса, онда саған айтылмауы тиіс еді. Бірақ өсиет ұмытқанға жадына салу. Ақылдыға жәрдем болу үшін қажет. Әйел – әке-шешесіне, ата-анасы – қызына мұқтаждығынан тұрмысқа шықса, онда олардың жанында қалуда сенің жолың болар еді. Алайда әйел – еркек үшін, ал еркек – әйел үшін жаралған. Қызым! Сен туып-өскен ортаңды тастап кетіп барасың. Бой жеткен ұяңды артқа қалдырып, танымайтын ұяға бет алдың. Бұрын-соңды көрмеген біреуге жар боласың. Сен оған күңіндей бол. Ол да көп ұзамай саған құлыңдай болады. Қызым! Менің айтқанымды жадыға түйіп ал. Саған өмірлік қазына болады.

- Қанағатты серік ет. Отбасылық өмірде құлақ салып, бой ұсынушы бол;
- Күйеуіңнің көзі түсетін және мұрны иіскейтін жеріне мән бер. Көзі сенің тәніңнен жағымсыз нәрсе көрмесін. Мұрны сенің бойыңнан тек жақсы иіс сезсін. Сүрме – көркем ететін ең қолжетімді зат. Су – қош иіс сыйлаушы ең таза нәрсе;
- Күйеуіңнің тамақтану уақытына және тынығып ұйықтайтын кезіне мән бер. Өйткені аштық – тез ашуландырады, ал ұйқыдан қалу – ызаландыра түседі;
- Күйеуіңнің үйін, мал-мүлкіне қорған бол;
- Күйеуіңнің сырын ашпа. Сөзін жерге тастама (орындаусыз қалдырма). Сырын ашсаң, сатқындығынан құтыла алмайсың. Бұйрығына қарсы шықсаң, көңілінде ашуын оятасың;
- Ол мұңды кезде қуанудан, ол қуанышты кезде көңілсіз жүруден сақ бол. Біріншісі – кемшілік, екіншісі – ренжіту болмақ;

- Оны ерекше Қатты Құрметте, сонда сені ерекше сыйлайтын болады;
- Қаншалықты ойың бір жерден шықса, соншалықты жақын боласың;
- Өзің ұнатқан және жақтырмаған нәрседе оның ризашылығын Өз ризашылығыңнан, оның Қалауын Өз Қалауыңнан биік Қоймайынша өзің жақсы көргенге Қол жеткізе алмайсың, – деп ақылын айтады.

Жалпы, адам баласы сұлулыққа жаны құштар. Әдемілікті сүйеді. Ер азамат Әйелдің көркіне ынтызар етіп жаратылған. Сондықтан еркек жұбайының бойынан көңілі қалаған сұлулықты табуы аса маңызды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) досы Омарға (Алла оған разы болсын): «Ер азаматты ең қайырлы қазынасы не екенін айтайын ба? Салиқалы Әйел. Оған Қараса Қуантады. Айтқанын бұлжытпай орындайды. Күйеуі жоқ кезде өзін сақтайды», – деген екен. Әйелдің әдептілігі мен жан сұлулығы маңызды. Десе де еркек көзімен сүйеді. Сондықтан Әйел сыртқы сұлулыққа мейлінше мән беруі қажет. Бұл күйеуінің жүрегін ашатын сырлы кілт. Тұла бойының күтіміне немқұрайлы қарайтын Әйелдің шаңырағы шайқалады. Күйеуінің көңілі толмайтын болады. Мың бір сылтау айтып түзге қашады. Оның бірден-бір себебі Әйелдің үстіндегі қап сияқты киген киімі. Тарақ көрмейтін кейіптегі шашы. Шыдамы таусылған біреу: Үйге кірсем құлағынан телефон түспейді. Киімі де, үсті-басына да мән бермейді. Бұл менің ашуымды шығарады, – дейді.

Айна алдында бірер минут тұрып, тұла бойын түзеп дегендей. Байқасаңыз, той-томалаққа дайындалған Әйел түбегейлі өзгереді. Әдетте, айнаға бұрылып та қарамайтын, қонаққа барарда ұзатылатын қыздай сағаттап сәнденуге кіріседі. Сол сәтте оның көркіне күйеуі де таңғалады. Не үшін, кім үшін сәнденіп жатыр?! Негізі, сұлулығын көрсететін адам шаңырағындағы «Қожайыны». Соны ұмытып кеткен бе?! Осы әрекетінің жұрнақтайын жасаса бір-біріне деген сезім ыстығы басылар ма еді?! Бұрынғы Әйелдер күйеуі үшін сәнденуге айрықша мән берген көрінеді. Ұқбақызы Бұкра Айша (Алла оған разы болсын) анамыздан сәндену жөнінде ақыл

сұрайды. Сөз арасында бет-жүзіндегі ретсіз түктерді жұлу жайлы сұрайды. Сонда: «Күйеуің үшін екі көзіңді алып орнына әдемірегін қоюға шамаң жетсе, соны істе», – деген екен. Әрине, мұндағы сөз шариғат шеңберінде күйеуі үшін мейлінше сұлу болу сауап екенін түсіндіру екені мәлім.

Қиссаға оралсақ. Анасының ақылын өмірінің алтын қағидасы еткен келіншек күйеуіне жеті бірдей ел басқаратын азамат туып берген екен.

Жұбайыңды Құрметте

Ең әуелі, әйел Құдайдың жаратқан сен сияқты пендесі. Міне, сол үшін де құрметке лайықты. Мұны бір деп біл. Екіншіден, әйел қауымы ішінен өзің таңдаған өмірлік жарың. Сенің серігің болғандықтан құрмет ет. Бұған қоса, ұл-қызыңның анасы, тәрбиешісі. Сенің жұрт білмейтін, тіпті досың да сезбейтін көптеген сырларыңның сандығы. Шаңырағыңа жылулық сыйлайтын жан. Сондықтан, құрметке лайықты. Ануар Уарда доктор былай дейті: Марқұм әкем Абдуғани Уарда бір топ кісілермен әңгіме-дүкен құрып отырған екен. Әңгіме әйелдер және отбасылық өмір жайлы тақырыпқа ойысты. Сонда араларынан біреу: «Әйел – кебіс сияқты. Еркек өзіне ұнамды және аяғына шап-шағын тапқанға дейін ауыстырып, өзгерте алады», – дейді. Сонда отырған кісілер менің әкеме қарап: «Шейх бұл сөзге сіз не дейсіз?» – деп ойын білгісі келеді. Әкем: «Бауырымның айтып отырғаны толығымен дұрыс. Әрине, әйел – кебіс, егер еркек өзін аяқ деп білетін болса. Ал өзін бас деп білген азамат үшін әйел бастағы тәжі... Айтушыны сынауға асықпаңыздар, сөзінен оның кім екенін біле отырыңыздар, – деген екен әкем.

Әйелін төмен санаумен еркек өз деңгейін көрсетеді. Жұбайын тек ас әзірлеуші, киімін тазалаушы бейнеде көруге шамасы жетуде. Ал әйелімен ақылдасу, кеңесу деген дүниені басына сыйдыра алмайды. Нағыз еркек әйелімен ақылдаспайды деген түсінікте. Хазрет Омар: «Уаллаһи, Ислам келіп әйелдер жайлы аяттар түсіп, оларға тиесілі сыбағасын бөліп бермейінше жаһилиет дәуірінде әйелді адам есебінде санамайтынбыз», – деп еске алады. Демек, мұндай ой-түсінік дінімізге теріс. Адамзаттың асыл тәжі Хира үңгірінде алғаш уахи түскенде, өзіне таңсық һәм беймәлім құбылыс жөнінде Хадиша анамызбен ақылдасты. Ифк – жала жабу оқиғасында Айша анамыз жайлы Жахшқызы Зейнептің ой-пікірін сұрады. Худайбия келісімінде де жұбайы Үммі Сәләманың кеңесімен құрбандығын шалып, шашын алдырды. Мұны көрген сахабалар да үн-түнсіз Пайғамбардың (оған

Алланың салауаты мен сәлемі болсын) артынан қажылық рәсімдерін орындады. Бұл жөнінде Хасан Басри: «Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Үммі Сәләманың кеңесіне мұқтаж емес еді. Десе де, адамдардың оны үлгі етуін көздеді. Сонымен бірге, жұбайымен кеңесу еркектің ар-намысына тиетін жайт деп Қарамауын Қалады», – дейді.

Кинодағыдай махаббат

У. Шекспир: «Біздің өміріміз – Қойылым, ал адамдар сондағы – актерлар», – деген. Десе де, шынайы болмыстан ажырап қалмаңыз. Отбасылық өмірді сериал деп сезінбеңіз. Кино қиялдан туған көркем шығарма. Мұны ұмытпаңыз. Жұбайыңызды сол қалпында қабылдаңыз. Экрандағы жұлдыздан жаныңыздағы жұбайыңыз әлдеқайда сұлу. Қиялдағы аруды іздеуді қойыңыз. Жасанды сұлулыққа алданбаңыз. Күйеуінің сын көзбен қарауы әйелге ауыр тиеді. Өзін де басқа еркекпен салыстырса күйеуі қандай күйде болар еді?! Әйелді тек сұлулығына қарап бағалау әбестік. Оның мінезі бар. Табиғаты мен тұлғалық қадір-қасиетін ескермеу үлкен қателік. Әрбір әйел қайталанбайтын дара тұлға. Оны бірегей ететін өзіндік ерекшеліктерін өзгертуге талпынбаңыз. Міне, бұл еркектің шаңырақ көтергендегі ең басты қателігі. Тәрбиелеп аламын деп әйелді түбегейлі өзгертуге талпынады. Алайда әйел қалауына қарай икемдейтін құрастырмалы ойыншық емес. Қарым-қатынасты әу бастан бұзып тастау осыдан шығады. Кейде еркек жігіттік қиялындағы әйелдің нұсқасын жасауға бар күшін сарп етеді. Мұнысы әйелінің көңілін сындырады. Әйел – қуыршақ емес. Әйел қайталанбас ешкімге ұқсамайтын мінезімен сұлу. Оның сұлулығы да даралығында.

Бақытты болу Өнері

Баяғыда бір қыз көзі қыли кісіге тұрмысқа шығыпты. Кісі өзіне жараса дәулетті екен. Екеуі тату-тәтті күн кешіп жатады. Араға жеті-сегіз жыл салып малына жұт тиіп, байлығынан айырылады. Тұрмысы жұтап, кедейлік күйге түседі. Күндердің күні күйеуінің жүзіне қарап отырып: «ойбай, сенің көзің қисық екен!», – деген екен Әйел. Хикаяның түйіні, қиын-қыстау шақта ерлі-зайыптылар сыналады. Ер азаматқа дәулетті екен деп тұрмысқа шығып, ал қызды ажарлы деп Әйелдікке алады. Байлық мәңгі емес. Әйелдің де қыз күніндегі сұлулығы бала туып тағысын тағы себептермен кетеді. Адамның бойында мәңгі қалатын қасиеті оның жұмсақ жүрегі, көзіндегі мейірімі. Сындарлы сәтке дейін бір шаңырақ астында өмір сүріп, бірін-бірі байқамайтын жұптар бар. Олар бір дастарқан басында ас ішіп, бір жастықта ұйықтауды бірге болу деп түсінеді. Екі жарты, бір бүтін болу бір-бірінің ой-пікірін тыңдауы, жан дүниесін ұғыну. Міне, бұл мүлдем бөлек дүние. Махаббатымен қоса уайымын да бөлісетін жар бола білу керек. Себебі, сезімді бөлісу тек сүйіспеншілікте ортақтасу емес, қиыншылықты та бірге бөлісу болмақ.

Жұбайына көзі түскен сәтте барлық проблемасын ұмыттырып, жан тыныштығын сыйлай білетін Әйел еркектің бағы. Әйел күйеуіне сырласы һәм досы болуды үйренуі ауадай қажет. Қас-Қабағына қарап жан дүниесін түсінуді үйрен. Ақша банкоматы болғандықтан емес азаматың болғаны үшін бас игін. Баяғыда, өмірде көпті көрген кісіден жігіт: Әйелім жанымда емес, менімен бірге екенін қалай білем? – десе керек. Ел ағасы: Он белгісі бар, соны жұбайыңнан тапсаң жан-тәнімен сенімен екеніне имандай сен. Бірінші: Көңіліңнен шығатын әрекет жасап, ашуың келетін шаруадан алыс болуы; Әйеліңнің ой-пікіріне сенің ойың теріс болса, ашуланбауы; Үйде болмаса уайымдап, босағадан аттасаң қуана қарсы алуы; Көңілің жоқ кезде, ол да жабырқау күйге түсіп, ашулансаң ренжуі; Қарапайым сыйлығыңа балаша мәз-мейрам болуы; Табысыңның аздығы көңіліне қаяу түсірмеуі. Әрі, сенің жұмысың мен

Қызметіңнен ұялып қысылмауы; Ойың мен пікіріңе ниеттес досың болып, жетістігіңе сенен артық қуануы; Өзіне қатысты мәселеде шешім қабылдаудан алдын сенімен кеңесуі; Айтарға ортақ әңгіме таусылса, сенімен сөйлесу үшін тақырып тауып сырласуға құмар болуы; Сені бақытты ету жолын ізденуден шаршамауы, – деген екен.

Әрине, бұл барлық әйелдің қолынан келе бермейтін өнер. Бұл – бақытты болу өнері. Алайда қол жетпейтін өнер түріне жатпайды. Бақытты болғысы келген келіншек оп-оңай меңгере алатын өнер. Белгісіз бір заманда бір әйел: Күйеуімнің көңілінен шығу – менің әйел бақытым. Осыған көзім жеткен сәтте оны қалай бақытты етемін деп шамалы кідіріп қалдым. Соңыра, түсіністік таныту. Сабырлы болу. Кешіріммен қарау. Жан-тәніңмен берілу һәм барыңды ұсыну деп түйдім, – деген екен.

Талақ туралы

Тоғыз жол торабында орналасқан көне қала екен. Шаһар базарына жан-жақтан саудагерлер ағылып келіп жатты. Жат жерлік саудагерлер демалып тынығып отырса керек. Маңайларына бейтаныс әйел келіп көмек сұрайды. Саудагерлердің бірі тұрып: Тыныштық болар, не шаруа? – деді. Әйел: маған біреуіңіздің көмегіңіз керек. Жәрдемдескен кісіге жиырма динар сыйлығым бар, – дейді. Араларынан бірі түрегеп: Не көмек керек? – деді. Сонда әйел: Күйеуім ізін-ғайып жоқ болғанына он жылдан асты. Оралар деп күтіп жүрмін, бірақ неғайбыл, – деді. Әлігі кісі: Құдай бұйырса, есен-аман қайтып келер, – деді. Әйел болса: Қашанғы күтемін?! Менің де басқа әйелдер сияқты өмір сүргім келеді. Біреуіңіз менімен күйеуім ретінде қазіға барып, маған талақ берсе болғаны, – деді.

Сонда әлігі кісі оңай олжадан дәмеленіп: Мен барамын, – деп шықты. Келіскен бойынша әйелмен сот үйіне қарай жол тартып кетті. Қазидың қабылдауына кірген әйел: Құрметті қазі! Мынау он жылға жуық жоғалып кеткен күйеуім. Енді, маған талақ бергісі келеді, – деді. Қазі ер кісіден жай-жапсарын сұрап еді, ол да әйелдің сөзін қоштады. Әйелден де ажырасуға келісімін сұрады. Әйел де мақұлдады. Қазі: Олай болса, әйеліңе талақ бер, – деді. Кісі «талақ» деп айтқаны сол екен әйел көзін төмен салып, жимиып тұрып: «Құрметті қазі! Күйеуім он жыл із-түссіз жоқ болып кетті. Осы жылдары маған ешбір нәпәқа бермеді. Жағдайымды да сұрамады. Одан талақ нәпәқасымен қоса он жылдық нәпәқамды талап етемін», – деп қоя берді. Қазі да өтірік күйеуге: «Осыншама жыл көк тиын бермей, қамқорлықсыз қалдырғаның не?» – деп тергей бастады.

Оңай олжа іздеп оңбай тұзаққа түскен бейшара саудагер жағдайы мүшкіл екенін енді түсінді. Алайда шегінерге жер жоқ. Шындықты айтса абыройдан жұрдай болатынын сезді. Жалған куәлік еткені үшін дүре соғып, зынданға да тастауы мүмкін. Сасқанынан: «Жұмысым басымнан асып, келуге мүмкіндігім болмады», – деп құтылды Қазі әйелдің нәпәқасы ретінде 2 мың динар беруді міндеттеп, төрелігін

айтты. Шарасыз күйге түскен саудагер нәпәқа төлеп басын аман алып қалуға тырысты. Екі мың динар табыс тапқан әйел: «Міне, мынау мен уәде еткен 20 динар», – деп саудагердің қолына ақша салды да жөніне кете барды. Сау басына пәле тілеп алған саудагер: «Бір қатынның айласы қырық есекке жүк болған», деген осы шығар деп басын шайқап қала берді. Әзіл-шыны аралас бұл қиссаның айтпағы соңы немен тынарын білмеген іске ешуақытта араласпаған жөн.

Айдан сұлу болмасаң талақсың

Аббаси халифа әулетінің өкілі Иса бин Мұса әйелін қатты жақсы көреді екен. Күндердің күні әйелімен дастарқан басында әзілдесіп отырып: «Айдан сұлу болмасаң, саған талақ бердім», – дейді. Иса осылайша, сен айдан да сұлусың дегісі келгендей еді. Бірақ әйелі лезде орнынан тұрып, басын орамалмен жауып, сіз маған талақ беріп қойдыңыз, – дейді. Айтпағы, ай ең сұлу жаратылыс. Айдың сұлулығына жететін жан жоқ. Сондықтан, мен енді сіздің әйеліңіз емеспін, – дейді.

Бұл түн Мұсаның ең ауыр кештерінің бірі болды. Таң атқан бойда ағасы халифа Мансұрға барып болған жайтты айтты. Соңында: «Уа, мұсылмандар өміршісі! Егер мен әйелімді талақ етіп қойған болсам, өлім мен үшін өмірден жақсырақ», – дейді. Халифа бауырының жүзінен жағдайы ауыр екенін көрді. Лезде сарайға фиқһ ғалымдарын шақырып пәтуасын сұрамақ болды. Келген барлық ғалымдар дерлік әйелі талақ деп пәтуа берді.

Алайда, араларында ханафи ғалымы үнсіз тұрған. Халифа Мансұр: «Сіз неге үндемейсіз, сіз не дейсіз?» – деді. Сонда ханафи ғалымы: **«Інжірге және зәйтүнге, Сина тауына, осы бейбіт Қалаға серт. Расында адамзатты көркем бейнеде жараттық⁶¹»** аятын оқып: «Адамнан асқан көркем жаратылыс жоқ», – деп пәтуасын берген екен. Халифа Мансұр туысы Мұсаға: «Алла Тағала сенің уайымыңды сейілтті. Мәселе аятта айтылғандай, әйелің сенен ажыраған жоқ», – деген екен.

⁶¹ «Тин» сүресі, 1-4 аяттар

Есегіңе талақ бер

Ауыл жігіті келін әкеліп, әке-шешесін қуантады. Ағайын-туыстың басын қосып, беташар өткізеді. Ел-жұрт үй-үйіне тарқасып жастар оңаша қалады. Бір кезде жігіт: Қазір келем, – деп шығып кетеді. Жас келіншек қандай сыйлық әзірлеп қойған екен деп күтіп отырса керек. Бірер уақыттан кейін үсті-басы тезек сасып кіріп келді де: есегіме жем-шөп салуды ұмытып кетіппін. Жайлап келдім, – деп мәз-мейрам. Келіншек ешнәрсе түсінбеді. Романтика күтіп еді, болмады. Таң ата ұйқылы-ояу күйде: ойбай, есекке шөп салынды ма? Жүгір, шөбін бер. Обал болды! – деп жан ұшыра айқайлады. Жас келіншек қораға қарай жүгіре жөнелді. Алғашқы айдан-ақ күйеу жігіттің бар уайымы есек екені мәлім болды. Отырса да, тұрса да «есегім» дей беретін күйеуінен әйел мезі болды. Бұдан ары шыдай алмай киім-кешегін түйіншекке түйіп төркініне кетіп қалады.

«Тып-тыныш жүрген келіннің мұнысы несі?» деп ата-енесі қала берді. Қыз барған жерінде судай сіңіп, тастай батқаны керек. Екі жақ құдалар жастарды татуластырмақ болып әбігерге түсті. Мына жақтан жігітті қайын жұртына жібереді. Қайын жұрты пайғамбар да күйеу баласын сыйлаған деп ет асып, дастарқан жайып дайындыққа кірісіп кетті. Күйеу бала жоқ. Бір-екі сағат өтсе керек. Бір уақытта кешігіп келді. Аман-саулық сұрасып жатқанда күйеу бала: Автобус кешігіп келді. Есегіммен келсем, бұлай кешікпес едім, – деп төбеден қойып қалды. Сонда, келіншегі: сен есегіңді талақ етпесең, екеуіміз қайта қосылуымыз қиынға соғатын сияқты, – деп астарлап айтқан екен.

Бұл әңгімедегі есек – көлік, телефон немесе жұмыс болуы мүмкін. Еркектің есіл– дерті жұмыс болғаны дұрыс шығар. Алайда жиырма төрт сағат жұмысын ойлап, бала-шағаны ұмытқаны жөн емес. Әйтпесе, отбасы ақысына жасаған қиянаты болмақ. Бір-екі сағат болса да бала-шағасына көңіл бөліп, әңгімелессін. Үйде азын-аулақ шаруаға қол тигізіп тұруы қажет. Көлігі мен жұмысын уайымдайтын кейбір еркектер әйелі ауырып қалса, мұншалықты уайымдамаса керек.

Көкөніс сататын жігіт үйленбек болады. Аға-жеңгесі бірталай қызбен таныстырады. Жігіт ұнатса да қыздар келіспейді екен. Сөйтсе, оның бар әңгімесі көкөніс екен. Әрине, отбасында көкөністен кейінгі сатыда тұруға ешбір әйел келіспесе керек.

Айша (Алла оған разы болсын) анамыздың Қызғанышы

Хақ Тағала: «...Әрі құпталғанға сай олардың міндеттері секілді, тиісті хақтары да бар...⁶²» – деп Әмір етеді.

⁶² «Бақара» сүресі, 228-аят

Шариғатта Әйелдің күйеуі алдындағы міндеттері жайлы өте көп айтылған. Мәселен, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Мен адамның біреуге сәжде етуін Әмір етпеймін. Егер біреудің бір кісіге сәжде етуін бұйырар болсам, Әйелдің күйеуіне сәжде етуін Әмір еткен болар едім⁶³»*, – деген екен. Тіпті Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Әйел жәбір көрсе-дағы күйеуінің көңілін тауып, разы етуіне үндейді. Осылайша күйеуінің ішін жылытып, пейілін аулайды. Алайда Әйелдің бұл әрекеттері тектен-тек зая кетпейді. Күйеуінің разылығын табуды ниет еткен Әйел жайлы: *«Әйел бес уақыт намазын оқыса, рамазан оразасын тұтса, ар-намысын сақтаса және күйеуіне бойұсынса оған: Жәннатқа қалаған қақпасынан кім, – деп жар салынады⁶⁴»*, – дейді. Тағы бір хадисте: *«Жәннат Әйелдері жайлы айтайын ба, олар күйеуін жақсы көретін, көп бала табатын, кешірімді, ол күйеуінен бір жәбір көрсе: мынау сенің қолыңның үстіне қолым, сен разы болмайынша көз ілмеймін»*, – дейді⁶⁵», – деген.

⁶³ Ибн Мажа, 3490

⁶⁴ Сахих Жамиғ, 660

⁶⁵ Сахих Жамиғ, 2604

Бізге Айша (Алла оған разы болсын) анамыз мына жайтты риуаят етеді: Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) менің шаңырағыма қонатын түн еді. Ол (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) киімін шешіп, кебістерін аяқ жағына қойды.

Киімін төсеп жатты да, мен ұйқыға кетті деп ойлаған сәтте жаймен киімін алып, кебісін киіп, ақырын есікті ашып шығып кетті. Мен де орамалымды байлап, киімімді киіп, ізінше тез шықтым. Ол Бақиғ зиратына келіп ұзақ тұрды да, соңыра үш рет қолдарын аспанға көтерді. Кері бұрылған еді, мен де бұрылдым. Ол кісі жылдам жүре

бастады мен де жылдамдаттым. Сосын жүгірді, мен де жүгірдім. Ол кісіден озып, үйге кірдім де жатып қалды. Сол сәтте ол да кіріп келді. Маған: «Саған не болды? Айиш⁶⁶, тынысың ауыр ғой», – деді. Мен: «Ешнәрсе болған жоқ», – дедім. Маған айт, әйтпесе әрнәрседен Хабардар⁶⁷, Мейірімді хабар береді», – деді. Мен: «Уа, Расулалла! Әкем мен шешем сіздің құрбаныңыз», – деп болған жайтты айтып бердім. Сонда Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Қарсы алдымда көрген қара сен бе едің?» – деді. Мен «Иә, сондықтан еңтігімді баса алмай ауыр демалып тұрмын», – дедім. Сонда: «Алла және Оның елшісі саған әділетсіздік етеді деп ойладың ба?» – деп ешбір кейіс білдірмей, ешбір ашуланбай көңіліне тимейтіндей етіп, тіпті әдеттегідей еркелетіп: «Айиш» деп сүйіспеншілік пен мейірімділікке сезіміне тола сөздер айтты», – дейді.

⁶⁶ Айиш деп Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Айша (Алла оған разы болсын) анамызды еркелететін

⁶⁷ Хабардар, Мейірімді – Алла Тағала сипаттары

ҚызҒаныш – отбасын ойран ететін от

ҚызҒаныш – жақсы қасиет. Бұл текті адамның бойынан табылатын мінез. ҚызҒаныш ар-намысты қорғайтын қасиет. Жұбайын бөтен көзден қызғану. Күйеуі қызғанбаса, әйелі ренжитін кез болады. Өйткені қызҒаныштың болмауы арадағы сезімнің жоғалуының нышаны. Демек, ерлі-зайыптылар арасында қызҒаныш ауадай қажет.

Мәселе басқада. Мәселе қызҒаныштың мөлшерінде және шегінде. Арнасынан тасыған қызҒаныш жақсылық әкелмейді. Шегінен асқан қызҒаныш жолдасына деген күдік тудырады. Нәтижеде бір-бірін аңдумен болады. Соның салдарынан ойында түрлі қиялдарға ерік береді. Соңыра, жұмыстан көңілді келсе, сенің көңіліңді көтерген кім? деп ұрыс шығарады. Әрбір ұсақ-түйекті сұрап, тергейтін болады. Осылайша араларына шайтанның кіріп кеткенін байқамай қалады. Күйеуі де әйелінің әр ізін бақылайтын болады. Телефонын тексеріп: кіммен сөйлесті деп аңдумен жүреді. Тіпті әйеліне қол көтеруге дейін барады. Әзірет Әли (Алла оған разы болсын): «Әйеліңді көп қызғана берме. ҚызҒаныш кесірінен әйеліңді жаман ойға қима⁶⁸», – деген екен.

⁶⁸ Ихия улум дин

Бір әйелдің әңгімесі. Менің күдіктен арыла алмайтын құрбым бар. Қатты қызғаншақ. Күйеуі жұмыс бабымен кездесуге шақырса немесе телефонмен сөйлессе, хабарлама жазса, әлде, жүзінен күлкі байқаса, болды. Осындай титтей дүниеден құрбым: оның бір әйелі бар, – деп топшылай салады.

Ал енді, басқа жағдай. Әйелі күйеуінің қызғанышын тудырмау үшін не істемек керек? Бөтен ер азаматты суреттеуі немесе мақтауы жараспайды. Бұл әйел тарапынан жасалған өрескел қателік. Күйеуі де мұндай әрекет жасамауы қажет. Әйелінің көзінде бөтен бір әйелдің қасиетін айтып, мақтау ерсі.

Әбу Әсуад қызына: «ҚызҒаныштан сақ бол. ҚызҒаныш – талақтың кілті. Сәніңе көңіл бөл. Ең жақсы сән – көзге жаққан сүрме. Қош иіске көңіл бөл. Ең жақсы қош иіс – жақсылап жуыну (таза жүру)⁶⁹»,

– деген екен. Айдың да екі жағы бар. Қараңғы және жарық. Сол сияқты ҚызҒаныштың да шариғат талап ететін тұсы бар. Хадисте:

⁶⁹ Уйун Ахбар

إِنَّ اللَّهَ تَعَالَى يَغَارُ، وَغَيْرُهُ اللَّهُ أَنْ يَأْتِيَ الْمُؤْمِنُ مَا حَرَّمَ اللَّهُ
عَلَيْهِ

«Ақиқатында, Алла Тағала ҚызҒанады. Алланың ҚызҒануы тыйым салған істі мұсылманның жасауынан көрініс табады⁷⁰», – дейді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) миғраж оқиғасын сахабаларға баяндап береді. Әңгіме барысында жәннаттағы бір оқиғаны айтады. Зәулім сарай көрдім. Жанында бір әйел дәрет алып отыр екен. Бұл кімнің сарайы? – деп сұрадым. Омардікі, – деді. Омардың ҚызҒаншақ екені есіме түсіп, сарайдан алыс кеттім, – деген. Бұл дерек, ер азаматтың бойында ҚызҒаныш қасиеті болуы жақсы екенін көрсетеді. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

⁷⁰ Бұхари, Муслим

إِنَّ مِنَ الْغَيْرَةِ: مَا يَحِبُّ اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ، وَمِنْهَا مَا يُبْغِضُ اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ... فَأَمَّا
الْغَيْرَةُ الَّتِي يَحِبُّ اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ: فَالْغَيْرَةُ فِي الرَّبِيبَةِ، وَأَمَّا الْغَيْرَةُ الَّتِي يَبْغِضُ
اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ: فَالْغَيْرَةُ فِي غَيْرِ رَبِيبَةٍ...

«Расында, ҚызҒаныштың Алла Тағала құптайтыны бар. Сондай-ақ, Алла Тағала ашуланатыны бар... Алла Тағала құптайтын ҚызҒаныш – (негізі бар) күдікпен болғаны. Алла ашуланатын ҚызҒаныш – ешбір күдіксіз болғаны...⁷¹», – деген. ҚызҒанудың да жөні бар. Жөн-жосықсыз шайтанның азғыруына салынып, әйелін (күйеуін) айыптау дұрыс емес. Мұндай қисынсыз күмәнді сейілтудің жолы тіл мен көзді тию. Хадисте:

⁷¹ Насаи

ثَلَاثَةٌ قَدْ حَرَّمَ اللَّهُ عَلَيْهِمُ الْجَنَّةَ: مُدْمَنُ الْخَمْرِ، وَالْعَاقُّ، وَالذَّيُّوْتُ الَّذِي يُقْرِ فِي
أَهْلِ الْخَبَثِ

«Үш кісі жәннатқа кірмейді: Ішкілікке салынған адам, ата-анасын ренжіткен перзент және Әйелінің жаман Әрекетін Құптаған Әйіс²²», – деген.

²² Ахмед, Насаи

Әйелі кіммен сөйлесіп отырғанына, кіммен Құрбы дос болғанына көңіл бөлмейтін еркек. Бүгінгі таңда, Қызғану ұят деп бағалануда. Той-томалақта Әйелінің басқа ер кісімен билеуіне рұқсат бермеу ұят деп саналады. Ал кейбіреулер шын сүйсең Қызғанба, жолдасыңа сенсең Қызғанушы болма деген сияқты ұғыммен өмір сүреді. Адам тұрмақ, жылқы екеш жылқы да үйіріне бөтен айғырды жолатпайды. Барлық жануарда жұбын Қызғану қасиеті бар. Тек, доңыз ғана Қызғану дегенді білмейді.

Шаңырақ көтергендеріне бірер жылдың жүзі болған екен. Ерлі-зайыптылар дастарқан басында ас ішіп отырса керек. Еркек әдеттегінше үнсіз. Өзі үйде болса да, әлі де бар ойы жұмыста. Кенет, келіншегі назданып күйеуінің назарын өзіне қаратпақ боп: «Осы, менен сұлу әйел бар ма?» – деп тосын сұрағымен тыныштықты бұзды. Күйеуі бәз баяғы қалпынан танбай, өзіне тән салмақтылығымен: «Білмеймін», – деп бір ауыз сөзбен жауап қайырды. Сірә, келіншек мұндай жауапты күтпесе керек еріксіз:

– Демек, менен сұлу біреу бар ғой? – деді.

– Оны да білмеймін.

– Сонда, менен де сымбатты, қыпша бел біреу бар ма?

– Саған айтып тұрмын ғой, білмеймін.

– Қалайша білмейсің?! – деді, шарасы құрып жүрек қағысы жиілеп кетті. Келіншектің қос көзіне мөлтілдеп жас толып қалыпты. Күйеуі болса:

– Иә, білмеймін. Сен менің жанымдасың. Менің көздерім басқа әйел затын көрмейді. Сенен сұлу біреудің бар жоғын қайдан білемін? Менің көздерім көрген хас сұлу сенсің. Менің жүрегімді жаулаған ару да сен. Менің аңсарым – сен. Бар нәзік сезімді оятқан сен. Көзім ашық, бірақ саған деген махаббат көзіме басқа әйел затына

Қаратпайды, – деп баяғы сабырлығы мен салмақтылығынан танбай жауап береді.

Бір сәтте отқа күйіп, мұзды суға түскендей күйге енген Әйелдің екі көзінен тамған жасы мен жүзіне еріксіз ұялаған Қуаныш оның бақыттан басы айналғанын білдіріп тұрғандай еді.

Күнәмнің кесірі

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

حَيُّرُ النِّسَاءِ الَّتِي إِذَا نَظَرْتَ إِلَيْهَا سَرَّتْكَ، وَإِذَا أَمَرْتَهَا أَطَاعَتْكَ،
وَإِذَا غَبَّتْ عَنْهَا حَفِظْتَكَ فِي مَالِكَ وَنَفْسِهَا

«Әйелдердің ең жақсысы Қарағанда көзіңді қуантатыны, айтқаныңды екі етпейтіні және үйде жоқтығыңда ар-намысы мен мал-дүниеңді қорғайтыны⁷³», – деген екен. Әйелдің үш қасиеті. Жүріс-тұрысы, өзін ұстауы және киінуі күйеуінің көңілінен шығатындай әсем және жарасымды. Ал бір нәрсе айтса, қарсы келмей ортақтасып, шешімге келе білетін. Ең маңыздысы, ар-намысты бәрінен де биік ұстауы. Айша анамыздан (Алла оған разы болсын): «Ең жақсы әйел қандай болады?» – деп сұраған екен. Мұсылмандар анасы: «Жаман сөз атауын білмейтін. Еркек атауына құлақ түрмейтін. Жүрегінде тек күйеуі үшін сұлу болу ойы бар. Отбасы мен ошақ қасын ойлайтын⁷⁴», – деп жауап берген екен. Қазыбек би: «Жақсы бір болса алғаның, қоғамды болар жан жағың. Жаман бір болса алғаның, үйіңнен кетпес жанжалың», – деген екен.

⁷³ Байһақи

⁷⁴ Мухадарат Удаба

Байқасаңыз, мұның барлығы әйелге қойылатын талап. Ер азаматқа ешбір талап жоқ. Қыз кезінде барлығы жақсы, жаман әйел қайдан шығады? дегендей. Алайда әйелдің оғаш мінезіне тікелей күйеу себепкер болуы мүмкін. Бұған қатысты, ғұлама Фудайл бин Ғияд (Алла оған разы болсын): «Алла Тағалаға бір күнә жасасам, оның салдарын көлігім мен әйелімнің мінезінен (іс-әрекетінен) көремін», – деген екен. Фудайл бин Ғияд – хадис ғалымы. Жағфар Садыққа шәкірт, Ибн Мубарак пен Ибн Уйайнаға ұстаз болған. Демек, күйеуінің жүріс-тұрысы әйеліне әсер етеді. Төле би:

Әйелің жақсы болса:

Бірінші – иманың,

Екінші – жиғаның,

Үшінші – ырысыңның тұрағы...

Олай болса, әйелді емес өзімізді түзетуіміз қажет. Ал әйел бізге қарап бой түзейді.

Бір күн ұрыс, Қырық күн ырысты кетіреді

Бір әйелдің әңгімесі. Он сегіз жыл. Тұрмыс құрғаныма он сегіз жыл уақыт бопты. Күйеуіміз екеуіміз ерлі-зайыпты болып өмірдің ыстық-суығын бірге көріп келеміз. Барлығы болды. Қызықты күндер де, қиын шақтар да. Бірақ бүгін ерекше күн болды. Әдеттегідей, кешкі ас дайындап жүргенмін. Тамақтың түбі күйіп кетіпті. Салат тым ащы. Күйеуім тамақты төңкеріп жіберетін шығар деп ойладым. Дастарқан басында үнсіз отыр. Ләм-мим демей кешкі асты ішіп алды. Шай ішіп болдық. Бата жасап дастарқаннан тұрдық. Барлығы өз шаруасына кірісті. Ыдыс-аяқты жуып тұрғанмын. Жолдасым келіп, құшақтап алды. Бұрылып қарағанымды, маңдайымнан шөлп еткізіп сүйді. Бұл не үшін? дегендей қарап тұрмын. Бүгінгі асың алғашқы келін болып түскен күнгі тамақтың дәл өзі екен. Сондықтан да, жас келіншек кезіндегідей жасағым келді, – деді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ешуақытта әйелінің тамағына сын айтпаған. Осы сүннетті ұстаған ер азамат өмірінде берекет табады.

Міне, бұл отағасы болу өнері. Шаңырақтың шырқын бұзбау. Әр келеңсіздікті естен кетпес көңілді сәтке айналдыра білу. Нағыз парасат иесі ретінде, кез келген тығырықтан ғажайып түрде шыға білу. Азамат деген атқа лайық шешім қабылдай білу. Ал нәзік әйеліне ашуын төгу. Бала-шағасының құтын қашыру дәрменсіз адамның әрекеті. Хазрет Омар (Алла оған разы болсын): «Ер кісі шаңырағында әйелі мен бала-шағасының ортасында баладай мәміле етіп, ал жұрт ортасында нағыз азамат болғаны жөн», – деген екен. Әйелімен сөйлескенде, ұл-қызымен жұмсақ және емін-еркін мәміле жасауы қажет. Отағасы болу – қабақты түйіп, тымсыраю емес. Табиғин Саури (Алла оған разы болсын): «Зайд бин Сабит (Алла оған разы болсын) отбасында ең көңілді, ал жұрт ортасында отырғанда ең байсалды кісі болған», – дейді. Зайд бин Сабит (Алла оған разы болсын) – Құранды хатқа түсірген сахаба. Құранмен қалай өмір сүру керектігін үйреткен тұлғалардың бірі. Бала-шағасы есіктен кіргеннен

мойнына асылып, еркелеп жатса. Жұбайы жұмыстан келуін тағатсыз күтетіндей болуы қандай жақсы! Ұлы да, қызы да бүгінгі оқудағы жетістігі жайлы жарыса айтып жатса. Әйел дастарқан жайып жүгіріп жүрсе. Бұл ашулануды білмейтін, жұмсақ ер азаматтың шаңырағындағы жағдай.

Тағы бір хикая. Бұл қарт әйелдің құпиясы. Оны күйеуі қатты жақсы көреді. Ерекше құрметтейді. Тіпті ағайын-туысына мақтап отырады. Әдетте, ер азамат әйелін мақтауға арланады. Ал бұл қария мақтайды. Қарт әйелден көрші келіншектер: Апа! Сіздің отбасыңыздағы баянды бақыттың сыры неде? Сұлулықта ма? Әлде, тіл үйірер дәмді тамақта ма? Көп бала тууда ма? – деп сұраған көрінеді.

Қарт әйел: Отбасылық бақыт ең әуелі Алланың таупығы. Сонан соң, әйелдің қолында. Әйел шаңырағын саялы жәннат бақшасына айналдыра алады. Қаласа, оттай лаулаған тозақтың дәл өзі ете алады.

Сөзін жалғастырып: Бақыт байлықта! – дей көрмеңіз. Бақытсыз боп жүрген талай бай әйелдер бар. Бала-шағаның көптігінде де емес. Он бала туса да, күйеуінен қорлық көретін әйелдерді де көрдік. Көп әйел тамақты жақсы пісіреді. Бірақ олар да күйеулерінен шағымданады, – деді.

Соңыра: Менің күйеуім ашуланшақ адам. Ол ашуына мінген кезде мен үн-түнсіз, құп болады деп қаламын. Қимыл-әрекетіммен оған деген құрметім аяқ асты етпегенімді байқатамын. Сонда бөлмеден шығып кетпейсіз бе? – десті келіншектер. – Жоқ, олай етпе! Шығып кетсең, тыңдағың келмей, қашқан боласың. Ашуы басылғанша сенікі дұрыс деп айтқан сөзін тыңдай біл. Айтарын айтып болды-ау дегенде, түк болмағандай бөлмеден шығамын. Әдетінше, шаруамды жалғастырамын. Ол болса маған ашқан шайқасынан әлсіреген күйі қалады. – Түсінікті. Демек, бірнеше күн үнсіз жүріп, шаршатасыз, солай ма? – деді тағы біреуі. – Жоқ. Олай етуші болма. Үнсіздік – екі жүзі өткір қанжар. Бір апта бойы күйеуіңмен сөйлеспесең, оған ауыр тиеді. Бірақ уақыт өте келе, мұндайға үйрене бастайды. Сосын, сен бір апта сөйлемесең, ол екі апта үнсіз жүруді шығарады. Өзіңнің

қадіріңді біл. Күйеуің сенсіз ауа сияқты бір сәт тұра алмайтын болсын. Ішетін мөлдір суы деп сезінсін. Тынысын ашатын таза ауадай, шөлін басатын мөлдір судай бол! Одан кейін ше? – деді. Бір сағат өтсін. Шыны кофе немесе бір стакан шырын алып кіремін. Мінекей, ішіп ал, – деймін. Айқайлап, тамағы кеуіп, бір жұтым суға зәру болып отырған. Онымен түк болмағандай сөйлесіп отырамын. Сонда: Маған ашулысың ба? – деп өзі бастайды. Артынан, өзінің қатты сөздері үшін кешірім сұрай жөнеледі. Жақсы да, жылы сөздерін менен аямайды. – Соншама сөздерден кейін күйеуіңіздің кешірімін қалайша қабылдайсыз? – деді бір жас келіншек таңырқап. – Әрине қабылдаймын. Мен ақымақ емеспін. Оның ашу үстінде айтқан сөздерін растап, ашуы басылған кездегі сөздерін қабылдасам нағыз ақымақ мен болғаным емес пе?! Сондықтан, лезде кешіремін. Міне, осылайша мен үнсіз құлақ асудың пайдасына көзім жетті. Отбасы бақытының құпиясы – әйел ақылында. Ал сол бақытты ұстап тұратын қазық – әйелдің тілі, – деген екен.

Әйелім өтірік ауырады

Әйел шаршадым немесе ауырып тұрмын деп шағым айтады. Бұл физиологиялық ауру емес шығар. Алайда психологиялық денсаулығы ойлағандай болмауы мүмкін. Жүйкесі шаршағандықтан оның салдары белгісіз ауру симптомдарымен көрініс табады. Мәселен, іші құрысып қалу, кеуде тұсының қысылуы дегендей. Бас ауруы немесе жүрек қағысының жиілеуі сияқты. Сондай-ақ, әйелдерде көп кездесетін сүйек қақсауы, сырқырауы сияқты сырқаттарды да қосыңыз.

Әйел жаратылысынан бірқатар әлсіздік және шаршау кезеңдерін басынан өткереді. Әр айдағы етеккір уақыты. Жүктілік пен бала туу. Бала күтімі кезіндегі түнгі ұйқысыздық пен емізу. Сонымен бірге, балаға қарау кезі. Әйелдің қырық жаны бар. Бұл сөз әйелдің көп қиыншылықты басынан өткеретіндігін меңзесе керек.

Осы кезеңдерде ер азаматтың әйеліне көмек беруі қажет. Кейбір еркектер ах-ух деп тұнжырайып, тағы бастадың ба! – деп онсыз да ауырып жатқан әйелінің сағын сындырады. Қажет болса мұндай кезде еркек үй шаруасын өз қолына алғаны дұрыс. Әзіреті Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шаңырағына қараңыз. Айша (Алла оған разы болсын) анамыз басы ауырып, шағымын күйеуіне айтады. Жұбайының сөздерін Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) елеусіз қалдырған жоқ. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Бақиғ зияратынан бір жаназадан қайтып, үйіне келеді. Айша (Алла оған разы болсын) анамыз: Басым-ай! – деп мазасыз екенін білдіреді. Сонда, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Айша, менің де басым ауырып тұр, – дейді. Осылайша, жұбайының қаншалықты қиналып тұрғанын сезініп жатқанын жеткізеді. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үйінен бір кісі ауырып қалса, Құран және дұғамен дем салушы еді.

Әйелі ауырып жатқанда еркектің ас үйде қазан-ошақ басында жүруін ерсі санаймыз. Әйел қандай жағдай болмасын, тұрып тамақ істеу керек деген түсінік бар. Бірақ ешкім қарындасы немесе қызының ыстығы көтеріліп, ауырып жүріп кір жуып, тамақ пісіргенін құп көрмейді. Әйелдің жаны темірден емес. Әйеліне қамқор бола алмаған еркек басқаны жарылқайды деуге сену қиын. Некелі Әйеліне немқұрайлы қараған адам басқаны қайтсін?! Бір кесе сорпасын, ыстық шайын беріп. Құранмен дем салып, дұға етсе азаматтық емес пе?

Күйеуім Өзгермейді

Кейде еркек оңаша қалғысы келеді. Мұндайда оған тиіспе. Мазасын ала берме. Оның әрбір жүріс-тұрысын бақылауды қой. Күйеуіңді күштеп өзгерту деген ниетіңнен қайт. Мұндай дөрекі әрекет теріс әсер тудырады. Мәселен: Қашанғы теледидар алдында отыра бермексің! Осы тірлігің дұрыс деймісің?! – дейді әйелі. Негізі, әйелдің сөзінің жаны бар. Бірақ жөн сөзді дұрыс тәсілмен жеткізбеуде. Мұндайда: Мынау ғажап кітап екен. Оқып шықтым. Сен де оқысаң болады екен, – десе. Немесе осы жұмысыңнан басқа тірлік құрып қалды ма?! дегеннің орнына: Сенің қабілетің мен тәжірибең мол. Бұдан да жоғары жұмысқа лайықсың. Қабілетіңді мейлінше жақсы көрсететін жұмыс тапсаң деймін. Табысың да түзелер еді, – деген сияқты.

Екінші мәселе. Әр еркектің әуестенетін дүниесі болады. Бірі балық аулағанды, бірі доп қуғанды ұнатады. Осылайша, ішіне жиналған жағымсыз қылықты сыртқа шығарады. Біреулер тауға шығып немесе атқа мініп күш-қуат алады. Мұны бос уақыт өткізу деп қарауға болмайды. Бұл шабыт алудың, күш-қуат жинаудың жолы. Әдетте, ер азамат мұндай демалысты жора-жолдасымен өткізгісі келеді. Алайда демалыс пен отбасына көңіл бөлуді ұштастыра алса құба құп. Бала-шағасымен тауға шығып, футболды да отбасымен ойнап дегендей.

Күйеуім өзгермейді деген сөз жалқау ер азаматқа да бағытталады. Күйеуінің жайбасарлығы, қолда бар мүмкіндікті тиімді пайдаланбауы. Осының салдарынан әйел күйеуіне көңіл бөлуді қояды. Әрине, бұл екеуіне де теріс әсерін тигізеді. Күйеуінің тірлігін бетіне басқаннан ешнәрсені өзгермейді. Керісінше, аралары суып кетеді. Еркектің еңбек еткенін қалайсыз ба? Жалқаулығын иығынан сілкіп тастағаны керек пе? Онда, сынауды доғарыңыз. Жігерлендіріңіз. Бір ойды екі түрлі жеткізуге болады. Қолыңнан түк келмейді, – деп айтуға да болады. Сенің білімің мен қабілетің жоғары. Сен істесең, жан бітіресің, – деп ынталандыруға да болады.

Сізге не керек? Күйеуіңіз сізді жеккөріп, еңсесі түскені қажет пе?
Әлде, сізге алғыс айтып, жұмысы жанданғаны ма? Әрине, әрекет
адамнан, берекет Алладан.

Күйеуім Үйде отырмайды

Жолдасым үйде отырмайды. Үнемі жұмыста. Не жолдастарымен кетіп қалады. Міне, бұл әйелдердің кезекті шағымы. Еркек неге тек жатарға келеді? Оның бірқатар себептері бар. Соларды талдап көрейік. Жұмысының ерекшелігі. Осыған орай көп уақытын үйден тыс өткізуге мәжбүрлік болуы мүмкін. Кейбір адамдар отбасын асырап, әрі қарыздарынан құтылу үшін екі жерде жұмыс істеуіне тура келеді. Әлеуметтік себеп. Жора-жолдасының көптігі. Көбі үйге ескертпей келеді. Күйеуіңіз солардың шаруасымен сыртта көп жүруі ықтимал. Тағы біреулер бойдақшылық дәуірімен қоштаса алмай жүреді. Үйленсе де, достарын қимай жұмасына жеті күн жолдастарымен жүруге дайын.

Тыныштықтың жоқтығы. Шаңырағында ұрыс-керіс көп. Үйде өзін жайсыз сезінеді. Жағдайды өзгертуге шамасы да келмейді. Сондықтан, мүмкіндік тауып үйден қашуға даяр тұрады. Бір әйел: Күйеуім жұмыстан келеді де төсекке құлай кетеді. Күн батарда бір-ақ тұрады да дастарқанға отырады. Тамағын ішер-ішпес көшеге шығып кетеді. Содан, таңға жуық бір-ақ келеді», – дейтін көрінеді. Бұл мәселенің шешім не? Әрине, үйден қашқанымен мәселеден қаша алмайсың. Үйден безгенмен, мәселе өз-өзінен шешімін таппайды. Ендеше:

– Үйде өзін жайлы сезінетін жағдай жасаңыз. Күйеуіңізді үйде ұстап тұрудың жалғыз жолы көшеден іздеген рақатын үйден табуы.

– Күштеп ұстауға әрекет етпеңіз. Мұндай әрекетіңізден түк шықпайды. Керісінше, бұрынғысынан да қатты көшеге қашатын болады.

– Жұмыстан келген күйеуіңді шағым айтып қарсы алма. Онсыз да шаршап тұрған адамға шағымнан ауыр сөз жоқ.

– Дастарқаның жаюлы болсын. Ас-суын ішіп болған соң, бір мезгіл демалуына мүмкіндік бер. Әңгімелес. Қарны тойған сияқты, көңілі де жайлансын.

– Ара-кідік жора-жолдастарын үйге қонақ етіп шақыруға ұсыныс жаса. Күйеуің көшеге жолдастарымен кездескенше, отбасы болып араласқан әлдеқайда жақсы. Шаңырағынан рақат тапқан еркек шаруасы бітер-бітпес үйіне асығатын болады. Үйді жәннат сарайы ету сіздің қолыңызда. Жан шыдатпайтын тамұқ етіп жіберу де сіздің пейіліңізден. Бұл жалғанда рақат пен тыныштық орнаған шаңыраққа тең келер құт мекен жоқ. Бірін-бірі тілімен шақпайтын, ауыр сөзбен жанын жараламайтын шаңырақ. Ол асып-тасып жатқан байлығы жоқ үй. Бар байлығы жан тыныштығы, бір-біріне деген сүйіспеншілігінде.

Екінші хат. Жолдастарымен түнде ойын-сауық құрып, уақытын көңілді өткізетін кісіге жазылған хат. «Қадірлім! Мен өзімді үйдегі жиһаздың бірі сияқты сезінудемін. Бұған бір шама көндіккендеймін. Бірақ бір күні кешке мен таңғалатын жайт болды. Сені қуанту үшін жақсылап дайындалдым. Үйдегі жиһаздардың орнын ауыстырдым. Үйге ерекше көрік кіргіздім. Дастарқан жайып, ең әдемі көйлегімді кидім. Иіс суымды сеуіп алдым. Сен үйге түнеріп кіріп келдің. Мазамды алма! Жұмысы басымнан асады! Ұйқым келіп тұр, – деп жатып қалдың. Осы сөздерді айттың да теріс айналып жатып қалдың. Менің әйел ретіндегі құқығымды білесің бе? Достарыңа айтқан жылы сөзіңді маған қимайсың ба? Олармен өткізген уақытыңның бір бөлігін маған арнасаң деймін. Сенің достарыңа қызығып қараймын. Солардың орнында болуды армандаймын. Біздің қарым-қатынасымыз ерлі-зайыптылардікіне ұқсамайды. Біз бірге тұратын көршілер сияқтымыз. Бізге сен керексің. Қымбаттым, ұл-қызың және мен сені асыға күтудеміз! Үйге, біздің ортамызға тез орал! – деп жазған екен.

Кейбір еркектер отырыстың гүлі. Жора-жолдастарымен уақытын сәнді өткізеді. Ешбірінің көңілін қалдырмайды. Бірақ үйге басқа адам боп кіріп келеді. Әйелінің сөзін жақтырмайды. Бала-шағасына суық. Хадисте:

حَيُّ رُكُّمُ حَيُّ رُكُّمُ لَأَهْلِهِ وَأَنَا حَيُّ رُكُّمُ لَأَهْلِي

«Сендердің ең жақсыларың – әйел, бала-шағасына жақсы қарағаны. Сендердің іштеріңде әйел, бала-шағасына ең жақсы қарайтыны менмін⁷⁵», – делінген. Үй ішінде жұбайы мен бала-шағасына көңіл бөлмесе қоғамда ғажайып адам көп көрінудің ешбір маңызы жоқ. Бар жылы сөзіңді әйеліңе айт. Бар пейілің мен мейіріміңді бала-шағаңа көрсет.

⁷⁵ Тирмизи

Қырсық мінез

Отбасылық өмірдегі ең жаман мінездің бірі – қырсықтық. Қырсықтық деген не? Тұр-түсін кім көрген? Бұл айтқанынан қайтпай тұрып алу. Мәселе, әйелінен жеңілмеу. Немесе күйеуінікін дұрыс демеу. Ортақ мүдделі шешім табу орнына өз дегенінен қайтпау. Жай іштегі менмендікті жұбату үшін жеңілмеу. Әрине, бұл шайтанның біршама жұмысын жеңілдетеді. Ең қызығы қырсықтық ұсақ-түйектен шығады. Бір мысал. Күйеуі есік қағып тұр. Әйел іште. Ұйықтап жатыр. Тұрғысы келмейді. Ондағысы өзінде кілті бар. Неге өзі ашып кіре бермейді? – деген оймен төсектен тұрмайды. Есік қоңырауын қайта-қайта шалып мазасын қашырды. Әйел мұны басыну деп біледі. Ақыры, есікті ашты. Күйеуінің екі қолында азық-түлік. Неге ашпайсың? – десе, Әйел де қалыспай: Заттарды жерге қойып кілтіңмен ашсаң нең кетеді? – деген сарында екеуі ұрыса бастады. Бұл жерде кім кінәлі? Қырсық әйелі ме, әлде күйеуі ме? Өз ойын ғана дұрыс деп білетін адам қателеседі. Кей еркектер әйелінің сөзін құптамау үшін ғана қате шешім қабылдауға дайын. Ең бастысы, әйелімен келіспеу. Таразы басында отбасы мүддесі тұрса дағы менмендігін барлығынан биік қояды. Кісілік қасиетін ұсақ-түйекпен кірлетеді.

Психолог мамандардың айтуынша, қырсықтық еркекте де, әйелде де бар мінез. Алайда әйелдің жүріс-тұрысында айқын көрінеді. Қырсықтық әйелдің қорғану қаруы іспетті. Аталмыш оғаш мінез ажырасуға алып келетін қадамдардың бірі. Мұндай талас-тартыс балаларының жүріс-тұрысына теріс әсерін тигізеді. Қырсықтық кейде ақымақтықтың белгісі болуы мүмкін. Кейде жұбының көңілін өзіне аудару үшін жасалған әрекет болуы ықтимал. Қырсықтық ұсақ-түйек дүниеден басталады. Оның алдын алмаса, жүре келе үлкен мәселеге айналып, арты ажырасумен аяқталуы мүмкін. Ендеше әйелдің қырсықтығы қайдан шығады? Айтқаныңнан қайтпай табандап тұрып алу, сенің мықтылығың. Әрі күйеуінің көзінде

Қадір-Қасиетіңді көтереді деп түсінетін арулар бар. Нәтижеде дегеніңе жетесін деп сенеді.

Кейбіреуге қырсықтық тәрбие арқылы беріледі. Ата-анасын үлгі етіп, жұбайына қырсық мінез көрсетеді. Демек, бұл оның тәрбиесінде бар. Бала кезінде қаталдық көрген кісінің бойына қаттылық пен қырсықтық бітеді. Әрі көздеген мақсатына қырсықтықпен қол жеткізуді үйренеді. Тағы бір себебі бар. Бала күнінде ата-анасы үнемі: Сен барып тұрған қырсықсың, – деп ұрысады. Бұл баланың санасына сіңіп, орныға түседі. Ертеңгі күні мінезіне айналып шыға келеді. Сонымен бірге, әке-шешесінің қарым-қатынасынан осы мінезді көріп өссе. Мәселен, анасы әкесіне қырсық мінезін көрсеткен. Әйел өктемдік ететін отбасында өскен қыз ертеңгі күні күйеуімен сондай мәміле жасайды. Тіпті қыздың таңдауы тұлғалық болмысы әлсіз еркекке тұрмысқа шығу болуы мүмкін. Сонда қырсық мінезін оңай іске асырады.

Қырсықтыққа тағы бір себеп, күйеуінің өктемдігіне деген қарсы әрекеттен туады. Күйеуі отбасылық мәселеде онымен ақылдасып, кеңеспейді. Қала берсе, сөзін келеке етіп мазаққа айналдырады. Осылайша еркек өз қолымен әйелін қырсықтыққа итермелейді. Әйелдің ойын қабылдамау деген түсінік бар. Тіпті әйеліңмен ақылдас, бірақ айтқанының терісін істе деген сөз бар. Алайда бұл дінге қайшы түсінік. Неге десеңіз, ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әйелімен ақылдасқан. Әзіреті Пайғамбардың бұл әрекеті үмбетіне үлгі. Өйткені Пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жұбайымен ақылдасу қажеттілік емес. Мұсылмандарға өнеге болу үшін жасаған қадамы. Күйеуі тарапынан менсінбеушілік пен кемсіту көрген әйелдің қырсықтық танытудан басқа шарасы қалмауы мүмкін. Кейде күйеуімен дұрыс қарым-қатынас жолын таппағанда осындай қадамға барады. Тіпті күйеуінің іс-әрекетіне осылайша наразылық білдіруі мүмкін.

Ендеше, не істемек керек? Жұбын басқару деген пиғылдан туса, жағдай ушықпай жатып сөйлесу арқылы ара-қатынасты қалыпқа

келтіру керек. Әйеліңіз теріс мінезінен бірте-бірте арылғанша біраз уақыт сабырлы әрі ұстамды болуға тырысыңыз. Жұбайыңыздың әрбір сөзі мен ісіне құрметпен қараңыз. Сол кезде, әйеліңізден де сый-құрмет күтсеңіз болады. Әйеліңіз қырсықтығы ұстаған кезде әр қадамыңызды парасаттылықпен жасаңыз. Пікір таласты кейінге, оңтайлы уақытқа шегеріңіз. Ер азамат ретінде мейлінше жұмсақ болыңыз. Ойыңызды нақты жеткізіңіз. Сөзіңіз мірдің оғындай болсын.

Мен Қырсық Әйелмін

Әйел табиғатында нәзік жанды екенін ұмытпауы қажет. Оның үнемі күйеуімен тайталаса беруі түбіне жетеді. Өз қолыңмен жәннат бақшаңды жығып, шаңырағыңды бұзба. Ер кісінің де шыдамы шектеулі. Бір күн болмаса, бір күні сабыры сарқылады. Мұндай мінезді шариғат құптамайтынын білген жөн. Хадисте: «*Әйел баласы бес уақыт намазын оқыса, рамазан оразасын ұстаса, ар-намысын сақтаса, күйеуіне бойұсынса жәннаттің қалаған қақпасынан кіреді*», – делінген. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

أَلَمْ أُخْبِرْكُمْ بِنَسَائِكُمْ فِي الْجَنَّةِ؟ كُلاًّ وَدُودٍ وَلَوْ، إِذَا غَضَبَتْ أَوْ
أَسَىءَ إِلَيْهَا أَوْ غَضِبَ زَوْجُهَا، قَالَتْ: هَذِهِ يَدِي فِي يَدِكَ، لَمْ أَكُنْ حُلْ
بِعُصَى حَتَّى تَرْضَى

«Жәннат әйелдері кім екенін айтайын ба? Ол – күйеуіне сүйікті, көп бала туатын әйел. Ашуланса немесе күйеуі көңіліне жақпайтын әрекет жасаса: мына, менің қолым сенің қолыңда. Сен менен разы болмайынша көзім ұйқы көрмейді», – деп айтады⁷⁶», – деген. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір әйелге: «Күйеуіңнің көңілінде қандай орынға ие екеніңе қара. Өйткені күйеуің – сенің жәннатың немесе тозағың⁷⁷», – деген екен. Әбу Дарда (Алла оған разы болсын) жұбайына: «Менің ашулы күйімді көрсең, көңілімді аулап риза етуге әрекет ет. Ал егер сенің ашулы кейпіңді көрсем, көңіл-күйіңді табуға мен тырысамын. Бұлай етпесек, қол ұстасып тату-тәтті өмір сүре алмаймыз», – деген екен. Күйеуі ашуланып тұрса, әйелі де ерегісіп ол да ашуға мініп алса. Кім ұтады, кім жеңіледі? Қырсықтықты – қайсарлыққа айналдыру қажет. Дегенімізден қайтпай тұрып алғанша, сол күш-қайратымызды мақсатымызға жетуге қолданған тиімді.

⁷⁶ Насаи

⁷⁷ Ахмед

Үй болған соң, шыны-аяқ сылдырламай тұрмайды. Сондықтан, жұбайлардың бірі ашуланғанда екіншісі көңілін аулауға тырысқаны дұрыс. Сенде бар ашу менде де бар деп қоса жынданса, одан ешкім ұтпайды.

V. БӨЛІМ

АРАҚАШЫҚТЫҚ ТЕОРИЯСЫ

Суық күн екен. Кірпілер қатты тоңады. Жылынбақ боп бір-біріне жабыса кетеді. Бірақ тікендері бір-біріне кіріп мазасын қашырады. Жанына батқан соң алшақтайды. Алайда қатты аяздан жылыну үшін қайта жақындауға мәжбүр еді. Осылайша, біресе жақындап, біресе алшақтаумен болды. Ақырында, орталарындағы жылуды сақтап әрі тікендерінен зиян көрмейтін керекті ара-қашықтықты табады. Ара-қашықтық сақтаңыз! Жол қозғалысында бұл өте маңызды. Отбасылық өмір жолында да осылай. Қазақ: екі жастың арасына есі кеткен түседі демей ме?! Бұл мысал әңгіме адамдар арасындағы ара-қашықтықтың қажеттілігі жайында. Арадағы сүйіспеншілік пен құрметті сақтау маңызды. Сонымен бірге, жеке тұлғалық болмысты да жоғалтпау керек. Екі адамның ортасына есі кеткен түседі. Ерлі-зайыптылар ара-қатынасына қажетсіз әке-шешесінің немесе басқа да ағайын-туыстың араласуы жақсылыққа апармайды.

Жастардың қарым-қатынасына неге ата-ана араласады? Мұның себебі көп. Отбасылық ішкі қалыптасқан жағдай себепті болуы мүмкін. Сонымен бірге, жастардың өз мәселесін шеше алмай, ушықтырып алуы түрткі болуы мүмкін. Анасы есейген баласын қызғанып, әрбір ұсақ-түйектен хабардар болу үшін араласуы. Сонымен бірге, ұл-қызына тым қатты байланып қалған ата-ана киліге береді. Жас жұбайлардың әлеуметтік жағдайының нашарлығы да себеп болуы мүмкін. Ата-ана жастардың тәуелсіз өмір сүруін қолдауы мүмкін. Алайда әр қадамына сын айтып мазасын алуын тоқтатпайды. Олар өздерінің бұл әрекетін қамқорлық деп ақталады. Ал енді, кейбір жұптар бір-бірінің іс-әрекетін ата-анасына айтады. Бұл ерлі-зайыптылардың өзара ашық сөйлесе алмауының салдары

болуы мүмкін. Екінші жағынан бала күнінен ата-анасына әрбір қадамын айтып үйренген болуы ықтимал. Бұл өрескел қателік.

Әрине, екі жастың арасына түсумен ортадағы мәселе шешілмейді. Керісінше, ушыға түседі. Жастардың бір-біріне деген сенімі жоғалады. Бір-бірінің ата-анасына деген сый-құрметі кетеді. Қасиетті Құранда: **«Егер де екеуінің арасының ашылуынан қауіптенсеңдер, еркектің ағайынынан бір төреші, әйелдің ағайынынан бір төреші жіберіңдер. Егер ол екеуі жарастыруды қаласа, Алла да, екеуінің арасын үйлестіреді. Күдіксіз Алла толық білуші, анық хабар алушы²⁸»,** – дейді. Екі жастың арасына осы жағдайда ғана түскен жөн. Басқа кезде, өздері ақыл-кеңес сұрамаса араға кірмеген дұрыс. Әр мәселенің шешімін өздері тауып үйренсін. Тәжірибе жинасын. Бірге қателессін, бірлесе отырып жол тапсын. Бұл олардың сезімін күшейтпесе әлсіретпейді. Үлкендер ұл-қызының жастықпен келіп айтқан шағымынан шұғыл шешім шығаруға асықпасын. Байқамағансып, өздерінің татуласуына мүмкіндік берсін. Ашуға мініп, күйеу балаңызды немесе келініңізге қатты сөйлеуші болмаңыз. Үлкендігіңізді қамқорлықпен, кешіріммен көрсетіңіз.

²⁸ «Ниса» сүресі, 35-аят

Сандал ағашы

Ерлі-зайыптылар бір-бірінен жақтырмайтын іс-әрекет байқаса, үндемей қалмасын. Ұнатпаған жайтты ашық айтқан жөн. Бүгіп қалғанмен іс бітпейді. Керісінше, өрши түседі. Қала берсе, сіз оғаш деп білген жайтты жұбыңыз бейкүнә әрекет деп есептеуі мүмкін. Әрине, мейлінше жұмсақ етіп жеткізу қажет. Өйткені сөз сияқты тиген жеріне тастай ауыртатын, инедей тесіп шаншитын, шоқтай күйдіретін нәрсе жоқ. Сағд Ширази: «Сандал ағашындай бол, өзін шапқан балтаны да қош иісті ететін», – деген екен.

Алайда, ашу үстінде ашық әңгіме орынсыз. Мәселен, әйел ашуланған кезде: Сен түгенсің, пәленсің, – деп ішіне жиналып қалғанды төгіп салу жағдайды ауырлата түседі. Мұндайды естіген күйеуі де үндемей қалмасы анық. Осылайша, реніш кезінде бір-бірінің айыбын бетке басуға кіріседі. Әрине, бұл шындықтан гөрі жолдасының жанын жаралау екені белгілі. Осылайша олардың айқайы көрші-қолаң құлағына дейін жетеді. Адамдар неге ұрысқанда айқайлайды? Әдетте, алыс қашықтықтағы адамға сөзіңді естірту үшін айқайлайсың. Бір-бірін түсінбеген адамдардың жандары бейне бір бір-бірінен тым алыста тұрғандай. Жандарына сөзін естірту үшін бар дауысымен айқайлауға тұра келеді.

Ендеше, айтпақ сөз үшін оңтайлы сәт таңдау қажет. Ойыңызды дұрыс жеткізетін сөздерді де таңдаған жөн. Өйткені сіздің мақсатыңыз көңілін жаралау емес. Жұбыңызға кемшілігін түзететін айна бола білу.

Сонымен бірге, мүлде айтпайтын сөздер бар. Анаңыздың күйеуіңіз жайлы сөздері. Ата-ененді ұнатпайтын болсаң да, ол жайлы күйеуіңе айту дұрыс емес. Жақсы көрмесең де, құрметтеуің керек. Күйеуіңнің әпке-қарындастарының киімін, пісірген тамағын, үйлеріндегі жиһаздарды сынап мұқатуға болмайды.

Фордтың Әйелі

Күйеуіңді жетістікке жігерлендір. Әрбір ұлық тұлға арқасында әйел тұрады. Күйеуің табысты болғанын қалайсың ба? Өз саласында биік жетістікке жетуін ше? Көпшілік әйел қауымы мұны армандайды. Алайда тек азы ғана арманын жүзеге асырады. Дәлірек айтсақ, әрекет етеді. Ер азамат мақсатын жүзеге асыру жолында табанды еңбек етеді. Бала-шағаның киімі көк, қарны тоқ болсын деп маңдай терін төгеді. Мұны түсінген әйел жолдасының ынта-жігерін көтерудің барлық амалын жасайды. Әрбір жетістігін бағала. Жігерлендір. Қанағат ет, ашкөздік көрсетпе. Тапқан табысын үнемдеп жұмса. Маман ретінде дамуына үлес қос. Бүгінгі әрекетінің жемісін ертең екеуің бірге көресіңдер. Қазіргі қанағатсыздығың мен шағымың оның аяғына тұсау болатынын ұмытпа.

XIX ғасырдың екінші жартысында, Детройт қаласында механик жігіт өмір сүрді. Қалалық электр станциясында жұмыс істейтін. Әр күні он бір сағат еңбек етеді. Екі апталық жалақысы он бір доллар. Жұмыстан кейін түннің бір уағына дейін қорада жаңа мотор түрін құрастыратын. Ата-анасы оның бұл ісін бос әурешілік деп санайтын. Жора-жолдастары да құптамайтын. Тіпті келемеждеп мазақ ететін. Алайда келіншегі оның қабілетіне сенетін. Түнде жұмыс істеп отырған күйеуінің жанынан табылатын. Қолдап, жігерлендіретін. Ғажайып дүние ойлап табатынына сенетін. Бұл мотор міндетті түрде оталатынын білетін. Сондықтан ол жігіт әйелін «сенімді әйел» деп атайтын.

Үздіксіз үш жыл еңбек жемісін берді. 1893 жылы отызға толмаған жігіттің қорасынан төрт дөңгелегі бар арба шықты. Арба аттың көмегінсіз қозғалатын. Бұл моторлы арба еді. Машина. Осылайша, Генри Форд әйелі екеуі адамзат тарихында жаңа кезеңді ашты. Г.Форд жұбайы туралы ерекше мақтаныш һәм құрмет сезімімен әңгімелейтін. Бұл жаңалықтың әкесі – Форд, анасы – әйелі екенінде дау жоқ еді. Машина ойлап тапқанына қырық жыл өткенде Фордтан: «Құдай қайта өмір берсе, кім болуды арман етер едің?» – деп

сұрайды. Сонда: «Кім болуым мені мазаламайды. Ол үшін алаңдамаймын. Ең маңыздысы Әйелім жанымда болса жеткілікті», – деген екен.

Хажжаждың Әйелі

Хажжаж бин Юсуф – умауи халифа Әулетінің қолбасшысы. Сөз қадірін білетін шешен. Құранды толық жаттаған әрі көп хатым еткен деседі. Бірақ асқан зұлымдығымен аты шыққан. Оның қолы көптеген сахабалар мен табиғиндердің қанына былғанған. Халифа Абдулазизұлы Омар ол жайлы: «Жер бетіндегі бүтін халықтар зұлымдығынан жалғыз Хажжаждың залымдығы басым түседі», – деген. Десе де, айтпағым ол жайлы емес. Оның өміріндегі бір оқиға.

Хажжаж Хинд есімді қызға үйленеді. Мулаххапқызы Хинд ақылына көркі сай еді. Өз заманының хас сұлуы. Бұған қоса, ділмарлығы да бар еді. Әрине, бұл некеге әкесі де, қыз да наразы еді. Алайда амал нешік, көнуге тура келді. Тұрмыс құрғанына бір жыл өткен. Хажжаж үйде де, түзде де қабағы ашылмайтын еді. Ай күні жақындап Хинд бала күтіп жүрген. Күндердің күні айна алдында отырып: «Қайран, Хинд! Сен текті тұлпар тұқымынан туған бие едің. Ал Құдай қосқан қосағың қашыр. Құрсағыңдағы құлын тұлпар боп туса саған тартқаны. Ал қашыр боп туса тегіне тартқаны, – дейді. Мұны Хажжаж естіп қояды. Ашудан өз-өзіне сыймай жарыла жаздайды. Әйеліне барып жазасын берейін десе еркектік намысы жібермейді. Қызметшісін шақырып: Анаған бар да, күйеуің талақ етті де. Бұйрығымды екі сөзбен жеткіз. Үш сөз айтсаң, тіліңді кесемін, – деп ызасын қызметшіден алмақ болды.

Қолбасшының мінезін білетін қызметші Хиндке барып: «Едің... Болдың..., – дейді. Яғни, әйелі едің, енді талақ болдың, – дегені. Мән-жайды лезде түсінген Хинд: Едік – қуанбадық, болдық – өкінбейміз, – дейді. Мұнысы: тұрмыс құрғанда қуаныш болмап еді, талақ беріп жатса несіне өкінеміз дегені еді.

Хинд артынан келген дүниесін түйелерге тиеп төркініне қайтты. Ол кез келген шаңырақтың шырайын келтіретін келіншек еді. Шыққан жері текті болатын. Алайда бірнеше жыл оған құда түсуге ешкімнің жүрегі дауламайтын. Хажжаждан қорқатын. Мұны білген Хинд сарай ақындарының біріне қолқа салады. Шайыр халифа сарайында Хинд

жайлы өлең оқиды. Халифа Маруанұлы Абдумаликтің ойы кетеді. Хижаздағы әкімін қыздың әкесіне жібереді. Көңілінен шығатын хабар келген соң, саушы жіберіп құда түседі. Сонда, Хинд: Мұсылмандар әміршісі! Ыдысты ит жалаған, – деп тұрмыста болғанын білдіреді. Халифа да ділмар болатын. Ол: Ыдысты жеті рет сумен, бір рет топырақпен жуса тазарады емес пе, деп идда біткен соң некелесетіндігін хабарлайды.

Сонда Хинд бір шартпен тұрмысқа шығатынын жеткізді. Шарты қалыңдықтың дүниесі тиелген керуенді Хажжаж бастап баруы тиіс. Халифа тарапынан Хажжажға тікелей нұсқаулық келді. Оның көнуден басқа амалы жоқ еді. Керуен жолға шықты. Хажжаж халифа қалыңдығы мінген түйенің шылбырын ұстап келеді. Кенет Хинд жерге алтын теңгені түсіріп алғандай етіп лақтырады. Күміс теңгем түсті. Алып жібер дейді. Хажжаж жерден теңгені алып: Күміс емес, алтын теңге екен, – деп ұсынады. Сонда, Хинд: Күміс теңгемді алтын теңгеге айналдырған Аллаға мың да бір шүкір, – деп залым қолбасшыдан есесін қайтарған екен.

Керуен халифа сарайына келіп жетті. Халифа ығай мен сығайға той жасап жатқан. Бұл тойға Хажжаж келмеді. Халифа шақырту жібергенде: Анам кісілерден қалған дастарқанға отырма деп тәрбиелеген, – деп сәлемде жолдайды. Мұнысымен, халифа болсаң да, мен ажырасқан әйелді алып тұрсың, – дегендей еді. Бұған намыстанған халифа жұбайына жоламай қояды. Тек ара-кідік халжағдайын сұрап кететін. Көп өтпей Хиндтың құлағына халифа мен Хажжаж арасындағы әңгімені жетеді.

Ақылды әйел бір амалын табуға кіріседі. Халифамен кездесудің жолын іздейді. Сарайдың әйелдер қанатына халифа кіріп келгенде моншағын үзіп жібереді. Інжу-маржан жерге төгіледі. Сонда, Хинд етегін түріп жинауға кіріседі. Қалыңдығының ажарын көрген халифа есін жоғалтып қояды. Маржанды теріп жатқан әйелі қайта-қайта: Субхана Алла. Алланың құдыретін-ай, – деп айтумен болды. Неге таңданып жатсың? – дейді халифа. Хинд: Алла Тағала інжу-маржанды патшалардың сәні етіп жаратқан. Иә, солай, – деді халифа.

Бірақ Құдайдың Құдыреті, маржандарды сығандар теседі, – дейді. Әйелінің не айтпақ болғанын халифа түсінді. Өзінің айыбын мойындайды. Арамызда от салмақ болған анау пәле, – деп жұбай таңдауда жаңылмағанын түсінген екен.

Пайғамбар көршісі

Оқиғаны ғұлама Мұхаммед Ратиб Наблуси әңгімелейді. Дамаск қаласында Уард мешіті бар. Мешіт Саружа базарында. Мәмлүктер дәуірінен қалған жәдігер құлшылық үйі. Мешітте тақуа мүфтиі қызмет етті. Ел-жұртқа дін құндылықтарын насихаттап, шәкірттерге дәріс берді. Бір күні түсіне ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) кіреді. Әдетте түс көрмейтін. Екі дүние Сұлтанын (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) анық өңіндегідей жүздесті. Әзіреті Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Пәленшеге сүйінші айт. Ол менің жәннаттағы көршім», – деді. Имам таңертең ұйқысынан тұрып біраз ойға шомды. Аздап ішінде қызғаныш бар сияқты. Өмірін дін қызметіне арнап еді. Күн-түні шариғатты оқытумен, оны зерттеумен өмірі өтіп жатты. Ал пәленше оның жамағаты. Қарапайым көкөніс сатушы.

Намаздан кейін шақырып алып: Сізге сүйінші хабарым бар. Түсімде ардақты Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көрдім. Сізге сәлемдемесі бар. Бірақ сүйіншіні айтпас бұрын бір шартым бар. Құдайға ұнайтын қандай жақсылық істеп едің, соны айт, – дейді. Ол айтудан бас тартты. Имам қолқалап қоймаған соң көнді. Көкөніс сатушы: Мен бір қызға үйлендім. Әйелімнің аяғы ауыр екен. Бес айлық. Қызды әкесінің үйіне қайтарып жіберсем болар еді. Бірақ құпияны ешкімге айтпадым. Оның жаңылып от басқанын түсіндім. Шынайы тәубе етті. Төрт ай өтті. Ай күні толып бала дүниеге келді.

Құндақтағы баланы мешітке алып келдім. Жамағат намазға тұрды. Мешіт табалдырығына баланы қойып, өзім де жамағатқа қосылдым. Намаз үстінде бала шырылдап жылай бастады. Намазды бітірер-бітірмес жамағат есікке қарай жүгірді. «Мынау бала ғой. Біреу нәресте тастап кеткен сияқты», – деп кісі жиналып қалды. Мен асықпай барып: «Тастанды бала болса, мен алайын. Бағып, қағып өсіремін», – деп алдым. Осылайша әйелімді қара бет, масқара болудан аман алып қалдым, – деген екен.

Сүрінбейтін тұяқ, жаңылмайтын жақ жоқ. Адамды жаман жолдан
Құтқару – үлкен еңбек. Жығылғанға жұдырық демей, Қолтығынан
демеп қайта тұруына көмек беру – сауапты іс.

Әбу Талиптің әйелі

Әбдімутталиптің ұлдары көп еді. Алайда қайтыс болар шағында жақсы көретін жетім немересін Әбу Талипке аманаттады. Әбу Талиб кедей, оның үстіне бала-шағасы көп еді. Бірақ мейірімді де балажанды еді. Бауырының баласын қатты жақсы көрді. Бір елі жанынан тастамай алып жүретін. Тіпті Шам сапарына он екі жасар Мұхаммедті бірге алып кетті. Жұбайы Фатима жетімге анасындай қамқор болды. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сол әйелдің қолында өсті. Бала-шағасының көптігіне қарамай бала Мұхаммедтің үсті-басына, киім-кешегіне ерекше қарайтын. Ас-суына мән беретін. Ең жақсы киімдерді кидіретін. Қош иіс су себуді де ұмытпайтын.

Ол құрайыштың текті әулетінен шыққан Асадқызы Фатима. Әбу Талиптің жұбайы. Хазрет Әли мен Жағфардың анасы. Хасан мен Хусейннің әжесі. Ол ең алғашқылардың қатарында мұсылман болды. Мұхажирлермен Мадина шаһарына қоныс аударды. Жаны таза, парасатты, мейірімді де ар-намысты әйел еді. Күйеуі Әбу Талиб бақилық болған соң, қайта тұрмысқа шықпады. Саналы өмірін балаларының тәрбиесіне арнады. Сонымен бірге, бар уақытын Құран жаттауға жұмсады. Асадқызы Фатима өмірінің әр кезеңін ерекше пайдаланған әйел еді. Ақырет үшін дүниесін, дүниесі үшін ақыретін ұмытпады. Әбу Талипке жақсы әйел бола білді. Ұл-қыздарына мейірімді ана еді.

Алтын құрсақты ана бала Мұхаммедке жүрегінің төрінен орын берген еді. Өзегін жарып шыққан өз баласындай көріп, мейірім мен махаббатқа шөліркетпей өсірді. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жадында Фатима анасы ұмытылмас естеліктер қалдырды. Ару ана қайтыс болғанда Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің мүбарак көйлегімен кіндеді. Сондықтан, Фатима ананы «пайғамбар көйлегінің иесі» деп атайды. Жатқан жері жұмсақ да жайлы болсын

деп Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын)
оның Қабіріне бірінші болып өзі жатты.

Күйеуін дуалаған Әйел

Мінезі жаман кісі екен. Әйеліне тыныштық бермейтін көрінеді. Күйеуінен әбден мезі болған әйел сыртынан дуа оқытпақшы болып шешеді. Ауылдың молдасына мән-жайды айтып, дуа жасап беруін сұрайды. Қой аузынан шөп алмайтын момын, жуас болсын дейді. Әйелдің мұңын мұқият тыңдап болып: «Болады. Оқимын дуаны. Бірақ бір шарты бар. Соны орындай алсаң, оқып беремін. Күйеуің дегеніңдей адам болып шығады», – дейді. «Барлығына дайынмын. Арамыз жақсарып, тату-тәтті болсақ, кез келген шартқа дайынмын», – дейді әйел. Молда: «Дуаны арыстанның жалына оқимын. Анау-мынау емес аң патшасының жалының қылы керек. Сол кезде, күйеуің жуас, момын болады. Жалды өз қолыңмен кесіп әкелуің тиіс. Әйтпесе, дуаның ешбір күші болмайды», – дейді.

Әйел үндемей тұрып қалды. «Молда ата! Бұл мүмкін емес. Жартқыш мені көрген сәтте паршалап тастайды. Бұл қауіпті», – деді. «Қызым! Сенің мәселеңнің шешуі тек осы ғана. Басқа жолы жоқ. Арыстанның жалына оқыған соң бірнеше күн ішінде күйеуі адам танымастай өзгереді», – дейді қарт молда.

Бұл өте ауыр шарт еді. Бірақ өмір бойы күйеуінен қорлық көру одан да ауыр. Нар тәуекел деп амалын іздеуге көшті. Аңшыларға барып жөн-жосығын сұрауға кірісті. «Арыстанның жалын кесіп алу тұрмақ маңайына жақындаудың өзі мүмкін емес. Маңайына барсаң өлдім дей бер», – деді бір аңшы. Серігі: «Менің білетінім, арыстан қарны тоқ кезде қауіпсіз. Егер жыртқышты тойдырып жүрсең, саған бойы үйренуі мүмкін», – дейді. «Бісміллә» деп, әйел іске көшті. Жыртқыш жүретін тоғайға күнде ет тастап кететін болды. Әр күні бірнеше адым жақындап отырды. Уақыт өте жыртқыштың көзі әйелге үйрене бастады. Адамға жыртқыштан гөрі адамның қатыгездігі жаман. Аң екеш аң да қарны ашқанда ғана шабуылдайды екен. Қарны тоқ жыртқыштың адам баласына ешбір қысастығы жоқ екен. Бірнеше айдан соң, әйел дегеніне жетті. Ойламаған істі жүзеге асырды. Аң патшасының жалынан бірнеше талшық қыл кесіп алды.

Әйел молдаға қайта келді. «Міне, айтқаныңызды әкелдім», – деп келіншек жүзі қуаныштан бал-бұл жайнап. «Айналайын, қызым! Қалайша?! Мұны қалай істедің?» – деді қария. Келіншек оқиғаны бастан аяқ айтып берді. Басынан өткерген қиыншылық пен қорқынышқа қарамай дегеніне жету үшін аянбағанын сөз етті. Мақсатына әр күні бір қадамдап жақындағанын айтты.

«Қызым! Күйеуі қанша ақырса да арыстандай жыртқыш емес. Сен аң патшасының осал тұсын таба білдің. Оны ет беріп қолға үйретуге болатынын көрдің. Күйеуіңнің де нәзік жері бар. Сүйіспеншілігіңмен оған жақындай түс. Сонда, оның ақыл-ойында сен ғана боласың», – деген екен қарт молда.

Ана мен Әйел

Ана мен Әйел таразының екі жағы. Біреуінің есесінен екіншісі жәбір-жапа шегеді. Талай ақжаулықты ана, Өзегін жарып шыққан перзентінің сол таразыны дұрыс ұстай алмағанынан, Қорлық көреді. Тіпті мейірімділік пен Қамқорлыққа ең қажетті шағында Қарттар үйінен бір-ақ шығады. Мұндай Қорлықты бауыр еті баласынан көруі қасіретін екі есе ащы ете түседі. Ақ сүтін беріп, түн ұйқысын төрт бөлген анасына жасайды. Ал ана баласы ұйықтаса ғана көз іледі. Баласының Қарны тойған соң ғана нәр тартады емес пе? Жалған дүниедегі ең абзал жанға мұншама қаттылық пен дөрекілік қандай шығуда?! Әйелінің көңілінен шығу үшін бе? Әлде, әйеліне деген махаббатын көрсету үшін бе? Мұндай зұлымдықты естіген тасжүрек адамның өзі тітіркеніп шошитын болар. Ақыл-парасат қабыл ете алмайтын зұлымдық емес пе?

Анасының қос білегіне алтын-күміс білезік тақса, әдемі көйлек кигізсе жараспай ма? Анасының Әр күнін шуақты, Әр сәтін бақытты етсе болмай ма? Алтын сыйламақ түгілі Мекке арқалап апарса-дағы перзенттік парызы өтелмейтінін біле ме екен?! Шешесін арқалап Кағбаны тауап етіп жүрген кісіге сахаба Абдулла бин Омар: «Сені жарық дүниеге алып келер сәттегі анаңды шыдатпай қысқан толғақтарының бірін де өтей алмадың. Бірақ бұл жасаған ісің ізгілік. Жақсылығыңды тоқтаусыз жасай бер», – деп айтуы соның бір айғағы. Өзінің бар жағдайын жасап, ал анасын қараусыз қалдырған бейбақтардың жүрегінен мейірімділік атауы жоғалған заман туды.

Әрине, анаға деген қамқорлық пен жақсылық әйеліңізге тиесілі ақысынан алынбайды. Анаға қамқор болу өмірлік жарыңызды қараусыз қалдырыңыз деген сөз емес. Анаңызды көңілінен шығу үшін әйеліңізді балағаттап, таяқтың астына алу емес. Әйел – аманат. Некемен әйел – адал жар, өмірлік серік болады. Ер азаматтың жақсы қасиетінің бірі – әйеліне қамқор болуы.

Анамен ешкімді қатар қоюға болмайды. Сіздегі бар жақсылық пен ізгіліктің қайнар бұлағы – ақжаулықты анаңыз. Өмірдегі

жетістіктеріңіз анаңыздың ақ тілегінің арқасында. Сондай-ақ, сәтсіздік пен сүрінуіңіздің басты себебі де анаңыз қос жанарынан тамшылаған жастары. Ана ешуақытта алақанын жайып, қарғыс айтпайды. Көзінен мұң көрінсе жеткілікті. Өміріңізде сәтсіздіктер басталады. Ананың орны ерекше. Әйелдің де жөні бөлек. Әрқайсысының өзіне тиесілі ақысы бар. Біріне жақсылық жасаумен екіншісі жәбір көрмеуі тиіс.

Сөздің тоқетері, әйеліңді анаңмен салыстырма. Екеуін таразының басына қойма. Ана табанының астында – жәннат бар. Хақ Тағаланың разылығы ата-ананың разылығымен келеді.

Құнанбайдың анасы

Дала ғұламасы Майқы би: «Тұлпардан тұлпар туады, сұңқардан сұңқар туады. Асылдан асыл туады, сараңнан бермес туады, Соқырдан көрмес туады, Мылжыңнан езбе туады, Қыдырмадан кезбе туады» – деп адамның тектігін болашақ ұрпаққа әсер жайлы ой қозғаған. Абайға даналық әке қанымен біткен. Парасаттылық ана сүтімен сіңген. Абайды Абай еткен Құнанбай. Әке тәрбиесі. Ал Құнанбайдың заңғарлығының артында Зере ананың тұлғасы тұр. Ер азамат жар таңдаумен ұрпағының болашағын таңдайды.

Мұғауия – сахаба. Әкесі мен анасы да сахаба болған. Өзі Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хахиян хатқа түсіретін қырық сахабаның бірі еді. Айтпақшы, Абайдың ұлдарының бірінің есімі – Мұғауия (Мағауия). Мұғауия төрт әділ халифа және Әлиұлы Хасаннан (Алла оған разы болсын) кейін Ислам әлемін он тоғыз жыл басқарған. Әбу Бәкір (Алла оған разы болсын) бастаған төрт халифа дәуірінде Шам аймағында әкім болып қызмет етті. Даналығы мен іскерлігі арқасында халықтың ықыласына бөленді. Анасы – Ұтбақызы һинд мінезді де, қайсар әйел еді. Ал әкесі, ақыл-парасатта алдына жан салмайтын Әбу Суфиян еді.

Қазақта: «Тектен нәр алған тозбайды» деп және «Көргені жақсы көш бастар, дөңгелектің шегі жоқ көргенсіздің тегі жоқ» деген нақыл сөздері тектілікті сақтамаудың салдарын айтып ескертуде. Тектілік тек бір шаңырақтың мәселесі емес. Ол тұтастай бір мемлекеттің болашағын айқындайтын басты мәселелердің бірі. Асыл дініміз бен ата-баба салты қан тазалығы мен тектілікке жіті мән бергенін ұмытпағаймыз.

Тұлға тәрбиелеген аналар

Шоқанды тәрбилеген әжесі Айғаным. Абайды анасы Ұлжан мен әжесі Зере. Өмірін толығымен ел Қамына арнаған тұлғаларды ана тәрбиелейді. Ел үшін туған азамат – асыл ана жемісі. Әйел – ана. Әже. Әпке. Өмірлік жар. Әйел салауатты Қоғам қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Ұрпақ тәрбиесінде һәм күйеуіне жақсылықта жәрдемші болуда әйел үлкен демеу. Оның ең айқын көрінісі – Хадиша анамыз. Алла одан разы болғай! Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Құдай қосқан қосағы парасатты әйел еді. Әр қилы сәтте Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жанынан табылатын. Үй шаруасы және бала-шағаның тәрбиесіне жіті мән беретін. Төрт қызы да анасының асыл қасиеті мен тәрбиесін бойына сіңіріп өсті. Қиын сәттерде Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүйеу болды.

Имам Суфиян Сәуридің анасы

Суфиян Сәури – фиқһ және хадис ғалымы. Хадис ғылымында мұсылмандар әміршісі мәртебесіне жеткен. Суфиян Сәуридің ғылым шыңын бағындыруда анасының еңбегі мол еді. Суфиян – анасының жылдар бойы төккен маңдай терісінің жемісі. Ғұлама бұл жайлы: «Білім жолына түскен кезімде: «Уа, Раббым! Маған күнелтетін қаражат қажет. Ал білім болса құмға құйған су сияқты тарап бара жатты. Мен уақытымды білім алуға арнаймын деп шештім. Сонда Алладан ризық-несібемді жеткіз деп дұға еттім», – дейді. Суфиянның анасы: «Балам! Оқы, білім ал. Мен ұршығыммен сенің наныңды тауып беремін», – деп баласының білім алуы үшін аянып қалған жоқ. Баласының қарнын тоқ, көйлегін көк етумен шектелмей үнемі ақылын айтып, білім алуға деген құштарлығын қайрап отыратын. Анасы бір сөзінде: «Балам! Егер он әріп жазып жүрегіңе үңілгенде онда тақуалығың, жұмсақтығың және байсалдығың артпаса, бұл ілімің саған пайдасынан зияны көбірек», – деген екен. Міне, осындай ана Ислам әлеміне үлкен ғұламаны тәрбиелеп жеткізді.

Имам Мәлик бин Әнастың анасы

Имам Мәликтің жиені Ибн Әбу Уайс әңгімелейді: Нағашым Мәлик бин Әнас анасы жайлы: «Анам менің үстіме киімімді, басыма сәлдемді кигізіп Рабиға бин Әбу Абдурахманның дәрісіне жіберетін. Шығарып салып тұрып: «Балам! Рабиғаның дәрісіне бар. Хадис және фикһ үйренуден әуел ұстазыңның мінез-құлқы мен әдебін үйрен», – деуші еді.

Имам Шафиғи анасы

Шафиғи жөргектегі нәресте шағында әкесі Идрис дүние салады. Анасы бала Мұхаммедті азамат етуді мұрат етті. Құндақтағы баланы Ғазза қаласынан Меккеге алып келді. Өйткені бала жырақта Ғаззада туған еді. Мұхаммед бин Идрис жеті жасында Құранды толық жаттап алды. Мұнан кейін ана тілінің қыр-сырын меңгеру үшін баласын дала арабтарына апарып тастайды. Ер жете келе атқа міну және жебе тартып, садақ атуды шебер меңгереді. Мұхаммед атқан жүз жебенің барлығын нысанаға дөп тигізетін құралайды көзіне атқан мерген болып шығады.

Анасы: «Бала аман болсын, не көрсе де жұртпен көрер», – деп немқұрайлы қарамады. Баланың жасына сай білім мен өнерді қатар үйретіп отырды. Нәтижеде, ұстазы имам Малик он бес жасар шәкірті Мұхаммед бин Идриске батасын беріп, пәтуа айтуға рұқсат етті. Анасы өте зерек және дінді жақсы білетін әйел еді. Тарихшылар бұл жөнінде мынадай дерек айтады: «Шафиғидің анасымен бір әйелді ер кісімен бірге сот ісіне куәгер ретінде қазі шақырады. Қазі екі әйелді бөлек-бөлек кіргізбекші болады. Сонда Шафиғидің анасы: «Сіздің мұныңыз жөн емес. Құран Кәрімде: **«...Сонда екі әйелдің бірі жаңылса, екіншісі есіне салады...»⁷⁹**» – деген, – дейді. Қазі да әйелдің сөзіне құлақ асқан екен.

⁷⁹ «Бақара» сүресі, 282-аят

Анасы баласын алдына тұрғызып: «Балам! Шыншыл боламын деп маған уәде бер», – дейді. Жас Шафиғи де өмірдегі ұстанатын жолы шындық болатынын айтып анасына уәде береді. Мұхаммед Шафиғи балалық шағы жайлы: «Анамның құшағында жетім өстім. Анамның ұстазға төлейтін қаражаты болмады. Ұстазым өзі жоқта балаларға бас-көз болып қарайласуыма келісіп, тегін дәріс берді. Құранды жеті жасымда толық жаттап алдым. Ал «Муаттаны⁸⁰» он жасымда жаттадым. Құранды толық жаттап шыққан соң мешітке келіп ғалымдардың дәрістеріне қатысып хадис немесе фикһтан мәселе үйрендім. Үйіміз ауылдың ең шетінде болатын. Сабақ жазатын

Қағазды сатып алатын ақшам болмады. Сондықтан сүйекке немесе жарамсыз Қағаздарға жазатынымын», – дейді. Бір күні дәрістен соң: «Анашым! Білім үшін бас июдi, мұғалім үшін әдепті болуды үйрендім», – дедім, – дейді имам Шафиғи.

⁸⁰ Муатта – имам Мәликтің хадис кітабы

М. Әуезов: «Әйел – бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді», – деген. Расымен де, әйел баласы қоғамның тәрбие көзі. Болашақ ананың мейірлі көзі мен ыстық алақанында. Сондықтан, тұлғаларды тәрбиелейтін болашақ ана болмысы мен тәрбиесіне мән бермейінше мұратқа жету неғайбыл. Жігіттің жақсысы нағашыдан деген сөздің төркіні де осында жатыр. Қыз текті болмайынша одан туған ұрпақ тектілігі жайлы әңгіме айту қиын.

Әйел теңдігі

Әйел бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді. Әйел ең әуелі ана. Пайғамбар да анадан туған. Ана жайында хадисте: «Бір кісі келіп: «Уа, Расулалла! Адамдардың ішінде менің жақсылығыма ең лайықты жан кім?» – деп сұрайды. Пайғамбар: «Анаң», – дейді. Ол: «Сосын кім?» – дейді. Пайғамбар: «Анаң», – дейді. Ол: «Сосын кім?» – дейді. Пайғамбар: «Анаң», – дейді. Ол: «Сосын кім?» – дейді. Пайғамбар: «Әкең»⁸¹, – деп жауап береді».

⁸¹ Бұхари мен Муслим

Сахаба Ибн Омар (Алла оған разы болсын) анасын арқалап қағбаны тауап етіп жүрген бір кісіге көзі түседі. Әлгі кісі: «Уа, Ибн Омар! Мен анамның алдындағы перзенттік ақымды өтей алдым ба?» – деп сұрай кетеді. Сонда саңлақ сахаба: «Жоқ, анаң сені жарық дүниеге әкелем деп бойын қысқан бір толғағының ақысын да өтей алмадың. Бірақ жақсылық жасаудасың, Алла аз жақсылыққа көп сауап береді», – деп жауап қайырған екен. Міне, анаңды Меккеге арқалап апарсаң да, ақысын өтей алмассың, деген сөз осыдан қалған болар. Мұсылман анасын ғұмыр бойы басына көтеріп өтуге дайын перзент.

Әйел ол біздің әпке-қарындасымыз және қызымыз. Анас (Алла оған разы болсын) риуаят еткен хадисте: «Кімде-кімнің екі қызы немесе екі әпке-қарындасы болып, қарамағынан кеткенше жақсы қарым-қатынаста болса, мен және ол адам екеуіміз жәннатта (сұқ және орта саусақтарын көрсетіп) бірге боламыз»⁸², – деген.

⁸² Тирмизи

Әсілінде, әйел теңсіздігі деген ұғым батыстан келген. Еркек пен әйел теңдігі деген сөз бар. Бұл адам болмысына қайшы негізсіз айтылған бос сөз. Ер кісі мен әйел заты барлық жағдайда және барлық нәрседе тең болуы мүмкін емес. Қалайша әйелдің әлсіз иығына ер азаматтың ауыр жүгін, міндетін арқалатып қоясың? Қалайша ер азаматқа лайық емес шаруаны істеуі керек дейсің? Екеуінің табиғатын ескермей теңдік болу керек деп ұрандату қисынсыз. Мұндай теңдік қошеметпен әйелдің нәзік иығына еркек

арқалайтын жүкті көтертуге ұқсайды. Бұл «Қамқорлық» әйелге жасалған қиянат. Әрине, екеуіне де ортақ теңдік бар. Пенделік құлшылықта, заң алдындағы құқықтары мен жауапкершілікте. Сонымен қатар, әдеп пен ахлақта, еңбекте және де басқа дүниелік және ақыреттік амалдарда құқықтары тең. Еркек-әйел деп бөліп жармайды.

Ал, басқа жағдайларда еркек пен әйелдің міндеттері екі бөлек болып келеді. Үйдің шаруасы әйелдің міндеті болса, түздің жұмысы ер кісінің мойнында. Бұл жаратылыс заңы. Мұнда ешбір кемсіту немесе құқығын шектеу жоқ. Осыған қатысты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

أَلَا كُلُّكُمْ رَاعٍ وَمَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ، فَالْإِمَامُ الْأَعْظَمُ الَّذِي عَلَى النَّاسِ رَاعٍ، وَهُوَ مَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ، وَالرَّجُلُ رَاعٍ عَلَى أَهْلِهِ وَهُوَ مَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ، وَالْمَرْأَةُ رَاعِيَةٌ عَلَى أَهْلِ بَيْتِ زَوْجِهَا وَوَلَدِهِ، وَهِيَ مَسْئُولَةٌ

«Әрбіріңіз бақташысыздар және қарамағыңыздағы адамдарға жауаптысыздар. Адамдар үстіндегі үлкен басшы да бақташы. Ол қол астындағыларға жауапты. Ер азамат отбасының бақташысы, ол бала-шағасына жауапты. Әйел күйеуінің шаңырағына және бала-шағасына бақташы және соған жауапты», деген.

Алла Тағала әйелзатын өзіндік ерекшелігімен жаратқан. Еркектің де өзіне тән, өзгеруге келмейтін болмысы бар. Осы болмыс көптеген орындарда екеуінің тең болмайтын тұстарын анықтап береді. Әйел ана. Оның құрсағына бала бітіп, нәрестені дүниеге әкеліп, омырауымен қоректендіріп өсіру мұның барлығы әйелдің қасиеті. Осындай ауыр міндетті арқалаған әйелді «сен де ер азаматпен теңсіз» деп қара жұмысқа салып қою қандай мәдениетке жатады. Әбу Һурайра (Алла оған разы болсын) риуаят еткен хадисте:

أَكْمَلُ الْمُؤْمِنِينَ إِيمَانًا أَحْسَنُهُمْ خُلُقًا، وَخَيْرُكُمْ خَيْرُكُمْ لِنِسَائِهِمْ

«Мұсылмандардың ең кәміл имандысы мінез-құлқы ең көркемі. Ең жақсыларың әйелдеріне ең жақсы болғаны⁸³», – делінген. Әзіреті

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) екі ауыз сөзбен әйел затының мұсылман қоғамындағы мәртебесін айшықтап беріп тұр. Хадисте ең жақсы мұсылман әйеліне жақсы мәміледе болған адам деп баға беріп тұр.

⁸³ Тирмизи, 1162

Әйел заты Ислам таңы атқан күннен бастап жақсы өмір сүріп келді. Теңдік деген жалған ұран әйел өмірінің шырқын бұзды. Ислам діні әйелге әсте зұлымдық етпеген. Құқығын аяқ асты қылмаған. Керісінше, Ислам діні әйелдің қорғаны, құрметтеуші және құқығын сақтаушы дін. Әйел Исламның өзіне ешқашан зұлымдық етпейтінін біледі. Әрі еркектердің де оған зұлымдық етуіне жол бермейтіндігін біледі. Нахыл сүресінде: **«Ер немесе Әйелден кім сенген бойда түзу іс істесе, Әлбетте оны жақсы тіршілікте жасатамыз. Әрі оларға істеген істерінен жақсырақ сыйлық береміз⁸⁴»,** – делінген.

⁸⁴ «Нахыл» сүресі, 97-аят

Қос имам Бұхари мен Муслим еңбектерінде Айша (Алла оған разы болсын) анамыз мынадай бір оқиғаны әңгімелейді: Құрайыш руы ұрлық жасап қойған бір махзуми руы әйелінің ісі жайлы ақылдасты. Олар: «Кім араша түсіп, Алла Елшісіне айтады», – деді. Біреулер: «Бұған тек, Алла Елшісінің жанындай жақсы көретін баласы Усама бин Зайдтың ғана батылы барады», – деді. Құрайыш Усамаға мән-жайды түсіндірді. Ол Алла Елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) барып махзум руының ұрлық жасаған әйеліне кешірім беруін сұрайды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Алла Тағаланың белгілеген жазасын кешуді сұрайсың ба?» – деп мұның мүмкін емес екендігін білдірді. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) олардың алдына шығып: «Расында сендерден алдыңғы үмбетті құртқан жайт: олар араларында қадірлі кісі ұрлық етсе жазасыз қалдыратын. Ал әлсізі ұрлық етсе жазалайтын. Уаллаһи, егер Мұхаммедтің қызы Фатима ұрлық жасаса да қолын кесемін⁸⁵», – деп жауап берген екен.

⁸⁵ Бұхари, Муслим

Әйел әлемі

Әйел – ана. Қазақ халқында әйел баласының бейнесі мейірімділік, адалдық және пәктік рәмізі іспетті. Біз әйелді ерекше құрметтейтін дана халықпыз. Бұл біздің салт-дәстүріміз бен асыл дінімізде көрініс тапқан. Құранда ата-анаға қамқор болу жайлы көптеген аяттар бар. Соның бірінде:

وَقَضَىٰ رَبُّكَ أَلَّا تَعْبُدُوا إِلَّا إِيَّاهُ وَبِالْوَالِدَيْنِ إِحْسَانًا إِمَّا يَبُلُغَنَّ عِنْدَكَ الْكِبَرَ أَحَدُهُمَا أَوْ كِلَاهُمَا فَلَا تَقُلْ لَهُمَا أَفٍّ وَلَا تَنْهَرْهُمَا وَقُلْ لَهُمَا قَوْلًا كَرِيمًا. وَاحْفَظْ لَهُمَا جَنَاحَ الذُّلِّ مِنَ الرَّحْمَةِ وَقُلْ رَبِّ ارْحَمْهُمَا كَمَا رَبَّيْتَنِي صَغِيرًا

«Раббың, Өзіне ғана ғибадат етулеріңді, Әке-шешеге жақсылық жасауларыңды Әмір етті. Ал егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарында кәрілік жетсе «тұһ» деме (кейіс білдірме). Сондай-ақ ол екеуіне зекіме де, ол екеуіне сыпайы сөз сөйле. Ол екеуіне бас иіп мейірімділік құшағын жай да: Раббым! Ол екеуі мені кішкентайда тәрбиелегендей Сен де оларды мәрхаметіңе бөлей гөр, – де⁸⁶», – деп ата-ананың дініміздегі ерекше мәртебесі баян етілген.

⁸⁶ «Исра» сүресі, 23-24 аяттар

Иә, әйел ең әуелі ана. Адам баласының бойына барлық жақсылық ана сүтімен дариы. Бауыржан Момышұлы: «Бесік жырын айтпайтын анадан қорқамын...» деуінің мәні де сонда. Себебі баланың ең бірінші ұстазы – ана. Балаға ананың ақ сүтімен һәм әлдиімен берілген асыл құндылықтар адам болмысын қалыптастырушы негізгі фактор екені даусыз. Жазушы Олжас Сүлейменовтың де бұл жайлы: «Түркілік қоғамда әйелдерге тең құқықтар берілген. Олар мемлекеттік істерге белсене араласқан. Тақтың мұрагерін ана тәрбиелеген», – деген сөзі ойымызды қуаттай түспек.

Қазақта: «Жақсы үй ағашынан, жақсы жігіт нағашыдан» деген нақыл бар. «Нағашы» деген сөздің астарында «қыздың шыққан тегі, алған тәрбиесі» деген мән-мағына жатыр. Ардақты пайғамбарымыз

Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) 4 жасында анасынан айырылған. Бірақ сүт анасы Халимаға үнемі Қамқорлығы мен жақсылығын аямай жасап келген. Сондықтан болар, пайғамбар да анадан туған деген аталы сөз қалған. Иә, біз анамызға Қаншалықты жақсылық жасасақ та ол аз.

Әйел – қарындасың. Әйел – бірге туған әпкеміз және қарындасымыз. Қала берсе, әр қазақтың қара көз қызы біздің қарындасымыз. Қазақ тәрбиесінде ер жігіт қарындасына жауапты деп көрсетіледі. Қарындасы да ағасының қамқорлығын сезініп, емін-еркін еркелеп өседі. Қарындасының тәрбиесіне мән беріп, оның иманды да ибалы болып бойжетуіне жауапкершілікпен қарайтын мұсылманға Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) зор сүйінші бар. Сахаба Әнас (Алла оған разы болсын) риуаят еткен хадисте: *«Кімде-кімнің екі қызы немесе екі әпке-қарындасы болып, оларға тұрмыс құрып кеткенше жақсы қарым-қатынаста болса, ол менімен жәннатта бірге болады деп (сұқ және орта саусақтарын көрсеткен)⁸⁷»,* – деген. Жәннатта Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жанында бірге болу үлкен мәртебе. Алайда ол үшін ауыр еңбек сіңіру керек емес пе? Үлкен сауапты іс қана сондай биік шыңға шығарады. Демек, қарындас тәрбиесі жеке адамның емес, тұтастай ұлттың тәрбиесіне ұласатындығын көрсетеді.

⁸⁷ Тирмизи

Әйел – өмірлік жарың. Хадисте мынадай риуаят бар: Адам (ғ.с.) жәннатта қалғып кеткенде, Алла Тағала оның қабырғасынан әйелді жаратады. Түрегеп қараса бас жағында біреу отыр екен, оған: «Сен кімсің?» – дейді. Ол: «Мен әйелмін», – дейді. Сонда періштелер: «Уа, Адам (ғ.с.)! Бұл әйелдің аты кім?» – деп сұрайды. Адам ата (ғ.с.): «Хауа», – деген жауап береді. Хауа – тірі жаннан жаратылған деген мағынаны білдіреді екен. Міне, сондықтан «әйел ер адамның қабырғасынан жаратылған» деп айтуымыздың түп төркіні осыдан екен.

Әйел – өзінің барлық өмірін бізге сыйлаған аяулы жан. Біздің қуанышымыз бен қайғымызға шынайы ортақ жан. Әйел – біздің өмірлік жарымыз. Қазақтың «қабырғаңмен кеңес» деген сөзі әйел тек Қазан-ошақтың төңірегінде жүретін адам емес, күйеуінің ақылшысы дегенді ұғындырады. Иә, қазақ әйелдері күйеуінің азаматтығына тимей, ерекше нәзіктілікпен кеңес беріп ақылына ақыл қосатын парасатты әйел. Бұл дінімізге жат емес. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) да жұбайымен ақылдасатын болған. Ал ең жақсы мұсылман әйелі мен балашағасына жақсылық жасаушы адам. Бұл жайлы сахаба Әбу Һурайра (Алла оған разы болсын) риуаят еткен хадисте:

أكمل المؤمنين إيمانًا أحسنُهم خُلُقًا، وخيارُكم خيارُكم لنسائهم

«Мұсылмандардың ең кәміл имандысы – мінез-құлқы ең көркемі. Ең жақсыларың – өз әйелдеріне ең жақсы болғаны⁸⁸», – делінген.

⁸⁸ Тирмизи

Әйел – ет бауырың қызың. Бауыр етің баладан тәтті не бар?! Қазақ баланың ішінде қызына айрықша мән береді. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Зейнеп, Руқайя, Үммі Кулсум және Фатима атты төрт қызы болған. Халқымыз қызына «Қыз Қонақ» деп еркелетіп бірақ еркіне жібермей өсіреді. Бұл сырт көзге қыз баласына тым қатал қарау, оның ой-өрісін шектеу сияқты көрінеді. Алайда қыздың нәзік табиғаты мен өзіне тән болмысын ескермей болмас. «Қызға 40 үйден тыйым» деген қағиданың сыры да осында. Сол тыйымдардың ішінде: жарыса сөйлеуге, жалғыз қыдыруға, бұраңдап қылымсуға, салт-дәстүрден аттауға, күйеуге қашып тиюге деген сияқты тыйымдар бар. Қыз әкешесінің шаңырағында төрде отырып бойжетсе де, келін болып босағадан аттағанда бір үйдің ұйытқысы бола алатындай тәрбиелі болады.

Қазақ келінін қызындай көріп «балам» деп бауырына басады. Сондықтан, келініне тік айтпай, тұспалдап «Қызым саған айтамын, келінім сен тыңда» деп тәрбиелейді. Қазақ тарихына үңіліп Төле

бидің келініне, ал бері қарай көз жіберіп Бауыржан Момышұлы атамыздың келіне зер салыңыздаршы. Қазақ халқы секілді өзінің бай салтымен, мән-мағыналы дәстүрімен мақтана алатын халық кемдекем. Бірақ «Қолда бар алтынның қадірі жоқ» дегендей, бағзы біреулер батыстың арзан мәдениетін ата-салтынан жоғары көріп жатады. Қазіргі таңда, өзіміздің қазақи тәрбиеге, түп тамырымызға оралу өзекті мәселе. Шаңырақ пен мектепте берілетін тәрбие салт-дәстүрімізден бастау алуы қажет-ақ.

Бақытты отбасы формуласы

Қазақта жеті ырыс деген ұғым бар. Соның ішінде: «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық», – дейді. Ақ жаулық – үйдегі әйел. Әйел – ердің жары, балалардың анасы. Халқымыз ежелден «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» деп, әйелді «Тіршілік иесі, адам өмірін жалғастырушы» деп қастерлеген. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

مَنْ رَزَقَهُ اللَّهُ امْرَأَةً صَالِحَةً فَقَدْ أَعَانَهُ عَلَى شَطْرِ فَلَيْتَ قُلَّ اللَّهُ فِي الشَّطْرِ
الباقى

«Алла кімге ізгі әйел нәсіп етсе, (дінінің) жартысына жәрдем еткені. Қалған жартысына сақ болып, Аллаға тақуалық етсін», – деген. Расында, ізгі әйел шаңырақтың берекесі ғана емес, сонымен бірге ер азаматтың иманының тең жартысын қорғаушысы. Хадисте: «Некелесіңдер (яғни үйленіңдер) көбейіңдер, мен қияметте өзге үмбеттерге сендерді мақтан етемін», – дегендей, өмірдегі ең жауапты кезең де осы ғұмырлық жар таңдау сәті. Хадисте: «Адам баласын бақытты ететін де үш дүние. Бақытсыз ететін де сол үш дүние. Ізгі әйел, жайлы үй және жақсы көлік адамның бақыты. Адамды бейбақ ететін: жаман әйел, жайсыз үй және жаман көлік», – деген. Бұл риуаят ер азаматтың бақыты жайлы.

Ал енді, бақытты отбасының құпиясы неде? Әр шаңырақтың өзіндік бақыт формуласы бар. Формуланың ең жақсысы қысқа да, нұсқа болғаны. Ендеше Пайғамбарымыз айтқан бақыт құпиясымен бөлісейін. Мұны Айша (Алла оған разы болсын) анамыз әңгімелейді: «Алла Елшісінен: «Әйел кімге көбірек борыштар?» – деп сұрадым. Пайғамбар: «Күйеуіне», – деп жауап берді. Сосын мен: «Ер адам ше, кімге көбірек борыштар? – деп сұрамын. Алла Елшісі: «Анасына», – деп жауап берді», – дейді».

Міне, отбасының тату-тәтті өмірінің сыры. Соңғы мәселе, ер адамға қойылатын талап. Ер азамат отбасына қамқор және мейірімді

екенінің көрсеткіші не? Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Муминдердің ең кәміл имандысы көркем мінездісі. Ал сендердің ең жақсыларың әйелдеріңе жақсы болғандарың», – деген. Ер кісі әйелін құрметтеп, қадір тұтуы оның жоғары көркем мінез иесі екендігін білдіреді.

Руслан Қамбар

ҮЙЛЕНБЕЙ ТҰРЫП ҮЙРЕН

Дизайнері:

Әйгерім Сартбаева

Мұқаба дизайны:

Азамат Нүсипбеков

Таралымы 3000 дана

«Samga Press» баспаханасында басылды